

Дәріс №2. Ойлау мәдениетінің пайда болуы

Оқыту әдістері/дәріс түрі: Ауызша баяндау, презентация, талқылау

Оқытудың техникалық құралдары, көрнекі құралдар: интерактивті тақта, сызба – кестелер, бейнефильм

Дәрістің оқыту нәтижелері

ПОН 4- қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің моральдық

ПОН 3-мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекше белгілерін түсіндіру; қазіргі әлемдегі адамның әлеуметтік және жеке болмысының құндылықтары ретіндегі негізгі дүниетанымдық концепциялардың рөлі мен маңызын негіздеу.

ұстанымын тұжырымдау және сауатты дәлелдеу; кәсіптік саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтауға және нәтижелерін талқылауға ұсынуға маңызы бар зерттеулер жүргізу.

Дәрістің мазмұны (жоспары)

1. Ежелгі Шығыс философиясының қалыптасуы.
2. Антика заманының философиясы.
3. Ортағасырлар философиясы.
4. Ренессанс және жаңа заман философиясы
5. XX ғ. философиясының негізгі бағыттары.
6. Қазақ философиясы.

Дәрістің тезистері;

1.Ежелгі Шығыс философиясының қалыптасуы.

Дәріс мазмұнының 1-бөлімі бойынша тезистер

Гректермен бірге көне тарихи тамыры бар шығыс мәдениеттері де философиялық ойдың бастау нүктелері болды. Бірақ ежелгі Қытай және ежелгі Үнді ілімдерінде философия көбінесе діни, мистикалық бағытта болды. Оларды адам өмірінің тереңдігі, оның негіздері, адам мінез-құлық принциптері қызықтырды, бірақ бұл мәселелер қалай болғанда да, құдайлармен, дао, ин және ян принциптерімен байланыста қаралды.

Біздің жыл санауымыздан үш мыңдай жыл бұрын Ежелгі Үнді жерінде қауымдық қоғам ыдырап, оның орнына құлдық қоғам қалыптаса бастады. Осыған орай ежелгі үнді қоғамы төрт варнаға (каста) бөлінді. Олар: *брахмандар* (абыздар), *кишатрийлер* (әскербасылар), *вайшьилер* (ауқатты шаруалар) және *шудралар* (құлдар). Әр варна тұйықталған әлеуметтік топ болды да, әрқайсысы қоғамда өзіне тиесілі орын алды және өздеріне ғана тән дәстүрлі қызметтері болды. Философия туралы пікірлер көне дәуірде туындаған және әр сақта таралған. Философиялық әңгімелер тарихтың терең түбірінен нәр алады, әр заманда өз жалғасы мен түйінін тапты. Тылсым дүние мен өмірге деген жалпы әуесқойлық барысында философиялық әңгімелер жалпылама сипат алды және ұдайы жаңарып отырды. Философиялық толғаныстар қашанда болмасын мәңгі, өзекті және өтімді деген қағидалар қамтыды.

Осы кезде қоғамдық өмірге әлеуметтік қатынастарға сай келетін мифологиялық, философиялық көзқарастар қалыптасты. Олар негізінен ежелгі үнді мәдениетінің ескерткіші – ведаларда (веда-білім) жинақталған. Ведалар төрт бөлімнен тұрады:

1.*Самхит* – құдайларға арналған гимндер жинағы.

2.*Брахман* – самхитті түсіндіретін әр түрлі мифологиялық әңгімелер.

3.*Араньяктар* (Орман кітабы) – брахманға тән ритуалдардың орнына, сол құдайларды іштей сыйлап-құрметтеу, олар туралы ойлап-толғану сияқты көзқарас.

4.*Упанишада* – дәстүрлі касталарды қарсы қоюдан гөрі, олардың арасындағы қайшылықты ең жоғары білім арқылы жоққа шығару болады деген идея уағыздалады.

Упанишадтың басты тезисі – Брахман – бар әлемнің генетикалық, түпнегіздік бастамасы және олардың соңы. Жалпы, білімділік Упанишадта өте жоғары бағаланады. Мысалы, тікелей құрбандық шалғаннан гөрі, құрбандық шалу туралы білім өте құндырақ. Нағыз брахман - өмір қиыншылығынан, үмітінен, қызғаншақтықтан арылып, тыныштық тауып,

алдамай ой кешкен, атманды түсініп, білген адам.

Ведалар негізінде қалыптасқан философиялық ілімдерге байланысты әр түрлі бағыттарға бөлінеді: жайнизм, буддизм, чарвака-локаяттар, санкхья және т.б.

Ежелгі Қытай мемлекеті – шын мәніндегі шығыстық деспотия болатын. Мемлекет басшысы – әрі патша, әрі абыз және жалғыз ғана жер иесі болды. Б.д.д. III ғасырдың аяғында пайда болған. Қытай – көне тарихтың, мәдениеттің, философияның елі мен жері. Мамандар Қытай өркениетінің басталуын Ся дәуіріне, яғни б.д.д. III-II мың жылдық уақытқа жатқызады. Ал оның күйреуін Хань империясының күйреуімен (б.д.д. 220ж) ұштастырады.

Б.д.д. XVIII-XII ғ.ғ. Шан-Инь мемлекетінде қола мәдениеті дамыды, қалалар қалыптасты, шаруашылықтың құлдық қоғамдық түрі жетілді. Қала мен өндіріс төңірегінде қауымдастықтың шоғырлануы негізінде екі жағдайда – шаруашылық пен әскери себептеріне орай дамыды.

Ежелгі Қытай философиясы кейінірек негізі алты философиялық бағытқа – мектептерге бөлінді. Олар: **конфуцийшілдық, моизм, заң мектебі (легистер), даосизм, тұрпайы философтар (натурфилософия) және атаулар мектебі.**

Конфуцийшілдық. Ежелгі Қытайда ғылымның да кейбір салалары пайда бола бастады. Мысалы: математика, астрономия, медицина. Осы ғылымдар саласындағы жетістіктер негізінде Ай мен Күннің тұтылу мезгілін анықтауға, астрономиялық құбылыстар мен жердегі құбылыстардың байланысын анықтап, күнтізбе, уақыт есептеу, және т.б. тәсілін ойлап табуға мүмкіндік туды. Бұл жағдай философиялық ілімдердің деңгейіне әсер етпей қойған жоқ.

Қытай идеологиясы мен саясатында екі бағыт айқындала бастады: консерваторлық (керітартпа) және прогресшілдік, бірі – мистикалық, екіншісі – атеистік бағыттар. Алғашқы материалистердің пікірінше, әрбір зат бес түрлі бастапқы элементтерден (металл, ағаш, от, су, жер) тұратын болса, керісінше идеалистердің пікірінше, табиғаттың жаратылуы, дамуы «даоға» байланысты деп атады.

2. Антика заманының философиясы.

Дәріс мазмұнының 2-бөлімі бойынша тезистер

«Antiquus» деген латин сөзі “ежелгі” деген мағына береді. Антикалық философия дегенде ежелгі Қытай, Үнді философиясы емес, тек ежелгі Рим және Грек философиясын айтады. Антикалық философия б.з.д. VIII ғ. соңында VI ғ. басында пайда болып, б.з. V ғ. өмір сүрді, құл иленушілік қоғамдағы спецификалық жағдайдағы философиялық дәстүр пайда болды.

Ежелгі гректер философияны данышпандық ойлармен байланыстырды. Әлемнің қайнар көзі мен негізі туралы білімді данышпандық деп атады, осыған сәйкес өткеннің, қазіргі және келешектің мәнін аңғару мәселесі қойылды. Бүкіл ғарыштың табиғаттың мәнін түсінуге ұмтылу, ежелгі грек философиясына тән болды. Бұл әрекетті мифология атқарды, ол сенімге сүйенген табиғаттың діні болды. Сондықтан мифология мен философияның арасында маңызды айырмашылық көрінеді: миф барлық тіршіліктің қалай туғанын әңгімелейді, ал философия: “Ол неден пайда болды?”- деп сұрады. Өртүрлі дәуірдің философтары антикалық философиядан шығармашылық шабыт, рухтану көзін тапты. Гректер «философия» терминін енгізді, ал адам онда рухани белсендік типінің ерекшелігін анықтады.

Антикалық философия төмендегі кезендерге бөлінеді:

Көне грек философиясы немесе *архаизм* (көне, ескі, атам заманғы) б.з.д. VI-V ғ басындағы кез. Бұл кезеңдегі негізгі мектептер: Милет мектебі (Фалес, Анаксимандр, Анаксимен); Пифагор және пифагоршылар; Элеаттар (Парменид, Зенон); атомшылар (Левкипп, Демокрит). Бұл мектептерден тыс тұрған философтар - Гераклит, Эмпедокл және Анаксагор.

Классикалық кезеңнің негізгі мектебі - софистер (Горгий, Гиппий, Протогор, т.б.). Алдымен бұларға қосылған, кейін оларды сынаған Сократ, Платон, оның мектеп академиясы, Аристотель және лицей мектебі.

Эллиндік кез (б.з.д. IV – б.з. V ғ.). Бұл кезеңнің негізгі мектебі: Эпикур мен Эпикуршілер (Луcreций Кар), Стоиктер (Зенон, Луций Анней Сенека, Марк Аврелий); скептиктер (Пиррон, Секст Эмпирик); киниктер (Антисфен, Диоген Синопский); неоплатонизм (Плотин, Прокл, Янвлих).

Антикалық философияның (даму кезеңіне тәуелсіз) негізгі сипаты - ғарыштық логоцентризм. Логос – ежелгі философияның орталық ұғымы. Гректер ғарышты тәртіпке салынған және антикалық адамды да тәртіпке салынған әрі үйлесімді жүйелер деп көрсетеді. Адам бойындағы зұлымдық пен шалалық нақты білімнің жеткіліксіздігі ретінде түсіндіріледі және оны философия көмегімен толықтыруға болатынына сенеді.

Көне грек философиясының негізгі тақырыбы - *ғарыш, физика*. Алғашқы грек философтарын - физиктер, ал философияны - натурфилософия деп атады. Осы кезеңде әлемнің бастамасы жөніндегі мәселе қалыптасты. Элеаттардың философиясы бірте-бірте натурфилософиялық мотивтерден айырыла бастады. Енді болмыс, оның құрылымы, ойлаудың басты тақырыбы болып қалды. Ертедегі антикалық философияның орталық мәселесі онтология болып, алғашқы ғылыми (мифологиялық емес) дүниеге көзқарастың жиынтығы жасалды.

Көне грекияның атақты философы Фалестің пікірінше, барлық тіршіліктің негізі – су. Ол буға айналады, бу ауаны құрайды, қарама-қарсы бағытта оларда өзгеріс жүреді, жер тіпті тас та осының нәтижесі. Әртүрлі, әр алуан әлемнің сапалық жағдайының мәні және байланысының айрмашылығы, осыдан алғашқы орынға шығады.

Фалес құдайды жоққа шығарады, бірақ әлемді түсіндіруде құдайға жүгінеді. Оны сол кездегі ең батыл, таңқалдыратын тірлік иесі деді. Фалес: Тіршілік мәннің ең ежелгісі – Құдай, өйткені ол тумаған. Бәрінен де әдемі - әлем, өйткені оны құдай жасаған. Бәрінен де данышпан уақыт, өйткені ол бәрін шешеді, - дейді. Дүниедегі қиын не? – «Өзіңді тану». Ең оңайы не? - «Басқа біреуге кеңес беру». Бақытсыздықтан қай кезде құтыласыз? – «Жауыңа сенен де қиын болғанда»¹.

Анаксимандр алуан түрлі табиғаттың негізінде әлдебір белгісіз және шексіз материя жатады деп ойлады, оны апейрон деп атады. Міне, осы түсінік дүниенің материалдық субстанциясын оның тереңірек қарағанын көрсетеді.

Анаксимен – материалист . Оның ілімінше барлық нәрсе бастапқы материядан – ауадан пайда болады және қайтадан соған айналады. Ауа қозғалыста, шексіз, мәңгілік зат.

Ертедегі грек материалистерінің өзіне тән өзгешелігі мен ең маңызды табысы стихиялық диалектика болды. **Оны Гераклит** дамытты. Эфестен шыққан Гераклит (б.з.д. 540-460 ж) шындық дүниенің өзгеріп отыратыны жайында аса ұлы пікір айтты: «Дүние дегенің – аққан су», табиғаттың түп негізі – от, ол әрдайым өзгереді. Ол қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңын ұсынды. Бұл заң диалектиканың негізгі заңы: суық жылыға, жылы – суыққа айналады, дымқыл зат құрғайды, құрғақ нәрсе – дымқылданады. Бұлар осы қарама-қарсылар күресінің нәтижесі. Барлық әлем әр уақытта ұдайы қозғалыста және өзгерісте болады. Бір өзенге екі рет түсе алмайсың, қайтара түскенде онда жаңарған су болады. Қоршаған ортаның салыстырмалығын мойындаған: «Теңіз суы адам үшін - кір, балық үшін – таза». Адам әр жағдайда әртүрлі жақсы да, жаман да амал жасайды. Табиғаттағы осындай қарама-қарсы және мәңгі болып тұратын байланысты ол жалпыға бірдей «логос» заңдылығы деп атады. Демек, «логос» - әлемдік ақыл-ой. Қоршаған ортаны сезім арқылы тану дұрыс деп есептеді.

Пифагор (б.з.д.584-500 ж) ежелгі грек философы әрі математигі. Бірінші бастама, тіршіліктің негізі - сан деп есептеген. Барлық қоршаған шындықты таңбалап санға теңеді. «Санның арқасында өлшеуге және тануға да болады», - дейді. Категорияларды бөліп көрсету арқылы әлемнің бірлігінің диалектикасын (тақ пен жұп, жарық пен қараңғы, тура мен қисық, оң мен сол, әйел мен еркек, т.б.) көрсетті. Бірлік барлық өте ұқсастықтың бөлігі, ол иррационалдық сандар туралы ғылымның негізін қалады, математиканың дамуына елеулі үлес қосты. Оңтүстік Италияда Пифагор одақ құрып сан мистикасы, сфералардың

ғарыштық гармониясы ілімдерін таратты. Ол жанның өлмей көшетініне сенді, бұл кейін неоплатонизмде қайтып жаңғыртылды.

Элеаттар – Элей философия мектебі б.з.д. VI–V ғғ – ежелгі Элейде, қазіргі Италия территориясында өмір сүрді. Өкілдері: Парменид, Зенон Элейский, Мелисс Самосский.

Элейден шыққан ойшылардың жаңалығы мынада: космологияны онтологияға (болмыс теориясына) өзгерту, өзіндік философиялық категорияларды ойлап табу («болмыс», «биболмыс», «ойлау»), диалектикалық тәсілді енгізу мен пайдалану арқылы философияда дәлелдеудің қажеттілігін және оның тәсілдерін қолдануды (абсурдқа әкелу принципі) мойындау.

Парменид – бірінші болып «болмыс» түсінігін еңгізді. Оның пікірінше дүниеде тек бір ғана болмыс бар. «Болмыс бар, биболмыс – жоқ». Биболмысты тану немесе ол туралы пікір айту мүмкін емес. Сондықтан, әлем болмыспен тығыз және үздіксіз толтырылған. Сезімдік қабылдау нағыз білімді бермейді. Тек философиялық ақыл-ойға салу арқылы ақиқатқа жетуге болады. Элеаттар тану мәселелерінде, сезімдік таным («докса» – пікір) және идеалдың жоғарғы рухани таным деп қатал түрде бөледі. Бұл монизмді жақтаушылар – көпшілік құбылысты бірлік бастамадан шығарады. Барлық материалдық тіршіліктің көрнісі - идея екенін айтып, олар идеализмнің алғашқы хабаршысы болды.

Егер Парменид философиялық тезистерді дәлелдесе, оның ізбасары Зенонның дәлелдеу әдісі – жағымсыз жағдайды дәлелдеу. Парменидтің “Қайшылық заңына” ол “Үшіншіні жоққа шығару” заңын қосты. Зенонның “Ахилес”, “Дихотомия”, “Жебе”, “Стадион” т.б. апориялары философия ұрпақтары мен көпшілік үшін алынбас қамал болды. Зенонның апориялары өзіндік заңдылықтың күш-қуатын бекітетін тәжірибе деректеріне күмән келтіретін, логос позициясын күшейтуге бағытталған. Зенонды Аристотель «диалектиканың атасы» деп атады (қарсылас пікірін теріске шығаратын диалогты пайдалануға байланысты).

Эмпедокл (б.з.д. 490-430 ж .ж.) Агригент қаласы Сицилия аралында өмір сүрді. Материалистік бағытты ұстады. Дүниенің бастауы –төрт элемент немесе стихия: жер, су, ауа, от және оларды қосатын әрі ажырататын екі қарама-қарсы күштерден тұрады деді.

Негізгі еңбектері: «Табиғат туралы», «Тазару».

Анаксагор (шамамен б.з.д.500-428ж. ж.) - Афинаның алғашқы философы. Өзінің гомеометрия туралы ілімімен белгілі болған. Гомеометрия («заттардың ұрықтары») мен Нус (ақыл) әртүрлі мөлшерде арласып барлық заттар мен құбылыстардың сапасының алуан түрлігін құрап, бір жөнге (тәртіпке) келу арқылы айқындалады. Оның «бәріне - бәрі» деген тезисі гомеометрияның барлық әлем дүниесінде белгілі дәрежеге ие болуын көрсетеді.

Ежелгі Грециядағы материалистік бағыт кейінгі кезеңде Демокриттің (б.з.д. 460-370 жылдар шамасы) философиясынан толығырақ көрінді. Демокриттің көзқарасы бойынша, нақты дүниені, негізгі кеңістікті толтырып тұратын атомдар. Олар табиғаттың бөлінбейтін және мәңгі өмір сүретін ең кіші бөлшектері. Олар сапа жағынан емес, саны, түрі, формасы, реті, тәртібі немесе орналасуы және көлемі жағынан бір-бірінен өзгеше келеді. Осыған байланысты денелер белгілі бір сапаға, қасиетке ие болады, жылы не суық, ауыр не жеңіл, қатты не жұмсақ болып келеді. Атомдар мәңгі қозғалыста болады да, бір-бірімен соқтығысып шағысып жатады. Бәрі де үнемі өзгеру үстінде болады, бәрі де заңды түрде және қажетіне қарай өтеді. Демокрит табиғат пен қоғам құбылыстарын детерминизм (барлық заттар мен құбылыстардың заңды, себепті-шартты байланысы туралы ілім) принципі негізінде дәлелдейді.

Классикалық кезең. (Б.з.д. V ғ.). Классикалық кезең тақырыбы – адамның мәні, оны танудың ерекшелігі, философиялық білімнің синтезі, эмбебабтық философияны құру. Атап айтқанда осы кезде таза идеялық, теориялық философия қалыптасты және оның білімінің түрі басқаларға қарағанда алғашқы болды. Теориялық философия қағидасының негізінде құрылған классикалық кезеңнің негізгі проблемалары: онтология, антропология, гносеология.

Сократ (б.з.д. 469-339 жж.) туралы Аристотель мен Платонның айтуы бойынша білеміз. Сократ әлем құрлымын, заттардың (физикалық) табиғатын танып білуге болмайды,

тек өзімізді ғана білуіміз мүмкін дейді. Мұны “өзіңді танып біл” формуласы түрінде өрнектеді. Білім дегеніміз - ой, жалпы туралы ұғым. Ұғым - анықтау арқылы айқындалып, индукция арқылы жалпыланады.

Сократтың басты мақсаты – жастарды өз философиясы арқылы тәртіпті өмір сүруге баулу. Көбінесе пікір таласы және өз айтыстарымен шұғылданған. “Менің білетінім – еш нәрсе білмейтінім” – дейді ол. Сократ этика саласында өнегелікті ақиқат және даналықпен теңестірді. Тек ақылды адам ғана өнегелі, себебі ол ізгіліктің, жақсы мен жаманның не екенін біледі. Әсіресе Сократ үш ізгілікті бағалайды: сабырлылық - сабырлы адам құмарлықты қалай басуды біледі; батылдық - батыл адам қиындықты қалай жеңуді біледі; әділеттілік - әділ адам адамдық пен құдайлық заңдарды қалай ұстауды біледі. Сократтың ойынша даналық тек қана “мейірбан адамдарға” ғана тән.

Платон (б.з.д. 428-347 ж.ж). Ежелгі Грецияның ұлы ойшылы. Объективтік идеализмнің негізін қалаушы, әрі Сократтың шәкірті.

Объективтік идеализм бойынша болмыстың мазмұнын идеялар, рухани мәндер жасайды. Олар мәңгілік нәрселер, “сезімдік заттар” дүниесі дегеніміз - идеялардың көмескі бейнелері. Заттар мәңгі өмір сүрмейді, сағым сияқты жоғалып кетеді. Олар тек мәңгі өмір сүретін және өзгермейтін ұғымдардың көлеңкесі ғана болады.

Платон философиясында таза ақыл ойдың пайдасы үшін сезімді жоққа шығару бар, алғашқысы тек парасатта қамтылады. Дүниенің бастауы - идея немесе эйдостар, олар заттардың бейнесі болып келеді. Платонның кезінде «идея» сөзі күнделікті тілде «сыртқы кейіпі, көрінісі, сапа, бейне, түр» дегенді білдірді. Платон идеялары шын мәнісінде адамның басынан бөлініп шыққан және идеялар дүниесінде дербес өмір сүретін объективтендірілген ұғымдар. Әрбір заттың өзіндік нұсқасы (эталоны) бар, ол соған сәйкестелініп жасалады. Мысалы, үстел идеясы нақты үстелді тұдырады. Бірақ затпенен оның бейнесі арасында принципті айырмашылығы бар. Нақты зат шектелген, ол идея (эйдос) – мәңгі бұзылмайды. Осындай нұсқа (эталон) ретінде этикалық принциптер- игілік, жақсылық, сұлулық және әділеттік болып саналады.

Сұлулық идеясы барлық заттарға сұлулықты береді, басқаша айтқанда ол нұсқа (эталон) немесе гректер көп қолданатын парадигма.

Идея қай жерде орналасқан? Осыған байланысты үш негізгі жауаптың болуы мүмкін:

- идея физикалық заттарда бар;
- идея адам ақылының туындысы, яғни ол адам санасында орналасқан;
- идея заттарда да, адам ақылында да емес, үшінші бір дүниеде орналасқан деп, ол оны Гиперуранций (тура мағынасында аспанның арғы жағында) деп атайды.

Платонның ұлылығы: ол өз ілімін өткендегі философияның барлық материалына сүйеніп жасады. Платон осы дүниеде «бәрі ағады және өзгереді» деп, Гераклитпен келіседі, бірақ идея дүниесі өзгермейді. Платон өз әрекетін Сократтың: «адамды жақсы ететін – игілік» - деген сеніміне негіздеп отырды. Жеке адам игілігі ме, жоқ әлде ұлт, тап, немесе идея ретіндегі игілік жоғарғы ма? Сократтың жалпы адамзаттық мәніндегі игілік туралы түсінігінен шығып, Платон игілік идеясы ең жоғарғы дәрежеде тұратын «идеялар әлемін» жасады. Осы тұрғыда Платон шын мәнісінде Сократ ілімін жалғастырушысы болды.

Гераклит пен Сократтан басқа, Демокриттің: «барлық зат ең кіші бөлінбейтін бөлшек атомнан тұрады» - деген көзқарасын (Демокрит атомды «идея» сөзімен белгілеген), Пифагордың барлық зат негізінде сан жатыр деген, Анаксагордың гомеометрия «заттардың ұрықтары») туралы ілімдерін пайдаланып, ежелгі Грек философиясын терең әрі жан-жақты талдап біріктірді.

Платон Демокриттің өлшемі, тек ауырлығы бар және ақылда ғана берілетін идея-атом түсінігінің қайшылығын жойды. Ол идеяны сезімдік қасиеттерден арылтты, ал сезімдік дүниені, мәңгі қалыптасу жолында болғандықтан, шынайы болмысы жоқ деп мойындады.

Платонға «идеялар әлемінің» қажеті мынада: біріншіден, «бәрі ағады және бәрі өзгереді» яғни, дүниедегі заттарды тану мүмкіндігін негіздеу үшін; екіншіден, Сократтың барлық адамдар бір ойға келеді деген сенімін түсіндіру үшін – идеялар шын мәнісінде бәріміз үшін бірдей, яғни бір аймақта орналасқан, адамдар оларды содан алады; үшіншіден,

оның ілімі сезімнен жоғарғы идеялық,, дүниеге көкейтесті талпынысымен (платоникалық махаббат) және шындықта мүмкіндігінше идеялық толық бейнесін жасау ұмтылысымен сипатталады.

Платонның ойынша нағыз шын білім - сезімнен тыс мәңгілік идеялар әлемі туралы білім. Оны табудың жолы - адамның мәңгілік жанының өлетін денеге кірмей тұрғандағы идеялар дүниесіндегі «Өмірін еске түсіруі». Жалпы ұғымдардың жаратылысын зерттей отырып, ол сезім арқылы таныпбілудің, бақылаудың, тәжірибенің рөлін кемсітуге тырысты, олар бізге ақиқатты бере алмайды деп мәлімдеді. Сонымен, танымның нақты процесі Платонда бұрмаланған түрде болып шықты. Бірақ «идеялардың» бағыныштылық байланысын, бір-біріне өтіп отыруын зерттеп ол диалектиканы, ғылыми теорияны дамытуға өте үлкен үлес қосты.

Платон болмыс деп идеяны, ал материяны биболмыс деп, диалектик ретінде ешқандай абсолют қарама-қарсылықсыз толық болмайтынын көрсетеді. Сондықтан, болмыс биболмыспен толтырылады. Осылайша “идея әлемі” және “заттар әлемі” қарама-қарсы қойылады.

Платон “Тимей” диалогында ғарыш теориясын дамытты. Физикалық әлем немесе сезіммен қабылданатын ғарыш әлемі мынандай кестеде беріледі: үлгі (идеялар әлемі), көшірме (физикалық әлем) және Жаратушы (Демиург). Ғарышты Демиург жасайды. Ол-үлгіге сәйкес көшірменің авторы. Демиург әлемдік жанды жасайды, ғарышқа тіршіліктің ерекше-нысанын береді. Ғарыш құрылымында құдіретті ақыл-ойды, әлемдік жан мен әлемдік денені қамтитын тірі, жарасымды дүние ретінде көрінеді.

Платон әлеуметтік философия саласында мінсіз мемлекет ілімімен белгілі. Бұл мемлекетте азаматтарды үшке бөледі: билеуші философтар, жауынгер әскерлер және қолөнершілер. Мемлекет дәрежесінің биіктігі - оны данышпандар билегенде көрінеді, әскерлер оны қорғайды, ал басқалары материалдық игілікті жасаумен шұғылдануы керек. Мемлекеттің негізінде - әділдік жатыр. Әділдік дегеніміз - әрбір адамның заңды түрде өз міндетін тыңғылықты орындауы

Платон ашқан алғашқы философия мектебі мың жылдай өмір сүрді. Оны Академия деп атады. Оның негізгі еңбектері: “Мемлекет”, “Теэтет”, “Федон”, «Протогор», «Пир», «Софист», т.б.

Аристотель (б.з.д. 384–322 жж.) Стагирда туған. Афинада «Лицей» (перипатетикалық) мектебін (б.д.д. 335-322ж) ашты, ол бір мезгілде оқу мекемесі әрі ғылыми одақ болды. Аристотельдің шығармашылығы жан-жақты. Ол табиғаттану ғылымы мен, поэтикамен, мемлекет құру мәселелерімен айналысты, логика мен психологияның негізін жасады. Платонның шәкірті, кейіннен оның идея туралы теориясын сыни тұрғыдан қайта пайымдаған. Оның қарсылығы мынада: идеялар ақылдан тыс тәуелсіз өмір сүре алмайды. Аристотель өткен философия тарихының дамуын жинақтап, философиялық білімді жүйеледі.

Аристотельдің философияға кіргізген жаңалықтары: дұрыс ойлау заңдары мен түрлері туралы формальды логиканы жасауы. Ғылыми білім жалпыны оқу, яғни сезіммен қабылдаудан емес, оймен дәлелдеуден басталады деп, дәлелдеу туралы ілімді еңгізді. Ол білім деректерін жинап қорытындылаудан, индукциядан дедукцияға өтуден туатынын көрсетті.

Барлық ғылымды мына топтарға бөлді: теориялық, практикалық және шығармашылық. Теориялық ғылымдарда таным тек танымның өзі үшін жүргізіледі, оған «алғашқы философия» (метафизика), математика, физика жатады. «Алғашқы философия» болмыс мәселелерін, барлық өмір сүрудің пайда болуын, әртүрлі құбылыстырдың себептерін анықтайды. Математика – реалдық заттардың абстракті қасиеттерін зеттейді.

Практикалық этика ғылымы - адамның тәртібі, саясат - мемлекет құрылымына арналған басқарушы идеяларды береді.

Шығармашылық ғылымдар жаңашыл іс-әрекеттермен байланысты: поэтика – өлең шығару теориясы, риторика – шешендік өнер және мамандық өнер теориясы. Мұнда танымнан пайда табу және сұлулықты жасау мақсаты жүргізіледі.

Аристотель өзінің таным туралы ілімінде Платонның генетика тұрғысында заттардан бұрын туатын «мәңгі идея» концепсиясына үзілді-кесілді қарсы шықты. Танымның реалды жолы түйсіктен (сезінуден) басталады, одан кейін есте сақтаумен күшейтілген елестету, тәжірибе, өнер мен ғылым жүреді. Ғылыми таным (эпистема), Аристотель түсінігінше, таным процесінің шыңы болып есептеледі.

Материалистік және идеалистік көзқарастардың қақтығысы, оның себептілік концепциясында да көрінеді. Ол себептіліктің төрт негізгі түрлерін ажыратады: *материалдық, формальдік, белсенді және соңғы* (мақсаттылық). Материалдық себеп — ең алғашқы сипатында берілген, осы ретте ол потенциалды (мүмкіндігі бар) себепке ұқсас. Формальдық себеп—материядан «ақиқат реалдықты» жасайтын белсенді принцип «түрмен» байланысты. Белсенді себеп қозғалыстың бастауы және мүмкіндіктің шындыққа өту процесімен де байланысты. Жоғарғы деңгейге ол мақсаттылық (соңғы) себепті қояды, ол қозғалыстың мақсаты мен мәнін түсіндіреді. Өмір сүруді түсіну және түсіндіру үшін барлық себеп түрлерін тану керек. Бірақ олардың маңызы бірдей емес. Формальдық себептер түсінігі, материалдық себепті танудан қажеттірек — мұндай қорытынды Аристотельдің пассивті материя және белсенді форма ілімінен шығады. Мақсаттылық (соңғы) себепке берілген орын — оның теологияға ауысуы. Бұл дамудың аяқталу, мақсаттың орындалуының тану мүмкіндігін көрсетеді, оны Аристотель энтелехия ұғымымен белгілейді.

Болмыс іліміне Аристотельдің қосқан маңызды идеясы: нақты болмысты форма, бейне арқылы тануға болады және осылайша ол адамға көрінеді әрі қалыптасады. Аристотель Платонның жан өлмейді идеясына қарсы болды және барлық табиғаттың (материалдық дүниенің) жаны бар дегенді жоққа шығарды. Ол жан тек тірі дүниеге тән деп санады.

«Өсімдік жаны» — өсу, тамақтану және өну себептеріне жауап береді, «сезімдік (жануар) жан» тамақтану, өну, сезіну және қажет ету қызметтеріне жауапты, «ақылды (адам) жан» аталған қызметтерге қоса таным және ойлану қызметтерін орындайды. Жанның тәнге қатынасы—орманың материяға қатынасына сәйкес келеді» — деді, ол.

Аристотель «Категориялар» трактатында алғашқы болып философияның категориялық аппаратын жүйеге келтірді. Олардың өзара байланысын, диалектикалық қатынасын табуға ұмтылды. Мұнда ол мән, сапа, сан, қатынас, орын, уақыт, келпі, иемдену, әрекет, күйзелу категорияларын зерттейді. Негізгі логикалық заңдарды құрастырды: қарсылыққа түспеу, тепе-теңділік, үшінші ойдан қашу». Қозғалыстың әртүрлі алты сапалық сипатын көрсетті: 1) пайда болу; 2) жоғалу; 3) бір күйден екінші күйге ауысу; 4) үлкею; 5) кішірею; 6) орнын ауыстыру. Сөйтіп, қозғалыстың мазмұнын зерттеуде алға қадам жасалды. Алғашқы болып категориялар (жалпы ұғымдар) жүйесін жасады. Ол енді Коперникке дейін үстем болған геоцентристік ілімді жасады.

Негізгі еңбектері: «Жан туралы», «Физика», «Метафизика», «Категориялар».

Эллиндік дәуір (б.з.д. IV ғ аяғы — б.з. V ғ.) ең ұзақ уақытты алып жатыр. Эллиндік деп атауға сол кездегі ең кең аймаққа тараған (Жерорта Теңізі, Таяу Шығыс, Солтүстік Африка), басқалармен салыстырғанда өте жоғары саналатын грек мәдениетінің элементтері, Рим жаулаған тайпалар мен халықтардың тұрмысына және әдет-ғұрпына белсенді түрде ене бастауы. Римнің өзі де эллиндікке айнала бастады. Оның себебі, грек пен латын мифологиясы мен дінінің ұқсастығы зор еді. Жаңа эллиндік дүниеде жүздеген алуан түрлі тайпалар мен халықтардың дәстүрі, діні, наным, табыну салты, көптеген тілдер араласып кетті, осының салдарынан ежелгі грек тәртібі өзінің ерекшелігін жоғалтып, көлеңкеде қалды.

Бұл кезеңнің негізгі тақырыбы - ырық, бостандық, мораль және сүйіспеншілік; бақыт және өмірдің мәні, ғарыштың құрылымы, адам мен әлемнің мистикалық әрекеттестік өзара қатынасы болды. Эллинизм негізінде аксиология мен праксеология мәселелерін қарастырады, ал философияның орталық мәселесі — этика болды. Философияның мақсаты — көбіне дұрыс әрекет арқылы бақытқа жетуі болып түсінілді. Адамдардың араласуы, өзінің кім екенін және әлемдегі орнының бар екенін білуді қажет етті. Этикалық мәселелер сондықтан, табиғат ілімімен байланысты талданылады.

Эллинизм дәуірінде философиялық ойлар негізінде көп мектептер мен бағыттар пайда болды. Олар:

Эпикуризм (Эпикур, Лукреций Кар);

Стоицизм (Зенон Стоик, Сенека, Марк Аврелий);

Скептицизм (Пиррон, Секст Эмпирик);

Кинизм (Диоген Синопский, Антисфен, Кратет);

Неоплатонизм (Плотин, Профирий, Ямвлик, Прокл);

Эпикуризмнің негізін салушы — Эпикур (б.з.д 341-270 жж.) аса көрнекті философ-материалист, Демокриттің атом теориясын жасаудағы ізбасары бола тұрып, оны толық мойындамады. Эпикуризмнің ең ірі өкілі — Тит Лукреций Кар (б.з.д. 99-55 жж.), римдік философ, әрі ақын, “Заттардың табиғаты туралы” поэманың авторы. Онда ол атомизм идеясын насихаттап, эпикуризмді эллиндік дәуірдің атомизмі ретінде сипаттады.

Эпикур б.з.д. 306 ж. Афинде “Эпикур бақшасы” деген атпен белгілі мектеп ашты. Оның философиясы сол кездегі философияның барлық бөлігін қамтыды. Оның ұраны: “Көзге көрінбей өмір сүр” болды. Онтологияда атом туралы ілімді ары қарай дамытты. Атомның саны шексіз, ал олардың түрінің саны шекті, дегенмен көз жетпес болады. Атом тек түрімен, көлемімен, орнымен ғана емес, салмағымен де өзгеше болады. Төмен әртүрлі жылдамдықпен құлдырап, бір-біріне соғысып, түзу жолдан ауытқиды. Содан өмірге жаңа заттар келеді деп, ол Демокриттің қатаң детерминистік (себептік) ілімінен, тағдырға мойынсұнудан құтылады. Дүниеде өмір сүретін заттар пайда болады және қирайды, бірақ атомдар мәңгі, әрі өзгермейді.

Эпикур таным туралы ілімінде сенсуалистік көзқараста болды. Ол сенсуалистік көзқарасқа, сондай-ақ дәйікті атеизмге сүйене отырып, өзінің этикасын жасады. Оның аты этика ілімін жасаумен шықты. Оның ойынша философияның мақсаты — адам бақыты. Адамның мінез-құлқы жөніндегі қағидалар, оның өмірден ләззат алуға деген табиғи шабытының негізі болуға тиіс. Бұл рухтың тәуелсіздігі мен тыныштығын қажет етеді, өлім қорқынышы мен құдайдың күшін жеңудің шарты. Таным процесінде адам қорқыныштан құтылып ләззатқа, бақытқа жетеді. Философияның мәні — табиғатты, қоғамды адам дүниедегі заңдылықты ақыл арқылы түсіну. Ақылға сай өмір сүру дегеніміз — әдептілік пен әділдік. Басты мәселе, қайғыдан құтылу. Дене ләззатына шексіз берілу, ауру мен азапқа алып келеді. Өмірдің мақсаты — рухтың алаңсыздығы, дененің саулығы, сондықтан рахатқа бату бірқалыпты болу керек. Әлемді ақылмен тану – бақыт көзі, оның басты мәселесі – адам өзін, өзінің жанын белгілі бір принциптермен қайта құруы.

Стоицизм - өте ұзақ тарихы бар антикалық мектеп. Бұл мектептің негізін Зенон Китион салды. Алғашқы кезде Зенон өзінің мектебі үшін портик (үй алдына тіреумен көтеріп қойған, қабырғасыз төбелі қалқа - гр. стоя) жалдап, Афинде жақтастарын жинады. Стоиктердің арасында Рим қоғамының әртүрлі тобының өкілдері болды. Рим стоицизмінің ең көрнекті ойшылары: Луций Анней Сенека және Марк Аврелий. Сенеканың көптеген еңбектері ұзақ сақталған. Оның “Нравственные письма к Луцилию” және император Марк Аврелийдің “Наедине с собой” шығармалары бізге белгілі.

Сенека, император Неронның тәрбиешісі. Ол адамгершілікті насихаттайды. Қоғамдық өмірде қайыспауды, тек өзінің рухани күйіне көңіл аударуға шақырады. Өмір сүрудің мәні — тыныштық пен пайымдау арқылы пайда болатынын көрсетеді. Адамзаттың дамуының шексіз мүмкіндігіне сенеді. Ол мәдениет пен техниканың даму барысын болжай білді. Алдымен ізгілікті, діни көзқарастарды паш етіп, адамның осалдықтарына ілтипатпен және төзімділікпен қарауға шақырды. Стоиктердің идеалы: адамның өмірі және ішкі жан-күйі сыртқы жағдайларға байланысты болмауы керек, яғни тағдырға сеніп, адамгершілік пен әділеттікке жеткен данышпан болу. Мысалы, Сократтың өмірі.

Стоиктер танымның көзі — **түйсік** дейді. Олар біздің жадымызда жиналады. Түйсік пен қабылдау да, оларды салыстыра отырып, объектілердің айырмашылығының белгілерін бөлеміз, одан түсінік құрастырылады. Сондықтан түсінік жалпы өзінше ақылдан тыс өмір сүрмейді, тек жеке заттарда өмір сүреді. Стоицизм эллиндік кезеңдегі философияның дамуында өте зор рөл атқарды. Оның кейбір идеялары неоплатонизмге енді, стоицизм

христиан философиясына, соңынан орта ғасырлық мұсылман философиясының қалыптасуына әсер етті. Жаңа дәуір философтары: Декарт, Спиноза және XX ғасыр өкілі — Делез олардың іліміне көп көңіл аударды.

Скептицизм — Эллинизмдегі тағы бір философиялық бағыт. Философиялық тұрғыдан стоицизм мен скептицизм бір-бірімен жалғасып жатыр. Олардың мәні — дүние танудағы біршама мүмкіндікке күмәндану. “Скептицизм” термині ежелгі гректің “скепис” деген сөзінен шыққан. Ол “ойлау, талдау, тербелу” ретінде аударылады. Скептицизмде — әмбебаптық күмәндану — негізгі философиялық қағида, яғни қандай да болмасын білімнің анық еместігі туралы идеяны жүргізеді.

Пиррон өзінен бұрынғы данышпандардың көзқарастарын талдай келіп, дүниенің пайда болуы мен мәнін әртүрлі түсіндіреді. Олай болса, олардың біреуін жақтау қиын. Қандай да зат “осы” болса, “осы еместен” артық болмайды. Сондықтан Пиррон: «дүние туралы ешбір пікір айтпауымыз керек» - дейді. Толық сабырлылық, қызықпаушылық, алаңсыздықты (атараксия) сақтап, бақытты болуға шақырады. Пиррон ең соңында: “Сен, Пиррон өлдің бе?”- деген сауалға “Білмеймін” деп жауап береді. Секст Эмпириктің пікірінше: скептицизмнің идеалы — теориялық пікірден бас тарту, ал практикада мүмкіндігінше ақыл-ой мен әдеп-ғұрыпқа сүйеніп іс-әрекет жасау.

Скептицизм орта ғасырлық кезде ұмытылып, тек XVI-XVII ғасырларда еуропалық философияда “жаңа пирронизм” ретінде қайта туды. Схоластикалық және догматикалық әдістерді сынауда ерекше мәнге ие болды, соңынан скептицизм Юм философиясының негізіне айналып, Кант агностицизмі мен позитивизмге әсер етті.

Кинизм философиясы атауын Афин төбешегінде орналасқан “Киносарг” (“қырағы төбет” немесе “ақ төбет” деген гимнасийден алады, онда алғашқы киниктер (кюнокс — ит) шұғылданды (осыдан кинизм — “ит философиясы”, “ит мектебі” латын тілінде), бұл мектептің ізбасарларын — супісі — циниктер деп атады. Мектептің негізін салған *Антисфен* (б.з.д. 444-368 жж.) ол алдымен софист Горийден, кейіннен Сократтан дәріс алды. Олар даңқты және байлықты ең соңғы моральдық іс-әрекет ретінде қабылдамайды және “рахаттың өзін рахаттанып жек көрген”, білімділік пен тәрбиені де жаратпады. Ол космополитизмді патриотизмнен жоғары қоя отырып, “әлем азаматы” идеясын ұсынды.

Синоптан шыққан кинизмнің ең әйгілі өкілі *Диоген*: “Қауымсыз, үйсіз, отансыз” өмір сүруді өзіне мақтаныш тұтып, іс-әрекетінде қолданды. Афинге келген Александр Македонский Диогенмен кездесуге тілек білдіреді. Ол алаңда еш жанға көңіл бөлмей, демалып жатқан Диогенге: “Не сұраймын десең өз еркін”- дейді. Ол оған: “Маған күнді көлеңкелемей, әрі тұр”- деп жауап береді. Бұған «патша егер мен Александр болсам, Диоген болар едім», - дейді. Ол тал түсте тобыр арасында қолына шам ұстап “адам іздеп жүрмін” деген тезисімен, ешқандай өркениетті мойындамай, бөшке ішінде өмір сүруімен белгілі.

Кинизмнің басты мәселесі — философиялық терең теорияны жасау емес, қоғамға жат құбылыс — жалғыздық, жоқшылық, қаңғыру секілді ерекше өмір бейнесін философия арқылы негіздеу және өз әрекеті арқылы тексеру. Кинизм стоиктердің этикасына, материалдық игіліктерден бас тартуына ықпал жасады. Христиандық идеал — аскетизм де киниктердің өмір сүруінің негізінде қалыптасты.

Неоплатонизм — Платон идеяларының негізінде дүниеге келген философиялық бағыт. Негізін салушы Плотин, ежелгі римнің идеалист-философы. Ол Платонның сезімдік, денелік әлемді қабылдауды сезімнен тыс нақтылыққа қарсы қоюына сүйенді. Бірақ Плотин болмыстың жоғарғы сатысы, оның негізі идея емес, біртұтас Игілік деді. Оны ол Күнмен теңестіреді. Одан күн секілді жарық шығады, яғни эманация (сәуле, шашу, өту) туады, одан Болмыс Ақыл (нус) идеяларының мазмұны пайда болды. Осылайша Ақыл бір жағынан - көптік, барлық идеялардың көптеген мазмұны бар, екінші жағынан - біртұтас.

Ақыл уақыттан тыс өмір сүреді. Ол өзін өзі таниды, ой мазмұны - идеяларды жасайды. Бұл процесс жалпы идеялардан басталады (болмыс, қозғалыс және тыныштық, сәйкестік және айырмашылық), бұлардан басқалар пайда болады. Ақыл барлық заттардың алғашқы бейнесі. Ақылдың эманациясы (өтуі) өз кезегінде әлемдік жанның пайда болуына

алып келеді. Ол барлық Рухтанған ізгіліктің бейнесі, қозғалыстағы ғарышты жасайды. Материя болмыстың ең төменгі сатысы – ол өмірсіз және әрекетсіз, бірақ ол барлық идеалдықтың түрі мен мәнін “қабылдайды”. Адамның міндеті – болмыс иерархиясындағы өзінің орнын ұғыну, жоғары шығуға әрекет жасап көру. Жан-Ақыл-Біртұтастық алыстағы шама, кейіннен олар сезім-ой-экстазға (желігу, шабыттануға) сәйкес болады.

Плотин философиясында болмыс құрылымы емес, әдістемелік идеалары жемісті болды. Неоплатонизм идеялары христиандық философияға әсерінің нәтижесінде ұзақ өмір сүріп келді. Бұл философия осылайша антикалық философияның аяғы және еуропалық орта ғасырдағы діннің бастамасы болды.

3. *Ортағасыр дәуірі философиясы.*

Дәріс мазмұнының 3-бөлімі бойынша тезистер

«Ортағасыр» термині түсіндірілуді керек етеді. Бұл ұғым еуропа түсінігі бойынша діннің үстемдігі, ғылым үшін қаратүнек заман орнады дегенмен тең - шын мәнісінде тек шығыс елдерінде бұл ғылым мен діннің үйлесімді даму кезеңі болды. Оны араб елдерінің тарихынан айқын көреміз. Материалистік көзқарас, нақты ғылымдар зерттеулері Үнді, Қытай елдерінде де дәстүрлі еркін жолмен дами берді.

Еуропалық философияда бұл термин христиан дінімен байланысты. Христиан діні біздің жыл санауымыз бойынша I-II ғ.ғ., құл иленуші қоғамның күйреуі, Рим империясының құлау кезеңінде пайда болды. Еуропалық христиан немесе ортағасыр философиясы I-XV ғ. аралығын алып жатыр. Христиан дінінің тарай бастауына байланысты, оның догматтарын рационалдық (ақыл-ой) арқылы көрсету мәселесі қойылды. Сонымен бірге, антикалық философтардың еңбегін пайдалану мақсаты үстем болды. Ортағасырлық ойлау мен пайымдауда **екі түрлі дәстүр** анықталды: а) *Христиан дінінің негізін түсіндіру.* ә) *Антикалық философияның идеалистік жағын қолдану.*

Орта ғасыр философиясы негізінен шіркеу догматымен есептесе отырып дамыды. Сол кездегі философияның өмір сүруі — шіркеу билігінің ыңғайына, тарихи жағдайға байланысты болды. Шіркеу мен дін, қоғамдағы әлеуметтік өмірдің табиғи көрінісі болды. Олардың абсолюттік үстемдігі философияның және бүкіл мәдениеттің ойдағыдай дамуына мүмкіндік туғызбады. Ойшылдар шіркеу мектептерінде және діни қызмет атқару арқылы ғана философиямен шұғылдануға мүмкіндік алды. Философия білім саласында өзіндік ерекшелігінен айырылды. Дін түріне айналып, дінінің қызметін атқарушы «малайы» болып шыға келді. Философия негізінен діни қағидаларының қасиетті мәтіндерін түсіндірумен шұғылданды. Сонымен бірге философия мәселелерінің де ерекше түрі болды. Мысалы, әлемді құдай жаратқан ба, әлде өзінше өмір сүре ме? Адамның ерік-бостандығы мен құдайдың қажеттілігі қалай үйлеседі? — деген сұрақтар туындайды.

Батыстық ортағасыр философиясы екі кезеңінен тұрады:

Патристика (Pater-әке, шіркеу әкейлерінің діни философиясы).

Схолостика (латын тілінде «мектеп» деп аталады). Қазір схолостика деген ұғым — өмірден алшақ, практикалық жағынан пайдасыз сөзге үйір дегеннің синонимі.

Философия тарихы Патристика кезеңін I ғ.-VI ғ. болды деп анықтайды. Христиан дінінің догмасын (қағидасын) жасаушылар — Тертуллиан Карфагенский (160-220жж.) Климент Александрийский (150-215жж.) Аврелий Августин (Блаженный) (354-430жж.), Ориген (185-253жж.), Боэций (480-526жж.) болды.

Патристика - христиан-діни ойшыларының ең басты мақсаты — діни-теориялық ілімінің жиынтығы мен діннің теориясын негіздеу және қорғау. Осыған орай «патристика»-қасиетті аңыздарының негізін салған бірнеше аралықты көрсетуге болады:

1. **Апостолдық патристика** кезеңі (б.д II ғ. ортасына дейін). Апологеттер II-III ғғ. Христиан дінін оның көптеген жауларынан - Рим мемлекетінен, пұтқа табынушылар философиясынан қорғап, христиан-діни көзқарасын түсіндіру арқылы қалыптастырды. Негізгі мәселе, пұтқа табынушылардың философиясы мен мәдениетіне байланысты, Тертуллиан, т.б. оларды шайтан жаратқан десе, Ориген және басқалар пұтқа

табынушылардың данышпандығы (гректер мен римдіктер) мен христан дінінің бірлігін көрсетуге тырысты.

2. **Классикалық патристика** IV-V ғғ. ортасы - христиандық діни ойлаудағы көзқараста теологиялық догматтардың үлгісі қалыптасты. Негізгі мәселе: құдайдың мәні мен оның үш жақтылығы: Құдіретті Құдай, оның Ұлы және қасиетті Рухтың арақатынасы туралы болды. Христостың табиғаты — құдайлық, адамдық немесе құдай-адамдығы (христология), Құдай берген игілік, адамның күнәға батуы, одан оны құтқару және күнәдан арылу мәселесі. Бұл мәселелер жаңа христиан мәдениетінің рухани негізін іздеу, әрі қалыптастыру болды.

3. **Ең соңғы кезең** (VI-VIII ғғ.) - теологиялық мәндегі энциклопедиялық жүйелерді жинақтау, догматтарды қалыпқа келтіру.

Енді патристиканың ірі өкілінің біріне тоқталайық. Августин (Әулие)-354-430, Христиан теологы, епископ, Гиппон қаласында (солтүстік Африка, Рим империясы) Христиан дініндегі католицизм ағымының негізін салды. Негізгі шығармасы «Құдай қаласы туралы». Бұл еңбек жүздеген жылдар бойы діни ілімді таратуда, зерттеуде және оны оқуда басты құрал болып саналды.

Ондағы құдай туралы ойлары:

1. Құдайдың өмір сүру белгісі - барлық заттарға қатысты құдіреттілігі мен жетілгендігі.

2. Барлық материя, жан, кеңістік және уақыт, құдайдың әрекетінен жаралған.

3. Құдай тек қана жаратып қойған жоқ, жаратуын жалғастырып жатыр, келешекте де солай бола бермек.

4. Білім (сезім, ой, тәжірибе) шындық және жетілікті, бірақ ең басты ақиқат, дәлелді білім тек Құдайды танудың арқасында туады.

Аврелий Августин өзінің «Құдай қаласы» туралы еңбегінде ол өз ойын «түсіну үшін сенемін, сену үшін түсінемін» («credo ut intelliyam intellido ut credam») деп негіздейді. Оның философиясы: «Сенімсіз - білімде ақиқат жоқ» деген принципке бағынады. Ол тарихты, адам тағдырын фаталистік тұрғыдан түсінетін діни концепцияны ұсынды. Оның христиан дінінің кейінгі дамуына ықпалы зор болды. Протестант және католик дінбасшылары оны кеңінен пайдаланды. Православие шіркеуінде оның еңбектері рационалдық құрылымдық ілім ретінде көп тараған. Оның **негізгі қағидалары:**

1. Тарихтың барысы, қоғам өмірі - екі қарама-қарсы патшалықтың күресі - жерлік және құдайлық.

2. Жер бетіндегі патшалық мемлекеттік мекемелер, өкімет, әскер, заң, император арқылы іске асады.

3. Құдайшылық жолда — діни қызметкерлер, олар берекелі және құдайға жақын, шіркеуде біріккен адамдар.

4. Жер патшалығы күнәға толы және олардың ішінде пұтқа табынушылар да бар. Оны құдай бәрібір бір кезде жеңеді.

5. Көптеген адамдар күнәлі және құдайдан алыс. Сондықтан ақсүйектер өкіметі ары қарай өмір сүре беруі керек, бірақ олар Рухани өкіметке бағынуы тиіс.

6. Корольдер мен императорлар христиан шіркеуінің ырықын (еркін) білдірумен бірге, тікелей Рим Папасына бағынады. Шіркеу - әлемді біріктіретін қабілетті күш, оған философиямен жету мақсатын қою керек.

«Схоластика» кезеңі - философиялық ілімі «схолостика». Оның өкілдері: Эриуген, Бонавентура, Альберт Великий, Фома Аквинский, Иоанн Росцелин, Пьер Абеляр, Ансельм Кентерберийский, т.б. Бұлар патристика көтерген мәселелерді жалғастырды. Бірақ, бұл мәселелер өзінің *әдісі мен мазмұны* жағынан басқа сипатта болды. Мазмұны бойынша бұрынғыдай құдай және күнәден құтылудың құпиясымен байланысты, бірақ алдыңғы қатарға — ақыл-ой мен сенім, дін мен ғылым мәселелері шықты. Жалпы мен жеке ұғымдарының ара қатынасы көп орын алды.

Орта ғасырлық схоластика оралымды болды, ол өзінің формаларын жиі ауыстырып отырды. Диалектиканы діннің догматтарын дәлелдеу үшін пайдалануға тырысты, болмыс,

мән, форма, т.б. секілді философиялық ұғымдарды бұрмалап түсіндірді, таным теориясын былықтырды.

Схоластар білімді екіге бөлді:

1. Түсініктеме жүрмейтін, аян арқылы берілген табиғаттан тыс жайлар (яғни, Құдайдың Библияға салған дайын ойлары);

2. Адамның ақыл-ойымен табылған білім (яғни, адам Библия мәтіндерін ашып, Құдайдың идеясын түсінді).

Схоластика — шіркеулік көзқараста «шіркеу әкейлерінің» ілімдеріне қарағанда, қасиетті жазуға көп көңіл бөлді. Бұл кезде Платон философиясының беделі түсіп, Аристотельдің анық айтылған философиялық «реализм» концепциясы мен формальдық логикасы кең дамыды. Сөйтіп, схоластикалық тәсіл қалыптасты.

Орта ғасырлық схоластикада - эмбебаптылық (Универсалии лат. — universalis-жалпы). Эмбебаптық нақты объектіге тән, оның анықталған түрі болады. Бұл мәселе төңірегіндегі дау-жанжал кең орын алды. Схоластикадағы орталық айтыс, номинализм мен реализм арасында жүрді. Ол христиан дініндегі құдайдың үштік мәні туралы догмат пен және Құдайдың болмысын дәлелдеуге байланысты.

Номинализм (лат. Nomina - есім, атау) дегеніміз — философиялық ағым, ол бойынша жалпылық, жекені айқындай алмайтыны былай тұрсын, тіпті нақты өмір сүрмейді де. Жалпы идеялар бос сөз, жеке заттарға адам тарапынан берілетін атаулар ғана, шын өмір сүретін тек жеке заттар, ал адам болса сол жеке заттар мен құбылыстарды ғана танып біледі. Номинализмде материяның алғашқылығы туралы материалистік ұғым қалыптасты. Бұл ілім дін иелерінің ашу - ызасын тудырды.

Реализм (лат realis — шындық, заттық) жалпы ұғымдар, эмбебаптық (универсалийлер) реалды, әуелбастан өмір сүреді – дейді. Ансельм Кентерберийскийдің пікірінше, жалғыз құдай өмір сүреді, дүниеде бар нақты заттар мен құбылыстардың бастамасы бір құдай, демек жеке заттардың болуы, жаратушы құдайға байланысты.

Фома Аквинский — ірі ортағасырлық философ, схоластикалық жүйені жөнге келтіруші. Католик шіркеуінде үстемдік ететін томизм бағытының негізін салушы. Негізгі еңбегі: «Теология жиынтығы», «Пұтқа сенушілерге қарсы жиынтық (сумма)». Ол **Құдайдың өмір сүруінің бес дәлелін айтады:**

1. *Қозғалыс:* Барлық қозғалысқа дем беретін, яғни қозғаушы алғашқы күш - Құдай.
2. *Себеп:* Барлық өмір сүретін тіршіліктің себебі, барлығының бастама себебі - Құдай.
3. *Кездейсоқтық және қажеттілік.* Кездейсоқтық, қажеттілік мүмкіндік пен шындықтан туады, олай болса, алғашқы шындық - Құдай.
4. *Сапалық дәрежесі:* Барлық тіршіліктің алуан түрлі сапалық дәрежесі (жақсы, жаман, көп, аз) бар, олай болса, кемеліне жеткен тіршілік те бар - ол Құдай. Әлемдегі барлық заттар бірімен-бірі сәйкестеніп, қиылысып байланысқан, оны жасайтын Құдай.
5. *Мақсат:* Қоршаған ортада қандай болса да мақсат бар, бәрі де мақсатқа бағытталады, әрі мәні бар. Олай болса, әлдеқандай ақыл-ойға сиятын бастама бар. Яғни, бәрін мақсатқа бағыттап, бәріне мән беретін - Құдай.

Аквинский Аристотель ілімінің материалистік идеяларын алып, оның идеалистік элементтерін күшейту бағытында қызмет етеді.

Ол эмбебаптылықтың (универсалий) үш түрін мойындады:

1. Жеке заттарға дейінгі (құдайдың құдіретті санасында).
2. Заттардың өздеріндегі (жердегі, жекедегі жалпылық).
3. Заттардан кейінгі түрде (адам санасында танылған).

Аквинскийдің негізгі қағидасы - сенім мен сананың үйлесімдігі. Ақыл-ой құдайдың болмысын саналы түрде дәлелдеп, сенімнің ақиқаттығына қарсы пікірді қабылдамайды. Аквинскийдің пікірінше, барлық өмір сүретін заттар — құдайдың құдіреті бойынша қалыптасады.

Араб философиясы. Батыста философия, өнер және ғылымның дамуы орта ғасырда біршама тоқтап қалды, ал Шығыста араб ойшылдарының арқасында ерекше дами бастады.

Арабтардың ұлттық сана-сезімінің оянуы, мәдениетінің кең өріс жаюы, VII ғасырда Араб жерінде жаңа, ислам діннің пайда болуымен тікелей байланысты.

Ислам Шығыстық дәстүрді сақтап, Құдайды табиғаттың объективтік заңдарын орындаушы, оларды адамдарға жеткізуші құдіретті күш ретінде таныды. Ал адамды көп тіршілік иелерінің тең бірі деп санап, қанағатшылды, руханилыққа шақырды. Иудаизм діні Құдайдың Жерді адам үшін жасағаны, адамды өзіне ұқсас етіп жасауы сияқты, т.б. идеяларын қабылдаған және «адам-құдай» ілімімен оны тереңдете түскен Христиан дініндей, Ислам табиғатқа немқұрайлы қарамайды. Оны бар күнәнің көзі демей, керісінше, дәріптеп пір тұтады. Бұл табиғатпен, байлық үшін басқалармен соғысудан құтқарады, табиғаттану ғылымдарынан гөрі, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың көп жетілуіне жол ашады. Исламда «пантеистік» (табиғаттың өзін құдай деп тану) сарын басым (Ибн Сина, Ибн Рушд ілімдерінде) болғандықтан, Крест жорықтарының нәтижесінде фундаменталдық күйге түскен кезге дейін, «құдайды тану - табиғатты оқу» қағидасына сүйеніп, араб тілді елдерде барлық ғылым салалары, мәдениет те ерекше дамыды. Орта ғасырдағы Шығыс — дін мен ғылымның үйлескен кезеңі, әрі ғылымның қайта жаңғыруының негізгі себебіне айналды.

Ортағасырда Бағдат қаласы үлкен мәдени, рухани орталыққа айналды. Мұнда Платон, Аристотель, Гипократ, Гален, Эвклид, Архимед және Птолемейдің шығармалары араб тіліне аударылып, мұсылман әлеміне кеңінен танымал болды. X ғасырдың екінші жартысында олар Испанияға, орталық Пиреней түбегіндегі Кордова қаласына ойысты. Араб әлемінде танымал болған шығармалар, бұл жерде латын тіліне аударылып, батысеуропалық ғылым дамуының қайнар көзі болды. IX-XII ғасырда мәдени даму — өзінің шарықтау биігіне көтеріліп, шегіне жетті. Осы кезде Аристотель ағымының ықпалы өте күшті болды. Сөйтіп, мұсылман перипатетизімінің (гр. Peripatetikos - серуен кезінде білім алу) негізі қаланды. Ол негізінен екі ағымға бөлінген.

1. Шығыстық Аристотелизм: Эль-Кинди, Эл-Фараби және Ибн-Сина (Авиценна).
2. Испан Аристотелизімі: Ибн Рушд (Аверроэс) және Ибн Туфайль.

Осылар арқылы мұсылман әлемі Платон және Аристотель еңбектерімен тікелей танысуға мүмкіндік алды. Мұсылмандық шығыс перипатетизмнің алғашқы өкілі **Эль-Кинди** (шамамен 800-870 ж) «араб философы» деген құрметті атаққа ие болды. Ол астролог, математик әрі дәрігер, сонымен қатар Аристотель шығармаларына түсініктемелер берді. «Органон» және «Метафизика» еңбектеріндегі мәселелер бойынша бірқатар трактаттар жазды. Ол өзінің дүниетанымына негіз етіп, жалпыға ортақ себептік байланыс идеясын алды. Бұл идея — «егер кез-келген бір затты ақырына дейін ой елегінен өткізетін болсақ, онда бүкіл ғаламдық нәрсені айнадағыдай тануға мүмкіндік туады» — дейді. Ол ғылыми танудың үш сатысын көрсетіп, бірте-бірте керек жағдайда білімнің ақиқатына жетуге болатынын айтты.

1. Логикалық-математикалық сатыда.
2. Ғылыми жаратылыстануда.
3. Метафизикада (философияда).

Ол өз уақытында дүниені адамның ақыл-ойымен тануға болады деген революциялық идеяны ұсынды. Оның ойынша танымның көзі және эталоны — ақыл-ой.

Құран жолын ұстаушылар Эль-Киндиді «кәпір» деп қарады.

Әбу Нәсір Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби ат -Түрки (870-950 жж.) Ол Орта Азиядағы Фараби қаласынан шыққан данышпан-философ, Аристотельдің жүйесін араб жағдайына бейімдеді. Ол шын мәнінде дүниежүзілік тұлға. Ол өзінің шығармаларында араб, парсы, грек, үнді және түрік мәдениетінің өте қымбат жетістіктеріне синтез жасай отырып жалпы ғаламдық деңгейге жақындатты. Эл-Фараби педагог - реформатор, халық арасына білім таратушы, ағартушы. Эл-Фараби Аристотельдің философиясына түсініктеме бере отырып, өз тарапынан:

1. «Ғылымдардың шығуы»
2. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы»
3. «Музыканың үлкен кітабы»
4. «Ақылдың мәні туралы» философиялық трактаттарын жазды

Оның музыка, метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика ғылымдарына арнап жазған еңбектерінің мәні ерекше. Оны Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», ғалым деп санады, логика ғылымын, әсіресе қоғамдық салада, диалектикалық тұрғыдан қолданды. Дүниені 6 элементке - жәй бөлшек, минералдар, өсімдік, жануар, адам, космосқа - бөліп қарауы, болмысты зерттеуде қазіргі кезде кең қолданылатын жүйелік-сапалық тәсілдің бастамасын жасаумен тең түседі. Оны деистік көзқарасты қалыптастырушылардың алғашқыларының бірі деп те санаған жөн – оның пайымдауы бойынша құдай дүниені жаратқанмен, оның қазіргі дамуына араласпайды. Бұл кейінгі атақты ғалымдардың негізгі ұстанымы ретінде, зерттеуге мүмкіндік туғызады.

Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» деген еңбегінде тірі адамның бақыты, өлгеннен кейінгі түсініксіз бақыттан артық екенін көрсетеді. Адам бақытқа көптеген қиындықтарға тап болып, жақсы мен жамандықты түсіну арқылы жетеді. Адамның жетілуі мінез-құлқының жоғарғы дәрежесіне байланысты болады. Ал, көздеген мақсатқа жету — өзіңе байланысты, дейді.

«Азаматтық саясат» деген еңбегінде ол отбасының қоғам өмірінің бастауы болу мәнін түсіндіреді. Феодалдық қоғамдағы саясат пен мораль мәселелеріне және әлеуметтік қайшылықтарға теориялық тұрғыда түсінік береді.

«Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл музика аль кабар») еңбегінде ол дыбыстың тарау табиғатын, резонанс қозғалысын математикалық әдістерді қолданып, алғаш рет нотаның нұсқасын жасады. Сол кездегі түркілердің музыкалық аспабы — тоғыз ішекті домбыраның құрылысын сипаттады.

«Ақыл туралы» деген еңбегінде ақылдың құдіретіне сенеді, адам ақылы жаратушының бір көрінісі деп — құдайды жоққа шығармайды, ал ғылым — ақылдың нәтижесі екенін көрсетеді. Ғылымды — *теориялық практикалық* деп екіге бөледі. Теориялық — логика, жаратылыстану, метафизика; практикалық — этика, саясат.

Әл-Фараби дүниенің материалдық екенін және оның заңдылықтарын мойындайды. Аристотель секілді материя мен форманы анықтауда, форма үздіксіз өзгерісте, ал материя мәңгі деп қорытты. Әл-Фараби дүниежүзіне белгілі тарихи тұлға. Оның ілімі көптеген философиялық идеялар мен концепциялардың қалыптасуына ықпал жасады.

Ибн Сина Әбу Әли (лат. Авиценна) (980-1037 жж.) Орта ғасырдағы тәжік философы, әрі дәрігер. Ислам дінін жақтай тұра, көне дүние философиясы мен ғылымын арабтарға, ал олар арқылы Еуропа елдеріне таратуға игі ықпал жасады. Тиімді ойлауды және жаратылыстану ғылымдары мен математика ілімдерін насихаттауды жүйелеуде көп еңбек сіңірді. Ол Аристотельдің материалистік және идеалистік бағытын ұстады, ал кейбір мәселелерде Аристотелизмнен бас тартып, неоплатонизм идеяларын, эманация көзқарасын құптады. Аристотельдің логикасын, физикасын және метафизикасын жетілдіріп, материяның мәңгілігін мойындады.

Ибн Рүшд немесе Рөшд Мохамед (1126-1198 жж.). Аверроэс Кордовода тұрды. Араб философы. Оның пікірінше: материя мен уақыт мәңгілік, оны ешкім жаратпаған. Адам жанының мәңгілігі мен о дүниедегі өмірін жоққа шығарды. Қос ақиқат ілімінің негізін қалады, ғылыми және діни ақиқат қатар өмір сүреді деген қағидасының қазіргі күнге дейін мәні еш жоғалған жоқ. Аверроэс ілімі, яғни аверроизм мұсылмандық және христиандық ортодоксия тарапынан қатты қудалауға ұшырады. Ол дүниені үздіксіз өзгерістегі процесс деп қарады. Осыған байланысты материалдық дүние мәңгі, барлық құбылыстар себепті байланыста, әрбір жеке зат өледі, адам жаны да өледі деді. Алғашқылардың бірі болып, жалпы адамзат санасының бірлігі, ойлау дәрежесінің біртіндеп жетілуі туралы гуманистік құнды пікірлер айтты.

Мұсылман әлемінің философтары мен ғалымдары Батыстың ғылымы мен философиясының қалыптасуына дүниетанымдық және теориялық тұрғыда зор ықпалын тигізді. Батыс әлемі Шығыспен рухани диалогтың нәтижесінде ерте грек дүниесімен қатар, шығармашылық және жаңашылдық идеялар мен концепцияларға толы шығыс мәдениетінің есігін ашты.

Араб елдерінде перипатетизмнен басқа неоплатонизм мен неопифагореизм ілімін жалғастырушы «таза бауырлар» мектебі, ресми діннің көптеген рәсім-салтына қарсы болған, құдайға сырт пішінмен емес жүрекпен сенуге шақырған, гностицизмнің сезім көріпкелдігі идеясын ұстанған сопылар (суфизм) мектебі және мұсылман - діни философиясының мектептері болды. Ең бір ерекше есте ұстайтын жәй: барлық мектеп өкілдері ғылыми ізденістерді қолдап, өнер салаларында да белсенді болды. Мысалы, суфизм ағымын жақтаған Фирдоуси, Низами, Саади, Руми, т.б. шығармашылығы бүкіл әлемге әйгілі болды. Ол діни философия мектебінің атақты өкілі Әл-Ғазалидің атом теориясын қолдап, дамытуға ат салысқаны да белгілі. Бұл Шығыс елдеріндегі ежелгі менталитеттің, «алтын орта» қағидасының ғылым мен дін үйлесімділігінде көрінуі еді. Ежелгі Үнді, Қытай елдерінде де діннің ортағасырда бірталай күшейгеніне қарамай, барлық философиялық мектептер сақталып, жеке философтар мен ғалымдардың материалистік көзқарастарына, ізденістеріне ешбір кедергі келтірілмеді.

5. Ренессанс және Жаңа заман философиясы

Дәріс мазмұнының 4-бөлімі бойынша тезистер:

Қайта өрлеу бір замандағы, яғни б.з.д. V ғ., шарықтаған грек философиясының, мәдениетінің, өнерінің, әдебиетінің 1500 жыл бойы қыспақта болып, енді жаңадан жаңғырып оралуын білдіреді. «Ренессанс» - «Қайта өркендеу», жандану, жандандыру, қайта даму, қайта туу.

Қайта өркендеу деп — Батыс және Орталық Еуропадағы мәдениеттің XIV-XVI ғғ даму кезеңін айтады. Бұл кездегі ойшылдар шіркеу догмалары мен Орта ғасырлардағы адам тағдырының Құдай ырықна тәуелді екендігі туралы түсінікке күмән келтіреді. Адамды әлем мәселелерінің ортасына қойып, олар оның өзін ғана емес, сонымен бірге іс-әрекеттерінің де мәнін жоғары көтерді.

Қайта өрлеу дәуірінің негізгі сипаты, оның адамға бағытталуы болды. Ежелгі антикалық философтар дүние ортасына күш-қуат берген, рух, жігер туғызатын Космосты, орта ғасырда Құдайды, Қайта өрлеу дәуірінде Адамды қойды. Сондықтан, қайта өрлеудің ерекшелігі - антропоцентризм. Енді зерттеудің орталық мәселесі - Құдай емес, адам болды. Адамның әлемдегі орны, оның бостандығы, тағдыры Леонардо да Винчи, Микеланджело, Эразм Роттердамский, Николло Макиавелли, Томас Мор, Мишель де Монтень секілді ойшылдарды толғандырды. Адам мен оның тағдырына, шығармашылық бастамасына тұрақты көңіл аударғаны үшін, оларды «гуманистер» деп атады. Гуманизм қайта өркендеу дәуірінде дін мен феодализм құрсауынан адам баласын босатып, еркіндікке жетелеуді мақсат еткен әлеуметтік қозғалыс.

Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманистік ойлар: «Гуманизм» терминін (латынның humanitas — адамшылық) белгілі Римнің саяси қайраткері, Цицерон б.з.д I ғасырда қолданды. Оның ойынша humanitas – адамның тәрбиесі және білімі, оның жоғарғы дәрежеге жетуіне мүмкіндік туғызады. Адамның рухани табиғатының жетілуінде негізгі рөл грамматика, риторика, поэзия, тарих, этика пәндеріне беріледі. Атап айтқанда, ренессанс мәдениетінің теориялық негізі — осы пәндер. Оларды studia humanitas (гуманитарлық пәндер) деп атады.

Гуманизмнің негізін қалаушы-ақын, философ **Франческо Петрарка** (1304-1374жж.). Өз шығармаларында католик шіркеуінің рухани қыспағынан құтылуға ұмтылуды, адамдардың бостандығы туралы идеяны қозғады. Петрарка антикалық мұраны бағалауда жаңа тәсіл қолданды. Ол әдебиет, өнер, ғылымның жаңа сатыда дамуы үшін, негізін қалаушылардың ойына еліктеуден гөрі, антикалық мәдениеттің жоғарғы сатысына ұмтылуды, сонымен бірге қайта ой толғай отырып кей жағдайда одан басым болуға шақырды. Петрарка салған жолда антикалық мұра, гуманизмнің жетекшісі болды. **Қайта өрлеу** — дәуірдің басты субъектісі ретінде адамды қойды.

Джованни Пико Дела Мирандолла (1463-1494 жж.). Шіркеу қағидаларына қарамай, ол адамды құдай өзіне ұқсас етіп жаратпаған, адам өзін-өзі жасаған деді. Адам бойындағы ізгі қасиеттерді биік дәрежеге көтеру, абыройын қорғау — әр адам алдына қойылған мақсат, ол оның ғана жетістігі мен бақыты болып есептеледі.

Никколо Макиавелли (1469-1527 жж.) Қайта өрлеу дәуіріндегі әлеуметтік-философиялық ойлау өкілі, ортағасырлардағы Құдайдың бәрін алдын ала болжау концепциясын «фортунна» (кез, бақыт) идеясымен ауыстырды. Адамды қажеттілікке байланысты әрекеттенуге, пайда болған жаңа жағдаймен санасуға шақырды. Тағдыр адамды жартылай билейтіндіктен, сондықтан қалыптасқан жағдаймен күресу керек дейді ол. Фортуннамен бірге ол тарихтың қозғаушы күші ретінде Виртун (virtu) – адамның жігерлігін, іскерлігін талантын іске асыру - терминін енгізді.

Жалпы алғанда, қайта өрлеу философиясында гуманистік дәстүр, тек қана антикалық мұрамен емес, Рухани және Христиандықпен де көп байланысты болды. Феодалдық қоғам ішінде өндіріс пен ғылымды дамытуға мүдделі болған күштер пайда бола бастады. Бұл жаңа туып келе жатқан буржуазия еді, олар феодалдық тәртіптерге, дін іліміне және схоластикалық философияға қарсы шықты. Шіркеудің зорлық-зомбылықтарына қарсы батыл күрес, әсіресе, XV-XVII ғасырларда, Қайта өрлеу дәуірінде күшейе түсті. Бұл кезең Батыс Еуропа елдерінде табиғатты танып білуге ұмтылушылық, ертедегі Грецияның тәжірибелі білімі мен алдыңғы қатарлы философиясына көңіл аударушылықтың қатты күшейген уақыты болды.

Жаңа құндылықтар жүйесі пайда болды, алғашқы болып адам және табиғат, одан кейін ғана дін және оның мәселелері тұратын болды. Бұл дәуірдің тағы бір ерекшелігі ренессанстық мәдениет пен философияның дінді ғылымнан, саясаттан, моральдан бөлуі (секуляризациялануы) болды. Секуляризация - қоғамның, адамның дін ықпалынан арылуы, шіркеу меншігінің мемлекеттік меншікке ауысуы. Енді мемлекет, мораль және ғылым мәселелері дін арқылы қаралмады. Болмыстың әртүрлі саласында бұлар өз бетінше, діннен тыс өмір сүретіні, өзінің заңдары бары мойындалды. Тек оларды философтар әзірше көп қарамады, тәжірибелік ғылымның қалыптасуына байланысты жалғыз ақиқат табиғат туралы білім болып саналды (Коперник, Кеплер, Галилей, Бруно).

Осы кезде жаңа философиялық бағыттар пайда болды. Олар деизм мен пантеизм. Деизм — әлемді Құдай жаратқан, бірақ күнделікті қоғам өмірі мен табиғат дамуына оның қатынасы жоқ дейтін діншіл философиялық ағым. Деизм - аспандағы «парламентаризм». Деистердің көбі әлем туралы өз түсініктерін жаратылыстану ғылымының жаңа салаларында қалыптастырды. Діннен ғылымның тәуелсіздігін қорғады.

Пантеизм - (pan - бәрі және tcheos - Құдай) - Құдай мен әлем біртұтас деп танитын, Құдіретті табиғатпен балаған философиялық ілім. Осы бағыттың өкілі католик шіркеуінің қайраткері, кардинал, Германия легаты, атақты философ — **Николай Кузанский** (1401-1464), шын аты Кребс. Ол «Білместік ғылымдары туралы», «Шығу тегі туралы», «Мүмкіндіктің болмысы туралы», «Жер шарының айналуы туралы» еңбектерін жазды.

Ол әлем дүниесі мен Құдай бір бүтін деп, жаратылыстану ғылым зерттеулерін құптады, яғни рационалдық білімді қолдады әрі адамның бұл қызмет саласына діннің араласпауы керек деді. Дүниені Құдай жаратқан, бірақ дүние шексіз, материалды және қарама-қарсылық арқылы қозғалады. Адамды Н. Кузанский аса жоғары сатыға қояды. Сонымен бірге Құдайдың адамға қатысы барлық құбылыста, ең алдымен табиғатта бар деп есептейді. Құдай - әлемнің ортасы және оның шегі. Ол бүтін, ал дүние әлемі - оның бір бөлігі. Дүние әлемі Құдайда жиналады және Құдай оны әлемге айналу барысында күшейтеді. Ақиқат — барлық кезде таным процесі, Құдайға жету. Дүниенің бәрін, адамды да құдай жаратты, бірақ Кузанский пантеистік пікірді дамыта отырып, Жаратушының өзін табиғат деп, Құдайды аспаннан жерге түсірді, шын мәнінде Жаратушының рөлін жоққа шығарды.

Коперник Николай (1473-1543 жж.) поляк астрономы, әлемнің гелиоцентрлік жүйесін жасаушы. Негізгі еңбегі - «Аспан денелерінің айналуы туралы». Схоластар және шіркеу өкілдерінің орта ғасырлық дәстүріндегі Аристотель - Птолемейдің геоцентристік теориясына қарсы шықты. Жердің Күнді айналуы және Жердің бір тәулік ішінде өз кіндігін айналып шығуы туралы теориясын ежелгі грек ғалымы, Аристрах Самоскийдің пікіріне сүйеніп ұсынды:

- Жер әлемнің орталығы емес. Күн жерге қарағанда ортада тұр, Жер Күнді айналады;
- Барлық ғарыштық денелер өзінің траекториясы бойынша жылжиды. Ғарыш шексіз;

- Ғарыштағы процестер, табиғи көзқарас бойынша түсінікті, «қасиеті» қағидалар мәтінінде түсініксіз.

Джордано Бруно (1548-1600 жж.). Оның орталық категориясы біртұтастық, ол бір мезгілдегі болмыстың болу себебі және болмыс заттарының өзі. Бруно: «Табиғат деген ол заттардағы құдай, табиғаттың өзі құдай не құдай заттардың ішінде», - дейді. Тұтастық материя түрімен үйлеседі, ал руханилығы денемен сәйкес болады. Материяға келетін болсақ, ол бұл жағдайда әлемдік заттардың басы мен соңы болады. Онда түр пайда болып, және жоғалады, материяның өзі мәңгілік, «себепсіз себеп» бола береді.

Табиғат өздігінен табиғи қозғалыста болады. Күн жерге қарағанда ортада, бірақ әлем дүниесінің ортасы емес, әлем - шексіз. Әлем дүниесі галактикадан тұрады. Барлық аспан денелері және ондағы бардың бәрінің қозғалу қасиеті бар. Әлем дүниесінен бөлек құдай жоқ. Бруноның көзқарасын шіркеу идеологтары аса жек көрді. Ол 1592 жылы түрмеге жабылды. Инквизация одан өз көзқарасынан бас тартуды ұсынды. Ол көнбеді. 1600 жылы Римде Орталық «Гүл» алаңында оны отқа өртеп жіберді. Негізгі еңбектері: «Себептілік бастама және біртұтастық туралы», «Әлемнің және заттардың шексіздігі туралы».

XVII ғасырда материализмнің жаңа отаны ағылшын елі болды. Бұл буржуазиялық революция жасаған алғашқы елдердің бірі еді. Жаңа заман материализмінің негізін салушы, схоластикаға қарсы шыққан **Фрэнсис Бэкон** (1561-1626). Ол Жаңа Заман материализмі мен тәжірибелік ғылымының негізін қалаушы, «білім - күш, күш - білімде» деген қағиданы насихаттады. Оның еңбектері: «Ғылымдар табысы;», «Жаңа Органон», «Жаңа Атлантида».

Ф. Бэкон Лондонда жоғарғы қызметкердің отбасында дүниеге келді. 20 жыл бойы оның әкесі мөр сақтаушы, болып, өмірінің соңына, дейін мемлекет орындарында қызмет атқарады. Шешесі Анна Кук өте білімді болған, ежелгі грек, латын тілдерін, теология және өнерді терең білген. Ағылшын тіліне бірнеше діни шығармаларды аударды. Бэконның өзі 1573 жылы Кембридж колледжін бітірді. Лорд - канцлер дәрежесіне жетті. Ол Аристотель, Платон, Софокл, Эврипид, т.б. ойшылдардың еңбегін оқып, зерттеді. Оларға сыни көзбен қарады.

Бэкон ақиқатқа жету үшін адам ақылында кездесетін жалған пікірдің әр түрлерінен, (идолдардан) елестерден құтылуды ұсынды. **Ол елестердің 4 түрін көрсетті:**

1. «Тектік» елестер. Ол адам табиғатының өзінен, адам ақылы мен сезім мүшелерінің жетілмеуінен шығады.

2. «Үңгір» елестері. Ол адамның қоршаған дүниені субъективтік қажеттілік түрде қабылдауымен байланысты.

3. «Нарық» (немесе базар алаңындағы) елестері, ол дұрыс емес не дәл емес сөздердің нәтижесінде туады.

4. «Театр» елестері беделге, соның ішінде дәстүрлі философиялық жүйелерге сөзсіз сенуге негізделген.

Ол танымның жолындағы кедергілерді алып тастауды ұсынады, адамды жаңа ақиқатты игеруге шақырады. Елестерді жоюдың негізгі құралы — тәжірибеге жүгіну және нақты деректерді ғылыми әдіспен талдау дейді. Мұндай бағыты **эмпиризм** деп атайды. Ақиқат әдісті таңдау проблемасын Бэкон аллегориялық (әдебиетте, өнерде дерексіз ұғымды деректі, нақты бейнелер арқылы көрсету), әсіресе мысалдарда, ертегілерде көп қолданылатын әдіс-тәсілдермен шешеді. Оның пікірінше, танудың үш жолы бар: **өрмекші, құмырсқа және ара жолдары**. Бұлардың әрқайсында өзінің жағымды және жағымсыз жақтары бар:

«Өрмекшінің жолы» - ақиқатты «таза» санадан шығару әрекеті. Бұл жол фактілер мен шындықты менсінбейді. Мұндай әдіспен алатын қорытынды білім гипотеза, ғылыми болжам түрінде болады. Олар ақиқат немесе жалған болуы мүмкін. Бұл әдісті догмаларды ұстанушылар мен рационалистер қолданады. Өрмекшінің өрмегі секілді, олар да өз ақылдарын тоқиды.

«Құмырсқа жолы» - біржақты эмпиризм, тек фактілерді жинау. Эмпириктер құмырсқа секілді жекеленген фактілерді табандылықпен жинайды, бірақ бұл әдіс аз нәтиже береді, себебі зерттеуші зерттеу затының мәнін толық қорыта алмайды.

«Ара жолы» алғашқы екі әдістің жақсы жағын біріктіреді. Олардағы кемшіліктер қайталанбайды. Соның көмегінің арқасында эмпириядан теорияға көтеріледі. Өсімдіктердің гүлінен нектар жинайтын, оны балға айналдыратын ара іскер болуы керек.

Ф.Бэкон теория мен практиканың танымда сезім мен рационалдықтың бірлігін жақтады. Бірақ жаратылыстанудың дамуында математиканың рөлін кемітті, Коперниктің гелиоцентрлік жүйесін мойындамады. Осыған қарамай ол, эксперименттік ғылымның негізін қалады. Бэконның басты шығармасы «Жаңа Органон», ол - ғылыми танымның методологиясы. Бэкон негізгі әдіс ретінде индукцияны ұстанады. Ол тәжірибе мен экспериментке сүйенеді, сонымен бірге сезімдегіні қорытындылау және талдау әдісі арқылы айқындайды. Индукция — жеке жағдайлардан жалпы қорытындылар шығаратын ойлау тәсілі.

Томас Гоббс (1588-1679 жж.) 6 жасында латын және грек тілдерінде сөйлеп, өте ерте Оксфорд Университетіне түседі. Негізгі еңбектері: «Азамат туралы философиялық ілімнің бастапқы негіздемесі», «Левиафан». Ол теологиялық схоластиканы жоққа шығарды. Философияның мақсаты: адамның іс-әрекетінің практика жүзінде нәтижеге жетуіне және ғылыми-техникалық прогрестің дамуына мүмкіндік туғызу. Гоббс дүние денелерден тұрады, денесіз субстанцияны мойындау денесіз дене бар дегенге сай. Денелер материяның туындысы.

Танымның әдісі ретінде Т. Гоббс индукция мен дедукцияны қолдануды ұсынады. Адамның дүниені тануы сезімдік қабылдау арқылы іске асады. Бұл сезім мүшелері (көз, құлақ, т. б.) арқылы қоршаған орта туралы алынатын шартты белгіні ары қарай өңдеу. Бұл белгілерді Гоббс «танба» деп атайды. Таңбаларды былайша топтастырды:

1. *Сигналдар* - жануардың өз қимылдарын білдіретін дыбыстар шығаруы (құстардың әні, мысықтардың мияуы, жыртқыш аңдардың ырылдауы).
2. Адамдардың бір-бірімен қатынасуы үшін ойланып табылған *әртүрлі белгілер*.
3. *Табиғи белгілер* - табиғат сигналдары (найзағай, күннің күркіреуі).
4. *Жасырын әдіспен, кодпен жазу, сөйлеу*. Көпке түсініксіз ғылыми тіл, дін тілі, жаргон - жеке топтар тілінің сөздері;
5. *Белгілердің белгісі*, атаулардың атауы - әмбебаптық ұғым, түсініктер.

Гоббс механикалық материализмнің өкілі ретінде қоғамдық құбылыстарды механикалық жаратылыстану тұрғысында қарады. Оның пікірінше геометриялық, математикалық әдістер әмбебаптық ғылыми әдістер болып есептеледі. Сондықтан адам және қоғам саласында қолдануға болады. Адам мен жануарлар - күрделі машина, адамның аяғы мен қолдары - доңғалақ, жүрегі мотор механизмі деді. Қоғамды, мемлекетті үлкен механизм ретінде қарады. Олардың негізгі элементтерін жіктеп, оны қарапайым табиғат заңдарымен түсіндіреді.

Гоббс қоғам тарихын екі кезеңге бөлді: Табиғи, Азаматтық. Табиғи дегеніміз адамдардың қоғамға дейінгі жағдайы, адамдар табиғат заңдарына сәйкес өздерінің құштарлығына бағынады. Табиғат бізге, бәрін береді деген пікір басым болады. Табиғи кезде адам адамға қасқыр, бұл жағдайда олардың жойылып кетуі мүмкін.

Гоббс философияның маңызды проблемасы, қоғам мен мемлекет деп есептеді, мемлекеттің теориясын дайындады. «Левиафан» (Чудовище - құбыжық жәндік) деген философиялық еңбегінде алғашқы мемлекеттің пайда болуында қоғамдық келісім жатыр деген идеяны ұсынды: 1. Адам қоғам мен нақты мемлекетте қызмет істеп, өмір сүреді. 2. Адамның табиғатында ең бастан-ақ зұлымдық бар. 3. Адам әрекетінің қозғаушы күші - жеке басының қамы, ол эгоизм, құмарлық, қажеттілікті тудырады, долдану аффектілер қысқанда, естен адастырады. 4. Әр адамның барлығына және басқаларға назар аудармауы, оның еркі, бірақ ол «бәрінің бәрімен соғысына» әкеледі. Бұл жерде жеңіп шығу қиын, адамдардың бірігіп өмір сүруі және экономикалық прогрестің болуы мүмкін емес. Қоғам құру үшін адамдардың келісімін алу, қоғамдық шартқа отыру, билеушілерге өз еркімен бағыну керек. Бұл - мемлекет, қоғамның өмірін жөнге салу механизмі. Адам өз қызметін нәтижелі атқаруы үшін мемлекет қуатты болу керек. *Гоббс бойынша мемлекеттің үш түрі бар: демократия, аристократия, монархия.* Философтың ойынша ең жақсысы — монархия, монарх әр уақытта

өзінің халқының рухани және материалдық тұрғыдан озық болуын, экономикалық дамуын, моральдық дәрежесін көтеруді мақсат тұтады, әрі қамтамасыз етеді.

Декарт Рене (1596-1650 жж.). Ол философияның, физиканың, математиканың және физиологияның дамуына үлкен әсер етті. Декарт дуализм мен рационализмнің өкілі. Дедуктивтік - рационалистік таным әдісінің негізін қалады. Геометриялық оптиканы, аналитикалық геометрияны, координаттар жүйесін жасады, рефлекс идеясын ұсынды. Космологияда (дүниенің құрылымы), космогонияда (планеталардың пайда болуы және дамуы), физика және физиологияда Декарт материалист. Ол дүниенің өздігінен жаралғанын, оның объективті даму заңдылықтарының бар екенін, бірақ олардың механикаға негізделгенін айтты. *Психологияда, таным теориясында ол идеалист - «Мен ойлаймын, олай болса өмір сүремін»² (Cogito, ergo sum) - деген қағидаға сүйенеді:*

1. Әлемде адамға түсініксіз көптеген заттар мен құбылыстар өмір сүреді. Олар бар ма? Олардың қасиеті қандай? Мысалы, Құдай бар ма? Дүние әлемінің шегі бар ма?

2. Қай затқа, қай құбылысқа күмән келтірмеуге болады? Қоршаған орта өмір сүре ме? Күн жарқырай ма? Жан мәңгілік пе?

3. Олай болатын болса, тек күмәндану анық факт және оны дәлелдің еш қажеті жоқ.

4. Күмәндану — ойдың қасиеті, демек шын өмір сүретін адам күмәнданады, ойлай алады, яғни адам күмәндана ойлайды.

5. Сондықтан ойлау болмыстың да, танымның да негізі. Ол ақыл-ойдың жұмысы, олай болса, болмыс пен таным тек ақыл-ойда бар.

Декарт болмыс проблемасын зерттеу барысында болмыстың мәнін сипаттайтын ұғымды шығаруға тырысады, оны **субстанция** деп атайды. **Субстанция** - ішкі бірлігі жағынан қаралатын объективтік шындық, қозғалыс формалары біртұтас, үздіксіз дамып отыратын материя. Субстанция – дүниеде бардың бәрі, өз өмірінде басқаға еш сүйенбейді, тек өз-өзіне ғана тәуелді. Ең жоғарғы субстанция – Құдай, ал жаратылған субстанциялар оның туындысы, яғни екіншілер және оған тәуелді. *Материалдық (заттар) субстанциясының қасиеттері:*

Негізгі қасиеті - ұзындығы. Ол материалдық субстанцияларға тән жалпы белгі, кеңістікке көсілуі (ені, биіктігі, тереңдігі, т.б) және шексіз бөлінуі.

Модустар (лат modus- өлшем, тәсіл) түпнегізден, субстанциядан туындайтын қасиет. Кеңістікте - форма, қозғалыс, тұратын орын. Адамды - сезім, ықлас, түйсік. Адамның жаратылған субстанция ретіндегі сипаты: бір-бірінен айырмашылығы бар екі субстанциядан - материалдық (дене, кеңістік) және руханидан (ойлайтын) тұрады. Жалғыз тіршілік иесінде адамда ғана екі субстанция бірігеді, бұл оған табиғаттан жоғарғы көтерілуге рұқсат етеді. Барлық рухани субстанциялардың түп негіздік қасиеті - ойлау.

Декарттың көзқарасы бойынша философияның «негізгі мәселесінің» шешілуіне байланысты не бірінші - материя немесе сана деген пікір таласының жөні жоқ. Олар әр уақытта бірге өмір сүреді және біртұтас болмыстың әртүрлі көрінісі. Бұл дуалистік ілім. Дуализм - дүниенің негізі бір-біріне бағынбайтын тепе-тең екі нәрседен – Рух пен материядан басталады деп, материализм мен идеализмді үйлестіруге тырысатын ағым.

Декарт ақыл-ой сезімдік түйсінуге мұқтаж емес, себебі рационалдық ойлаумен заттарды, құбылыстарды «туа біткен идеяларға» сүйеніп тануға болады дейді. «Туа біткен идея» түсінігінде Құдай, сан мен фигура, дене құрылым, ұзындық және ырық идеясы жатады. Бұл теорияның мәні: көптеген білімге дедукция арқылы жетеміз және білімнің ерекше түрі бар, ол қандай да болсын дәлелдеуді керек етпейді. Берілген білім бастан-ақ ақиқат, ең айқын және анық болады. Бұл - Құдай, адамның ақыл-ойында, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Декарт философиясы өз идеяларымен кейінгі философияға өте зор ықпал жасап, техниканың дамуына жол ашты.

Бенедикт (Барух) (1632-1677жж.) Спиноза ауқатты еврей отбасында, Амстердам қаласында дүниеге келді. Әкесі қаланың бай судагері еді. Ол баласын діни училищеге берді, онда ол зеректігін көрсетті. Декарттың шәкірті ретінде, рационалистік бағытты ұстанды. Ол өзінің философиясында одан көптеген ұғымды, әсіресе, екі бастаманы - ойлау мен ұзындық

ілімін алды. Декарттан Спинозаның ерекшелігі — заттардың табиғатында екі субстанцияның жоқтығын көрсетугі.

Спиноза философиясының түп негізгі - субстанция, оны Құдай, жиі-жиі Табиғат деп атайды. Субстанция, Құдай, Табиғат — өзара ауысып отыратын түсінік. Субстанцияда екі атрибут (қасиет) бар: **ойлау және ұзындық**. Спиноза - монизмді жақтай отырып, субстанцияның материалдық сипатын көрсетеді. Дүниедегі заттар - табиғат модустары (түрлері). Модустар дүниесі, субстанцияның жай-күйі мен іс-әрекеттері қозғалыста болады. Бірақ бұл қозғалысты Спиноза жай айналу деп түсініп, механистік детерминизм принципін қорғады. Ойлау да - модус, өзінде көптеген адамның ренжуі, қайғыруы, түсінігі және идеялары болады. Адам да күрделі модус ретінде субстанцияда көрінеді.

Әлемді субстанция, атрибуттар, модустар арқылы талдай отырып, ол категорияның, жалпы ұғымдардың айқын иерархиясын тұрғызды, оны әлемнің теориялық суреті деп атауға болады. Көптеген философиялық түсініктерді қарастырып, Аристотельдің категорияларды сараптау дәстүрін жаңғыртты.

Спинозаның философиясында *этика ілімі орталық мәселе болып есептеледі*. Оның «Бостандық - танылған қажеттілік» деген формуласы кейін марксизмнің бостандық түсінігінің негізі болды. Бірақ, Спинозаның бостандық туралы ілімнің жағымсыз жағы, оның айтарлықтай фаталистік болуы. Адам өмірі тағдырға байланысты, оны адам мойындауы керек және оған күрессіз көнуі тиіс. Адам еркін, бірақ өлім туралы көп ойламайды, оның даналығы да өлім туралы емес, өмір туралы ой толғануы.

Оның материализмі атеистік ілімінің негізгі, Құдай жоқ деп ол Библия қағидаларын сынады, оны ойдан шығарылған өтірік деп жариялады. Сол себепті ол Синагогадан да қуылды. Спинозаның философиясы өміршіл, ақыл-ой негізінде жарыққа жол ашады. Оның еңбектері: «Діни саяси тракт», «Этика».

Джон Локк (1632-1704 жж.) Бэкон мен Гоббстың философиясын жалғастырды. Негізгі еңбегі «Адам ақылының тәжірибесі туралы» (1690 ж.). Ол Р. Декарттың «туа біткен» идеясын жоққа шығарды. «Жаңадан туған жанның санасы - таза тақта, ол тәжірибе арқылы толтырылады. Барлық білім тәжірибеге сүйенеді» - оның негізі тезисі. Бұл материалистік эмпиризм, сенсуализм ағымы.

Тәжірибенің екі түрі бар: сыртқы және ішкі тәжірибе. Біріншісі - сезім, екіншісі - рефлексия. Сезім идеясы - бастапқы сырттан келген құбылыс. Рефлексия – сананың өзінің ішкі психикалы күйіне ой жүгіртуі. Сезім идеясы арқылы біз заттардың сапасын білеміз. Ол екеу: бірінші сапалы идеялар — денелердің түрі, саны, орны, қозғалысы, салмағы, көлемі, т. б. қасиеттері жатады. Бұларды объективтік шындықта қандай болса, тура сол күйінде қабылдаймыз. Екінші сапалы идеялар: денелердің иісі, түсі, дәмі, т. б., бұларды субъективтік тұрғыдан қабылдаймыз. Оның сапаны осылай талдап зерттегені - үлкен ғылыми ілгері басқандық болды. Оны көбіне субъективтік идеалистер мен агностицизм өкілдері кең пайдаланды. Д. Локк өз заманының көрнекті қоғам қайраткері. Мемлекет туралы ойлануында табиғи қалыптан азаматтыққа өту идеясын қолдады, мемлекеттің мақсаты — еркіндік пен еңбекпен жиналған меншікті қорғау деді. Ол алғашқы болып биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары туралы ойлар айтты, халықтың саяси белсендігін қолдады.

Давид Юм (1711-1776 жж.) - агностицизм өкілі. Білім болмысты тану үшін емес, күнделікті өмірде жол нұсқаушы ретінде ғана керек. Ақиқат білім тек математикада бар, қалғандары логикаға бағынбайтын деректерге сүйенген дағдылы сенім дейді. Құбылыстардың бірінен кейін бірі өтуі — олардың себепті байланысын көрсете алмайды, тіпті дүние бізден тәуелсіз объективті өмір сүре ме? - деген сұраққа да жауап айта алмаймыз. Сонымен қатар ол, сезімдердің айқын болу дәрежесіне сүйеніп, олардың реттілігін айтады, практикаға соның өзі жеткілікті деп санайды. Соған сену теориялық білімді қажет етпейді.

Юм утилитаризм ілімін таратты, ақиқаттың, өнегіліктің өлшемі пайда деді. Діннің өнегелікке, азаматтық өмірге тигізетін зиянды әсерін қатты сынады. Негізгі еңбегі «Адам ақылы туралы зерттеу» (1748). Оның агностицизмі қазіргі неопозитивизмнің бір бастауы.

Джордж Беркли (1685-1753 жж.) - субъективті идеалист, епископ. Негізгі еңбегі «Адам білімінің бастауы туралы трактат» (1710). Оның пайымдауынша, адам тек өз «идеясын» (түйсік, сезіну) қабылдайды, заттың өмір сүруі - сезімде қабылдануында. Идеялар ақыл мен ерікке тәуелді. Осы солипсизмнен (тек бір танушы субъектінің өмір сүретінін мойындайтын философиялық ілім) құтылу үшін ол рухани субстанцияның көптігін, «шексіз рух - Құдайды» мойындайды. Кейін неоплатонизмді, идеялардың Құдай ақылында мәңгілік өмір сүретінін жақтады. Атеизмді қаралау үшін «материя» ұғымын сезімде берілмейді деп жоққа шығаруға тырысады. Локктің бірінші және екінші қасиеттері ілімін сынайды.

Жаңа Заман философиясында XVIII ғ. ерекше орын алған бағыт, ағартушылық кезең. **Көрнекті өкілдері:** Францияда - Вольтер, Руссо Ж., Гельвеций К., Ламетри Ж., Дидро Д., Гольбах П., Германияда - Лессинг, Гердер И., Англияда - Локк Д., Толланд Д., Юм Д. Ағартушылық кезеңдегі ойшылардың бәрін қайта өрлеу дәуіріндегі адамның шексіз мүмкіндігіне сену, өмірді ақылға сүйеніп өзгерту, жаңа ғылым жетістігіне ұмтылу біріктіреді. Ағартушылар шіркеуді, дін ұстанымдарын сынап, абсолютизм мен метафизикаға қарсы шықты. Дін атаулының бәрі - надандықтың, жоққа нанудың және қаталдықтың ертедегі ескерткіші деді Гольбах. Олар қоғам өмірінің барлық жағын реформалаудың тиянақты концепциясын қарастырып, қоғамдық игілікке бағыттады. Олардың бар көңілі белсенді әрекеттенуші адамға, оның дүниені танып өзгертуіне, ақылға сүйеніп әлемнің қожасы болуына арналды.

Француз ағартушыларының өкілі **Вольтер** (1694-1778 жж.) жазушы, философ және публицист. Аса қатаң түрде шіркеуді сынады, оны үстем таптың мүддесін қорғаушы, ғылым мен білімнің жауы деп санады. Ол әрекетсіз оптимизмге күлді, еркін ойшылдыққа, өз бақыты үшін күресетін іскер адам болуға шақырды. Ол материяның мәңгілік және таралмайтындығы, тәуелсіз өмір сүретіні және мәңгі қоғалыста болатыны, табиғи және қоғамдық құбылыстардың себептілікке бағынатындығын мойындады.

Жан Жак Руссо (1712-1778 жж.) феодалдық қоғамды қатаң сынады, адам теңдігін, демократияны, азаматтық қоғам идеяларын дамытты. Теңсіздікті жекеменшіктен көрді, Гоббстың табиғи жағдайда «бәрінің барлығымен күресін» сынап, ол кезде керісінше бауырластық пен үйлесімдік болғанын дәлелдейді. Педагогика ғылымының теоретигі, еңбек арқылы белсенді азаматтарды тәрбиелеуге шақырады. Оның «Қоғамдық келісім» (1762), атты еңбегі бар.

Ағартушылық кезеңде француз материалистері қоғамда ерекше орын алады. **Дени Дидро** (1713-1784 жж.) материя мен қозғалыстың бірлігін қуаттап, абсолюттік тыныштықты қолдамады. Барлық табиғат мәңгі қозғалыс пен дамуда болады, «қозғалыс - материяның өмір сүру тәсілі» деген идеяны қолдады. Ол адамды сезгіштік пен ес дарыған құрал-сайманға ұқсатады. Адам санасы барлық материяға тән бейнелеу қасиетінің жоғарғы формасы деп, диалектикалық болжам айтты. Агностицизмді сынап, дүниенің танылатынын жақтады. Француз материализмі метафизикалық деңгейде қалғанымен, механистицизмнен толық арылды деуге болады.

Ағартушылар — «адамның мінез-құлқы мен қылықтарына қоғамдық орта мен тәрбиесі жауапты» - деген өте прогресшіл қағида ұсынды. Адамды қоғамдық орта қалыптастырады. Осыдан — ағартушылар адамды, оның мінез-құлқын өзгерту үшін, ең алдымен ортаны өзгерту керек деген революциялық қорытынды шығарды. Ағартушылар философиясы XVIII ғасырда ең прогресшіл философия болды. Ол қазіргі замандағы табиғаттану ғылымы мен қоғамдық ғылымның дамуына зор әсер етті.

Немістің классикалық философиясы — адамзат мәдениеті мен философиялық ойлау дамуының маңызды сәті. Бұл философияның негізін салған Иммануил Кант (1724— 1804 ж.), Иоганн Готлиб Фихте (1762-1814 жж.), Фридрих Вигельм Иозеф Шеллинг (1775-1854 жж.), Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831жж.) және Людвиг Андреас Фейербах (1804-1872 жж.). Аты аталған философтар өз жүйелерін жасады, олардың идеялары мен тұжырымдары аралығындағы ерекшеліктердің болғанына қарамай, бір рухани ортаны қалыптастырды.

XVIII ғасырдың аяғымен XIX ғасырдың басында Германия экономикалық, саяси жағынан артта қалған бытыраңқы жартылай феодалдық ел болды. Ұлт буржуазиясы әлсіз болғандықтан, өкіметке қарсы ашық күресе алмады және революциядан қорықты, сондықтан феодалдармен ымыраға келді. Неміс классикалық философиясының өкілдері де, жай қала халқынан (бюргер) шыққандықтан, тек жалпы философиялық мәселелермен айналысты. Олар өз заманының білімді адамдары болды, университеттерде сабақ беріп, ғылыммен шұғылданды; сол кездегі Англияда болған өнеркәсіп төңкерісі, оның негізінде табиғаттану ғылымының дамуы, 1748-1794 жылдары Францияда болған буржуазиялық революцияның прогресшіл идеяларының Герман буржуазиясына тигізген әсеріне көп көңіл қойып, ой қозғады.

«Неміс классикалық философиясы» деген атауды Энгельс беріп, оны былай деп түсіндіреді:

1. Сана, сезім, ақыл-ой, таным мәселелерін зерттеу;
2. Ертедегі көне диалектиканы жаңа негізде көтеру;
3. Субъективтік идеализмнен объективтік идеализмге революция жолымен көшу.

Иммануил Кант 1724 жылы қарапайым қолөнерші семьясында Кенигсберг қаласында дүниеге келді. Әкесі тері илеуші, құрал - сайман шебері болып жұмыс істеді. Отбасындағы 9 баладан 3 қызбен інісі екеуі ғана тірі қалды, бала кезінде өте көп ауырды. Өмір бойы бойдақ болып өтті. 1745 жылы Кенигсберг университетінің теологиялық факультетін бітірді. Сонымен бірге, университетте бірқатар жаратылыстану және философиялық пәндерді зерттеп таныды. Университеттен кейін 9 жыл үйде сабақ беретін мұғалім болып және өзі білімін жетілдірумен айналысты. 1755 жылы приват-доцент болып орналасқан соң логика, метафизика, математика, табиғи құқық, философия, механика, минерология, теология, этика, география, антропология, дін және физикадан дәріс берді. Философия мамандығымен 47 жыл бойы шұғылданды. Өзінің жеке басында философиялық әңгімелерге көңіл бөлмеген. Оның ойынша ол тыңдай білмейді, оқыта біледі. Бүкіл өмірі есептеліп, өзіне ыңғайлы өтіп жатты. Кешкі сағат 10⁰⁰-да ұйықтап, таңғы 5⁰⁰-те тұратын болған. Ол 19⁰⁰ сағатта қыдыруға шыққанда, қала тұрғындары онымен сағатын туралайтын деген аңыз бар. Бұл әдет соңғы 30 жыл бойы бұзылмаған.

«Пролегомендер» деген еңбегінде Кант өз философиясының жай-жапсарын қысқаша баяндап береді. Ол еңбегі алғаш рет 1783 жылы басылып шықты. Канттың ғылыми еңбектері екі кезеңге бөлінеді: «Сыни кезеңге дейінгі» және «Сыни кезеңдегі».

Сыни кезеңге дейінгі кезеңінің мәні — «Жалпы бірдей жаратылыстану тарихы және аспан теориясы» деген еңбегі бойынша талданады. Бұл еңбекте:

1. Материяның бірлігі, қозғалысы және оның заңдары туралы жаңа ойлар айтты.
2. Жаратылыстану ғылым теориясының саласында тарихи екі жаңа гипотеза ұсынды:

а) күн жүйесінің табиғи жолмен пайда болуы (ғылымға бұл Кант-Лаплас гипотезасы болып кірді). Күн жүйесінің газ тектес тұмандықтан пайда болғандығы туралы идеясы тек астрономияға ғана қосқан үлесі емес, жалпы дүниетанымдық, әдістемелік маңызы бар жаңалық болды. Оның космогониялық ілімі неміс философиясына үлкен әсер етті. Бұл ілім дүниеге деген қалыптасқан метафизикалық көзқарасты жеңді.

б) тасқындар салдарынан жердің айналуының бәсеңдеуі.

3. «Дүние жаратылды» деген пікірді жоққа шығарып, жаратылыстану туралы еңбегінде оны материализм тұрғысынан шешті. Планеталардың алғашқы газға ұқсас тұмандардың қоюлануы арқылы, өзіне тән тартылыс және серпіліс секілді қарама-қарсы күштердің арқасында өздігінен, ешқандай сыртқы күштердің әсерінсіз, пайда болатынын айтты. Хайуандардың пайда болуы, бүкіл дүниеге қалай таралғандығы жайлы, адамның табиғи жолмен шыққандығы туралы идеялар ұсынды.

4. Кант философиясының тарихы, маңызы, оның диалектикалық ойлауды дамытуында болды.

Кант екінші кезеңде өзінің философиялық жүйесінің орталық мәселесі етіп адамды, оның тану мүмкіндігін қойды. Адамға керегі бостандық, бірақ ол адамда жоқ. Адамда

бардың бәрі табиғи қажеттіліктің арқасында қалыптасты. Адамның рухани тілегі мына философиялық сұрақтарға байланысты:

1. Нені біле аламын? (Метафизика немесе философия). «Таза ақыл-ойды сынау». (1781 ж.)
2. Нені білуім керек? (Мораль, этикалық ілім). «Практикалық ақыл-ойды сынау» (1788 ж.)
3. Неге сенуге болады? (Дін) «Ақыл шеңберіндегі дін» (1793 ж.).
4. Адам деген не? «Антропология» (1798)

Кант философиясы болмыс, әдептілік және дін туралы мәселелерді қарастырмастан бұрын, танып-білу мүмкіндігінің шегін белгілеп алуды ұсынады.

«Таза ақыл-ойды сынау» деген еңбегінде таным мәселесін талдайды. Канттың пікірінше, **таным процесі үш сатыдан өтеді**: 1. *Сезім-түйсік сатысы*. 2. *Сараптаушы ақыл-ой*. 3. *Таза ақыл-ой*. И. Кант дүниені өздігінен, біздің санамыздан тыс өмір сүретін «өзіндік зат» (вещь-в-себе) – заттар мен құбылыстардың мәні, біздің санамызда берілген «біздік зат» (вещь-для-нас) - заттар мен құбылыстардың сыртқы көрінісі немесе табиғат, деп екіге бөледі. Бұл дуалистік көзқарас. Өйткені, ол материалдық заттардың объективтік өмір сүруін мойындайды, алайда мәнін танып - білуге болмайтын «өзіндік зат» бар деп агностиктік ұйғарымға келеді. Зат ішіндегі мәнді ешуақытта таза ақыл-оймен анықтауға болмайды. Бұл трансцендентальдық, яғни логикалық ойлаудан, тәжірибеден тыс.

Агностиктік білімнің пайда болуына байланысты, заңды сұрақ туады: егер жеке заттарды және тұтас әлемді тану мүмкіндігі жоқ болса, ғылыми білімнің тегі мен мәні қандай? Кант осыған өзінің гипотезасы мен теориясын жасады? Осы мәселелерді түсіндіру үшін, ол өзінің таным теориясына априорлық білім түсінігін енгізді, бұл — тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден тыс алынған білім болды. Априорлық — ақыл-ойда әуел бастан бар және дәлелдеуді керек етпейді. Мысалы, «Адам өмірі уақытпен өтеді», «Барлық дененің ұзындығы бар». Тек априорлық білім дәлелді және сенімді, жалпылық және қажеттілік қасиетіне ие бола алады. Ол априорлық білім түрлеріне біздің кеңістік пен уақыт туралы түсінігімізді жатқызды. Бірлік, көптік, тұтастық, нақтылық, терістеу категориялары тәжірибеге дейін адам басында таза идея күйінде пайда болады деп жазды. Олар «біздік заттардың», табиғаттың ретсіздігін жоюға, жүйеге келтіруге қолданылады, яғни соңғыларды біздің санамыздың өзі жасайды - бұл Кант философиясының субъективтік идеализмге ауытқуы.

Априорлық білімге байланысты адамның өзінің жеке эмпириялық тәжірибесінен шығу қабілеті туады. Осыдан, ол өзінің философиясын — *трансцендентальдық* деп атады. Канттың априорлық формаларынан адамзат мәдениетінде қалыптасқан (заттандырылған) дағдылық, іскерлік және қабілет тыс қалған. Атап айтқанда, мәдениеттің негізінде ғылым, техника, өнер бар, біздің білім жеке адамға көп тәуелді емес. Бұлар шынында да жеке адам тәжірибесінен бұрын, қалыптасқан және олар үшін априорлық болады. Бірақ таным субъектісі адамзат болғандықтан, бұл білім апостериорлықтан, яғни тәжірибеден алынған.

Апостериорлық білім — тәжірибеге негізделген, әрі қолда бар материалдардың деректеріне сүйенген. Мысалы, адам тәжірибеден білетіні барлық металдар балқиды, бірақ теория жүзінде балқитынын дәлелдеуге болмайтын металдар бар. Сондықтан тәжірибеден алынған білімнің (эмпириялық, апостериорлық) дұрыс және толық болмауына байланысты, ол жалпылық болуға таласпайды.

Кант ілімінде танымдық қабілеттің негізгі мәселесі: ақыл-ой мен антиномиялар туралы, осы ілімнің ықпалы ерекше еді. Бұл жаңа заман философиясының ең маңызды, әрі терең жетістіктерінің бірі болды. Әр ойдың кері түрі бар деген диалектикалық заң ретіндегі антиномияға мыналар жатады:

Кеңістік және уақыт:

Дүние уақыт жағынан да, кеңістік жағынан да шекті.

Дүние уақыт жағынан да, кеңістік жағынан да шексіз.

Қарапайым және күрделі:

Әрбір күрделі зат қарапайым бөлшектерден тұрады.

Дүниеде қарапайым зат мүлде жоқ.

Бостандық және себептік:

1. Дүниеде табиғи заңдар бойынша себептілік қана емес, бостандық та бар.
2. Бостандық жоқ. Дүниеде бәрі де қатал себептіліктегі табиғи заңдар бойынша жасалады.

Құдай және мән:

1. Құдай бар - сөзсіз тіршілік иесі, барлық тіршіліктің себебі, дүние ме?
2. Құдай жоқ - дүние мәнсіз. Ешбір абсолютты тіршілік иесі жоқ.

И. Канттың осы антиномиясы Гегельдің қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі деген диалектика заңын ашыуына үлкен ықпал жасады.

1783 жылы «Пролегомендер» («Кіріспе») кітабында философиялық категориялар тәжірибеден тыс, оған дейін адам басында таза идея күйінде пайда болады деп, олардың 12-сін атап көрсетті. Сараптау парасатының түрі - категориялар (жалпы ұғым), солардың көмегі арқылы алғашқы түйсіктегіні «жүйе координатында» ұғыну және реттеу жүреді. Канттың пікірінше, сараптау категориясының көмегімен түйсіктегі ретсіздікті ақыл-ойдың сөресіне орналастырып, ойлау қызметін нәтижелі етуге болады. Ол 12 категорияны көрсетіп оны 4 топқа, әр топта үштен орналастырды. Сонымен бірге алғашқы әр топтың екі категориясы қарама-қарсы топтың қасиеті, сипатты, үшіншісі — олардың - синтезі:

<i>Сан категориясы</i>	<i>Сапа категориясы</i>	<i>Қатынас категориясы</i>	<i>Модальдық категориясы</i>
Бірлік	Нақтылық (реальность)	Субстанциональдық (Уақытша бәсеңдейтін жеңіл-желпі заттардың қасиеті)	Мүмкіндік және мүмкін емес-тік.
Көптік	Терістеу	Себеп және салдар	Өмір сүру және өмір сүрмеу
Тұтастық	Шектеу	Әрекеттестік (екі жақтың өзара қатынасы)	Қажеттілік пен кездейсоқтық

Бұл сатыда априорлы категориялар арқасында жаңа реттелген түйсіктер жиынтығы қорытындыланып, тұжырымдалып, заңдылыққа бағынып жаңа білім пайда болады. Осы екі сатыдан шығатын білімді — *трансцендентальдық* білім дейді. Трансцендентальдық дегеніміз — логикалық ойлаудан, тәжірибеден тыс, заттың өзін емес, априорлы танып-білу мүмкіндігінің осы затты қандай деңгейіне дейін түсінуін айтады.

Ақыл-ойдың таза түрі жоғары идеялар, мысалы, Құдай идеясы, жан идеясы, дүниенің мәні идеясы, т. б. Философия — Канттың пікірінше, жоғарғы мәлімет идеясы туралы ғылым. Таза ақыл-ой тануға болмайтын әлемді, «өзіндік заттардың мәнін, табиғатын түсінуге» ұмытылады, бұл қайшылыққа, қиялға, антиномияға алып келеді.

Кант адам мінезін, парызын және құдайдың барлық мәселелерін өзінің «Практикалық ақыл-ойға сын» еңбегінде талдайды. Оның «таза ақыл-ойы», «практикалық ақыл-ойды» құруға қажетті негіз болды. Мораль қандай болу керек? Адамның әдептілігі, оның мінез-құлқы дегеніміз не? Таза әдептілік - қоғам санасындағы адамгершіліктің барын мойындауы, яғни әр жеке адамның оны өз бойына біткен қасиет ретінде түсінуі. Таза әдептілік пен нақты өмірдегі адамның мүддесі, іс-әрекеті (қылығы), ниеті арасында өте күшті қайшылық бар. Ал мораль адамның мінез-құлқынан, қоршаған ортадан тәуелсіз, тек моральдық заңға ғана бағынуы керек. Канттың пікірінше, мораль абсолютті және міндетті.

Жоғарғы және сөзсіз орындалатын, бәріне бірдей әдептілік заңын ол — әдептілік императиві деп атады. Кант: «Жалпыға тән заңға айналғанын, өзің қалай алатын ұстанымды ғана өзіңе жетекшілікке ала отырып әрекет ет»³ - дейді. Әдептілік императиві - қоғамда қалыптасқан әдептілік заңдарын сыйлау, өз міндетінді өтеу, сол ғана әдептілік іс болып саналады. Ол адамдардың игіліктерге, бақытқа ұмытылуын немесе сүйіспеншілік, жақсы

көру секілді адамға тән құбылыстарды әдептілік императив шеңберіне енгізбейді. Әдептілік пен әдепсіздік ара қатынасында тәжірибе көрсеткендей сәйкестік жоқ. Өмірдегі ең бір үлкен табыс пен олжаға әдепсіз, көргенсіз, адамдық қасиеті жоқ жандар жетеді, сондықтан, әдепті жандар шет қалып отыр. Бұл біздің әдептілік санамызға қарсы келетіндіктерін, әділеттіктің кепілі — Құдай дейді.

Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті басқалар үшін үлгі болуы керек. Адам — басқа адамға ойланушы жан не өте сирек тұлға ретінде саналуы керек, сөйтіп жәй құрал ретінде қаралмауы тиіс оның «Пайымдау қабілетіне сын» еңбегінің негізгі идеясы - **жалпылық мақсат** идеясы.

Эстетикадағы мақсат. Адам өз қабілетін өмір мен мәдениеттің саласында барынша ойдағыдай пайдалануы керек.

Табиғаттағы мақсат. Табиғатта бәрінің өз мәні бар - тірі табиғаттың және өлі табиғаттың ұйымдасуы, тірі дененің құрылымы, көбеюі, дамуы.

Рухани мақсат - Құдайдың барлығы.

Канттың ілімі бойынша Дінге тек сену керек. Себебі, Құдайдың бар - жоқтығын тәжірибие арқылы дәлелдеу қиын.

Фихте Иоганн Готлиб 1762 жылы Раменау, Лужицк өлкесінде тоқымашы отбасында дүниеге келді. Бала кезінен бастап станокта жұмыс істей бастады. Оның білім алуына кездейсоқ жағдай әсер еткен фабрика иесі, барон — Милиц байқап қалды. Соның арқасында гимназияға қабылданды, кейіннен Иен университетінің теология факультетін бітірді. Фихте шығармалары: «Ғылым туралы ілім» (1794), «Адамның міндеті», «Әрқилы жауаптылықты сынау».

Фихте тарихи тұрғыдан алғанда немістің классикалық философиясына жаңа импульс берді. Фихте - субъективтік идеалист. Оның пікірінше, нақты өмір сүретін біздің санамыз. Материалдық дүние, болмыс, табиғат - тек біздің санамызда, сезімімізде, елесімізде, ұғымымызда болады. «Мен» (Субъект-сана), «Мен еместің» (табиғат-объект) анықтаушысы. «Мен» алғашқы бастама кезінде, ақыл-ойдың нақтылығына қарама-қарсы жағдайда, «Мен емеске», одан кейін екеуінің өзара қарым-қатынасына айналады. Енді «Мен де» - рух, жігер, өнегелік, сенім ұғымдарды қалыптасады, «Мен емес» нақты өмір сүреді және «Менге» әсер етеді, кейде оның іс-әрекетін айқындайды. «Мен емес» Канттың «өзіндік заты» секілді санадан тыс өмір сүрмейді, ол - сананың ерекше қызметінің туындысы. Бұл қызметтің ерекшелігі — санада осы қызмет жүріп жатқанда, адамда ол туралы саналы ойлау қабілеті болмайды. «Мен» өтімді, белсенді. «Мен» «Мен еместі» өзінің қарама-қарсылығы ретінде, өзінің белсендігіне қолдану үшін жасайды. Бұл қарама-қарсылық күрестің нәтижесінде, адамның сана-сезімі дамиды. Философиялық шығармашылықта **Фихте екі кезенді** көрсетеді:

а) философиялық әрекеттің кезеңі;

ә) философияның абсолюттік кезең.

«Мен» әрекеті, Фихтенің ұғымы бойынша, адамның әдептілік мінез-құлқы. Адам әрекетінің мақсаты - моральдық заңдар мен парызды орындау. Бұл мақсатты жүзеге асыруда, қоршаған ортамен тығыз байланысты адам болмысынан туындайтын, оның табиғи қабілеттері қарсы болады. «Менге» қарсы тұрып, оны іс-әрекетке итермелейтін «Мен емес» дегеніміз айналып оралып отырады. «Мен емес» деген өзінше өмір сүрмейді, оны өзінің қызметінің әрекетін дамыту үшін «Мен» тудырады. Бұл - антитезис, тезистен сөзсіз шығарылатын жай. Сол себептен Фихте өзінің әдісін «антитетикалық» деп атайды.

Фихте өзінің философиялық жүйесін Канттың философиялық бағытымен жасауға ұмытылды. Философия - бұл ғылымдардың бәрінің бастаушы негізі, яғни «Ғылымдар туралы ғылым», сондықтан өзінің басты еңбегі «Ғылыми ілімнің жалпы негізін» («Основы общего наукоучения») ғылым мәселелеріне арнайды. Өз философиясында алғашқы зерттеу объектісі жеке «Мен», адамның туындысы — «Мен емес» немесе көптеген адамдардың «Мені» емес, барлығын қамтитын абсолюттік «Мен» дейді. «Мен», - деп жазды Фихте - өзінің ойлауында таза «Меннен» шығады және оны ойлағанда өз әрекетін заттар арқылы анықтау үшін емес, соны заттардың анықтаушысы ретінде қабылдау үшін керек. Мұнымен Фихте өзінің принципін басқа тәсілмен қалыптастырады, «Мен» - «Мен» де.

1. «Мен», барлық адамның «Мені» - нақтылық, құдіреті - шығармашылық, жасаушы күш және ең соңында бүкіл адамзат сана-сезімінің бір кезі.

2. Фихтенің «Мені» ақыл-ой ғана емес, ол ырық, тек таным ғана емес, әрі ол бәрінің бір жағын ғана біріктірмейді, «Мен» олардың мәні.

3. Фихте «Мені» алғашқы жағдайдан шығу немесе ойды нығайтудың қарама-қарсылық қозғалысы.

Фихте Кантқа қарағанда қандай болсын, сыртқы объектінің субъектінің ақыл-ойынан тәуелсіз өмір сүруін қабылдамайды, жоққа шығарады. Оның «Мені» тек бірғана нақтылық абсолют — әлемді жасаушы, бәрін құрушы.

Фихте «Жабық сауда мемлекеті» деген еңбегінде: Қоғам жеке адамдардың теңдігін ғана емес, сонымен бірге бостандығын реттеу керектігін айтады.

Парасатты мемлекетте тең құқықты адамдардың үш тобы бар:

1. Өндірушілер (ауыл тұрғындарын айтады).

2. Мастерлер — қаладағы қолөнершілер.

3. Сатушылар.

Фихте жерді жекеменшікке беруге қарсы болған, оның пікірінше: жердің иесі құдай, жер адамға тек өңдеп пайдалана алатын қасиеті үшін беріледі. Жерді сондықтан сатуға болмайды. Батыста оны социалист деп атады.

Шеллинг Фридрих Вилгелм Иозеф Шеллинг (1775-1854 жж.) 1775 жылы Леонбергте, протестанттық пастордың отбасында дүниеге келді. Сол кездегі философия мен әдебиеттегі бостандық оны қанағаттандырды. Ол құпия түрде Спинозаны, Руссоны және Шиллерді оқыды. 19 жастағы студент кезінде өзінің бірінші трактатын жазды. «Философия түрінің жалпы алғандағы мүмкіндігі» деген еңбегі таң - қалдырды.

1. Оған сол кездегі саяси оқиғалар өте үлкен ықпал жасады, әсіресе француз революциясының рөлі ерекше болды. Рухани құбылыстардан, Кант философиясы әсері айтарлықтай болды. Канттың сыни еңбектерінің арқасында оның теология мен шіркеуден алшақтауына тура келді.

2. Алғашқыда Фихте философиясын жалғастырғанымен, көп ұзамай субъективтік идеализмнің мүмкіндігінің жоқтығын түсінді.

3. Шеллинг философия эволюциясының ең маңыздысы — табиғат философиясын жасады.

4. Шеллингтің табиғат философиясының жетістігі — ол табиғат пен оның құбылыстарын зерттеуде диалектика әдісін кіргізді. Ол табиғатты зерттеуде ізденудің қажеттілігін, табиғат реальдығын, динамикалық қарама-қарсылығын көрсетеді. Шеллингтің табиғат философиясы, табиғаттың идеалистік диалектикасына айналды.

5. Натурфилософияның мақсаты — табиғаттың дамуындағы ең төменгі түрден, жоғарғы түрге бірте-бірте өтуді ашу. Мұнда табиғатты ақыл-ой өміріндегі сансыздықтың көрінісі ретінде баяндайды. Обьективтік дүние алғашқы санасыз рухтың поэзиясы дейді.

6. Жаратылыстанудағы механистицизмді сынап, барлық құбылыстарды табиғаттағы өмір негізінде жатқан бір принциптің көмегімен түсіндіруге ұмтылды.

7. Эмпирикалық нақтылықта табиғат заттары кейбірде рухани көріністе табылады. Демек, олар бір-бірімен тепе-теңдік жағдайда болады. Бұл идея оның басты және негізгі мәселесі.

Шеллинг құдайды жеке тұлға ретінде қарастырады. Құдай мен жеке тұлғаның айырмашылығы — құдай бостандығы шексіз болса, адамда шектеулі. Фихттемен бірге Шеллинг бостандық ұғымын қажеттілік деп түсініп, бостандық құбылысын жекелеген адамның ерлігі емес, қоғамның жетістігі деп білді. Алайда осы көзқараста қайшылық бар, Шеллинг бостандық проблемасын логикаға айналдырады, оны дүниедегі зұлымдық проблемасымен байланыстырды. Сөйтіп ол рационализмнің шектен шыққан түрінен иррационализмге бет бұрып, өзінен кейін қалыптасқан иррационалистік философиялық бағыттың негізін қалаушыға айналады. Дүниені түсінуде ақыл-ойдың шектеулі екенін айтып, ол соңғы кезде аяндық философияға (философия откровения), «интеллектуалдық интуиция», мистика жолына түсті.

Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831 жж.). Гейдельберск, одан соң Берлин университеттерінде профессор. Бірінші болып қызмет атқарды өз заманның атақты, әрі бүкіл Еуропаға белгілі беделді философы, әрі неміс классикалық философиясының шоқтығы биік өкілі.

Гегель философиясының үлесі және ерекшелігі:

1. Ол объективтік идеализм теориясын жасады. Оның философиясының негізгі өзегі абсолюттік идея - әлемдік Рух.

2. Гегель, Канттың, Фихтенің және Шеллингтің еңбектерін зейін қойып зерттеп, идеалистік диалектиканың жалпы теориясын жасап, және оны білімнің әртүрлі салаларына қолданды. Өзінің диалектикалық әдісінде ол қозғалыс дамуының үздіксіз екенін үйретті.

3. Гегель өз философиялық жүйесінде дүниежүзілік ақыл-ойдың абсолюттік және әбден жетілген көрінісін жасауға тырысты. Гегельдің жүйесі мен әдісі бір-біріне қайшы, кер тартпа.

Бұдан шығатын қорытынды:

а) философиялық жүйесі метафизикалық.

б) диалектикалық әдісі прогресшіл жағынан көрінеді.

Гегель жүйесі. Гегель нақтылықты (немесе бүтін болмысты) түсінуде, идеяның мәні ретіндегі - әлемдік ақыл-ойды, Логосты, Рухты, Сананы, Субъектіні — Абсолют деп атады (барша дүниенің, бүкіл болмыстың пәрменді бастамасы, жаратушысы). Абсолюттің маңызды қасиеті - шығармашылығы, белсенділігі, дамуы және күшеюі. Ол өзінің дамуында әртүрлі сатыдан өтеді, өзінің өмір сүру формасында әртүрлі көріністе болады. Сонымен бірге өзінің жоғарғы мақсаты — өзін-өзі тануға ұмтылады.

Абсолют үштік түрде құрылған, Еуропалық философияда ертеден бар және дәстүрлі христиан діні іліміндегі үштікпен байланысты. Абсолюттік идеядан — Табиғат, Табиғаттан — Рух туады, бірақ, қалай тууы түсіндірілмейді, тек шыққан нәтижені факт ретінде көрсетеді.

Гегель философиясының негізі әлемдік Рух, абсолюттік идеяның бүкіл дүниені жаратқаны. Табиғат - әлемдік рухтың таза идеядан абсолюттік идеяға айналуы. Идея ешқандай мазмұнсыз «таза болмыс» немесе «ештеңе» болып табылады. Содан пайда болу, «туу» деген ұғым шығады. «Нақты болмыстың пайда болуы» - заттар мен құбылыстар дүниесіне әкеледі, яғни идея материалдық заттарға айналады: механикалық құбылыстар, химиялық қосылыстар, тіршілік, адам мен адамзат қоғамы түрінде дамиды.

Адам пайда болғаннан кейін, идея адамның санасында ойлау формасына қайта айналады. Адам санасы дамыған сайын идея материядан қол үзіп, алшақтай береді. Ол өзінің бүкіл өткен жолын ұғына келе өз дамуын аяқтайды, бастапқы өз күйіне келеді. Енді «Таза болмыс» ретінде емес, бүкіл өз мазмұнын барынша өрістеткен болмысқа айналады. Гегельдің пікірінше, табиғат абсолюттік идеяның екінші өмірі, бірақ ол дамымайды, дамитын тек идея.

Диалектиканы жасай отырып, Гегель бүкіл дүниені - табиғатты, қоғамдық өмірді және ойлауды - шексіз қозғалу, өзгеру және даму процесі деп көрсетуге тырысты. Ол диалектиканың негізгі принциптерін, заңдарын, категорияларын белгілеп берді. Табиғаттың, қоғамның, ойлаудың дамуы диалектика заңдарына бағынады деген оның идеясы өте игілікті болады. Алайда, объективті идеалист болғандықтан, Гегель дүниенің барлық құбылысының негізінде қайдағы бір абсолюттік идеяны, әлемдік рухты алды. Ұғынудың жоғарғы сатысы өзінің философиясында берілген, әрі енді Гегель басқа философияның болуы мүмкін емес деп, өзінің диалектикалық іліміне қайшы пікір айтады. Бұл оның философиялық жүйесі мен ойлау тәсілінің арасындағы қарама-қайшылық.

Оның ең маңызды еңбегінің бірі «Логика ғылымы» үш бөлімнен тұрады: 1. Болмыс. 2. Мән. 3. Ұғым.

Гегель өзінің логикасында шындықтың өз-өзінен қозғалуы және өз-өзінен дамуы жөнінде пайдалы пікір ұсынды. Бірақ ол шындықты ойлаумен теңестірді. Бұл еңбекте диалектикалық үш заңды — идеалистік тұрғыдан зерттеп көрсетеді:

1. Қарама-қарсылықтың бірілігі мен күресі заңы - дамудың негізгі қайнар көзі.

2. Санның сапаға айналу заңы - барлық болмыс қалай өзгеретінін ашады.

3. Терістікті терістеу заңы - өзгеріс қай бағытта болады деген сұраққа жауап береді.

Тарих философиясында:

1. Адамзаттың тарихын кездейсоқ оқиғалардың тізбегі немесе ұлы адамдардың өмірінің тарихы емес, заңды процесс деп көрсетті.

2. Географиялық ортаның рөлі жөнінде, экономика жөнінде, әлеуметтік таптардың күресі және басқалар жайында бірсыпыра қызықты идеялар айтты.

3. Мемлекеттің кемеліне келіп гүлденуінің негізгі шарты - ерікті жеке меншіктің дамуымен байланысты деп санады.

Л. Фейербах 1804 жылы Лансугутта туып, 1872 жылы Нюрнберг қаласының маңында, Рейхенберг деген жерде қайтыс болған. Негізгі еңбектері: «Христиан дінінің мәні», «Діннің мәні», «Гегельге қарсы сын». Философияға Гегельдің идеалистік философиясын сынау арқылы келеді. Фейербах: «Гегель нақты ойлауды нақты адамнан айырып, шындықты жасаушыға айналдырды», - дейді.

Фейербахтың пікірінше, жаңа философия — теологиялық емес, антропологиялық болуы керек. *Антропология* - адам мен табиғаттың айырғысыз бірлікте және адамды табиғаттың жемісі деп қарау. Антропология - адамның биологиялық жақтарын зерттейтін ғылым. Табиғат рухтың негізі болғандықтан, ол философияның да негізі. Табиғаттан сезім мен ақыл-ой дарыған. Адам жер бетіндегі тірі жан, табиғаттың бір бөлігі екенін мойындай отыра, оны қоғам мен және тарих дамуынан тыс, абстракты түрде алып қарайды. Адам мен табиғаттың өзара әрекетінің негізі, қоғамдық-тарихи практика екенін түсінбеді.

Таным туралы. Фейербах: «Дүниені танып білу дүниенің өзі секілді шексіз. Таным сезімнен басталады, шындықтың дәйегі - іштей туған сапа». Қоршаған ортаны тануға болады, ақыл-ойдың мүмкіндігі шексіз. Бірақ, бұл бірден пайда болмайды, ол адамның эволюциялық дамуы, тәжірибенің жиналуы, ғылыми-техниканың өсуіне байланысты болады. Фейербах: «Біз танымағанымызды, біздің ұрпағымыз таниды» - дейді. Фейербахтың бүкіл материализмі секілді, таным теориясы да сырттай пайымдаушылық сипатта болды - бұл практикалық іс-әрекет рөлінің маңызын түсінбеушілік. Ойлау адамнан тыс және одан тәуелсіз өмір сүре алмайды. Ол адам миымен ажырамас байланыста болады. Тарихты түсінуде тарихи процестің қозғаушысы деп объективті заңды емес, ақыл-ойды мойындайды.

Фейербах: «адамның өзіннің түпкі төркіні санасына байланысты, дін адамды емес, адам дінді жасайды»- деді. Адам қандай болса құдайы сондай деп, Фейербах діннің негізін қиялдан (фантазиядан) іздейді. Фейербах материализмнің күшті жағы - оның дінмен ашық күресіп діннің психологиялық түп-тамырын ашып беруінде. Құдайы бар дінді жойып, оның орнына құдайсыз, адамдардың сүйіспеншілігіне негізделген жаңа дінді жасауды ұсынды.

5. XX ғ. философиясының негізгі бағыттары.

Дәріс мазмұнының 5-бөлімі бойынша тезистер:

XX ғ. Еуропа монополистік капитализм деңгейіне көтерілді. Ұлттық айырмашылықты жоққа шығаратын әлемдік өнеркәсіп және сауда-саттық ерекше дами бастады. Осы өзгерістер қоғамның әлеуметтік және рухани саласында да көрініс тапты. Философияда ескі мәселелермен айналысумен қатар, заман талабына сай оларға жаңаша қарап, жаңаша шешуге ұмтылыстар пайда болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көптеген философиялық бағыттарда «нео» деген қосымша сөз жалғанады. Ол ілімдердің бір философиялық жүйеден шыққанын, яғни тектес, екінші жағынан бір-біріне қарама-қарсы екенін көрсетеді және классикалық философия үлгісінен оның айырмашылығына көңіл аударады.

Бейклассикалық пен классикалық философия арасындағы қақтығыстықтың орталық мәселесі рационалдық ақыл-ойға, оның рөліне байланысты болды. Бейклассикалық философия адамзаттың рухани байлығының ерекше бір бөлігі. Бұл философия адамзат ақыл-ойының әр-түрлі салаларына байланысты тұжырымдар жасап, жауап берді. Ол іштей біртекті емес, онда көптеген бағыттар, тұжырымдамалар мен теориялар бар. Оның ішінде жаңа әлемдік және экологиялық мәселелер бар.

Қазіргі заман философиясының ерекше сипаты және белгілері:

1. «*Практицизм*» - дара тұлға мен әлеуметтің, материалдық пен руханидың нақты шынайы өмірге бағытталуы.
2. «*Эволюционизм*» - табиғатта, қоғамда және адам танымында эволюция идеясының кең таралуы.
3. «*Релятивизм*» - адам білімінде салыстырмалылық (относительдік) идеясының көп орын алуы.

XX ғасыр философиясында бір-біріне қарама-қарсы сипаттағы негізгі екі бағытты байқауға болады. Біріншісі - *сциентизм* (лат. scientia—ғылым), екіншісі – антисциентизм. Бұл рационализм мен иррационализм арасындағы қатынас, ғылыми-техникалық прогреске байланысты қарама-қарсы көзқарастар: сциентизм, яғни рационалдық—ең алдымен жаратылыстануда, ал гуманитарлық салада - психология, логика және лингвистика секілді ғылымдардың жемістерін қолдана отырып, ақыл-ойға сенім білдіреді. Антисциентизм керісінше, ақыл-ойға және ғылымға сенбейді.

Сциентизм таным теориясында ақыл-ойға, оның негізіндегі дәлелденген білімге сүйенеді. Рационализмнің қызметі екі сатыдан тұрады дейді:

- ойлау қызметі тәжірибеге сүйенеді, яғни ойлау дегеніміз—ақылға салу, дәлелдеу;
- ойдың қызметі тәжірибеден де жоғары.

Тану процесінде, адамның дүниені игеруінде логикалық (ойға қонымдылық, қисындылық) пайымдау арқылы, ұғым мен ой-тұжырымының нәтижесінде дүние туралы жаңа білімдер пайда болады. Ғылымға сенудің себебі: ғылым жетістігі өмір сүруді жеңілдетеді, адамға қызмет етеді; ғылымда көптеген жаңалық ашылады; жаңа техникалар пайда болады (компьютерлер, ұшақтар, теледидарлар, радиолар); жаңа әрі тиімді технологиялық әдіс дүниеге келеді.

Антисциентизм - иррационалдық (ақыл жетпейтін) құбылыстарды мойындап, логикалық тәсілді жоққа шығарады. *Ғылым адамды* шынайы біліммен қамтамасыз ете алмайды, болмыстың бүтіндігі, үзіліссіздігі туралы ұғымды бөлшектеп жібереді дейді. Логиканың орнына интуициялық әдісті ұсынады, шындықты тікелей тәжірибенің көмегінсіз ашуға болады деп санайды. Ал ғылым, ғылыми-техникалық прогресс адамға зиян келтіреді, адамның ерекше қасиеттерін сөндіреді, адамның физиологиялық жағдайын нашарлатады, адам есептеуді, ойлауды тоқтатады, адам миының қызметі нашарлайды деген сылтаулар айтады. Иррационализм - мистикаға (түсініксіз, жұмбаққа) сенуге де, ғылыми ізденістерге де жеткізеді. Сондықтан оған сыңаржақты қарап, оны жақтауға не даттауға болмайды.

Позитивизмнің үшінші түрі - **неопозитивизм**. Қазіргі батыс философиясының негізгі ағымы, XX ғасырдың 30-60-шы жылдары пайда болды. Оның өкілдері: «Вена үйірмесінің» философтары: М. Шлик – негізін қалаушы, оның ізбасарлары Р. Карнап, О. Нейрат, Б. Рассел (1872-70 жж.); Львов – Варшава мектебінің өкілі Тарский Альфред (1902-84 жж.). Олар философияның күрделі әрі маңызды әдістемелік мәселелерін шешуде, өздерінің нақты үлестерін қосты. Неопозитивизмнің басты идеясы: философия ғылым тілі - логиканы талдап, жетілдірумен шұғылдануы керек. Тіл қоршаған ортаны қабылдаудағы адамның позитивтік (шынайы) басты құралы. Тілді логикалық талдау - бұл мәтіндерді, ұғымдар мен таңбаларды зерттеп, солардың жүйесінің ішкі байланысын, семантиканы мәнін) қарастыру. Осылайша неопозитивизм «Герменвтикаға» жақындасады.

Неопозитивизмнің негізгі принципі верификациялау (лат. Verus – ақиқат және fasio - істеп жатырмын) - ойды сезімдік тәжірибелермен салыстыру арқылы тексеру. Егер ой тексеру немесе логикалық сараптау арқылы верификацияланса (дәлелденсе немесе терістелсе), онда ғылымға жатады да, қалғандары—жалған болып шығады. Ақиқаттың ғылыми орнын анықтау үшін, біріншіден, логикалық-математикалық жолмен, екіншіден, эмпирикалық тексеру, яғни бақылау, өлшеу мен эксперимент т. б. арқылы растайды. Логикалық-математикалық сөйлемдерді тәжірибие арқылы тексеруге болмайды, себебі олар объективтік нақтылық туралы емес. Болмыс, сана, идея, құдай секілді бұрынғы философиядағы мәселелерді алып тастау керек, себебі олар верификациялауға жатпайды әрі ғылыми шешімі жоқ мәселелер болады дейді.

Неопозитивизмнің логикалық ғылым тілін талдаудан басқа мақсаты–философияны метафизикалық дүниеге көзқарастық мәселелерден ажырату, ғылымды философиядан бөліп тастап, білім тек қана нақты ғылымда мүмкін деп, философияны тіл түрлерін, негізінен ғылыми тілді талдаумен шектеу. Неопозитивизм өкілдері ғылымның объективтік заңдылықтарын мойындамады. Неопозитивизмнің түрлері көп, олар–прагматизм, инструментализм, структурализм, герменевтика. Бұлар негізінен ХХ ғасырдың екінші жартысы философиясында өзінің нақты қалыптасуын және дамуын тапты.

Прагматизм (гр. pragma іс-әрекет) - бұл ағымның өкілі әрі негізін салушы **Чарльз Пирс** (1834-1914) және **Джемс Уильям** (1842-1910). Бұл философияның негізгі принципі: қандай ой-пікір немесе іс-әрекет болса да, егер ол пайда әкелсе - шын, басқаша болса - жалған. Прагматизм ағымының бір түрі - *инструментализм* (instrumentum- қару), негізін қалаушы америкалық философы **Джон Дьюи** (1859-1952). Инструментализм түсінігінде ғылыми заңдар тек қару болып есептелінеді. Инструментализм «қоғамдық прогресс» дегеніміз–нақты межеге жету емес, жәй процесс дейді. Дьюи философиясының бағыты эмпиризм болғандықтан, тәжірибеге көп көңіл аударды. Ол алғашқы түрткі болатын идеяны, тіршіліктің бастапқы себебін іздеу орынсыз дейді.

Герменевтика (грекше germenututios- түсіндіру). Герменевтика ілімі антика заманынан басталған. Оны Аристотель еңбегінің (Об истолковании - Түсіндірме туралы) атауынан-ақ көреміз. Бұл ілімнің мақсаты, мәдениет саласын ғылыми деңгейде тану, кең мағынасында адамның рухани дүниесін түсіну болып саналады. Інжілдің мәтіндерін талдауға арналған Реформация кезеңінде (XVI) *герменевтиканың* рөлі арта түсті. *Герменевтиканың* қазіргі замандағы философиялық бастауын жасағандар Ф. Шлегель, Ф. Шлейермахер, бұл ілімді ары қарай дамытқан және оған зор әсер еткен ойшылдар: В. Дильтей, Г. Зиммель, Э. Гуссерль, М. Шеллер, Э. Бетти, Г. Гадамер, М. Ландман, Г. Рикер, М. Хайдеггер.

Неопозитивизм методологиясының орнына постпозитивизм ағымы 60-70 жылдары дамыды. Ол ғылыми білімді бірін-бірі алмастырған теориялар арқылы өсетін, жинақталып өзгертін деп санап, логикалық позитивизмнің кей сұрақтарынан алшақтап кетті. Өкілдері: К. Поппер (1902-1994), Томас Кун Сэмюэл (1922), Лакатос Имре (1922-74).

Постпозитивизмнің пайда болуы **К. Поппердің** «Ғылыми жаңалық ашу логикасы» және **Т. Кунның** «Структура научных революций» деген еңбектерімен байланысты. Рационализм ағымы өкілдерінің түсінігі бойынша, ғалымның мінез-құлқының ерекше қағидасы: олар өздерінің ғылыми болжам (гипотеза) қорытындысының жалған болуынан еш уақытта қорықпауы керек. Сыни рационализм, демек факті мен ғылыми әдістемелікке сүйенген сынға ашық болу керек. Сол үшін өзіне фальсификация (лат falsus- жалған және fasio- істеймін) қағидатын қосады. *Фальсификация - бекерге шығару арқылы дәлелдеу*. Ол ойдың қисынды немесе қисынсыздығын байқау арқылы шешіледі. Бұл қағиданы Поппер ғылымды метафизикадан шектеудің белгісі (критерий) ретінде әрі неопозитивизмдегі верификация әдісіне балама ретінде ұсынды. Оның ойынша, ғылым заңдарын бақылауға болмайды, олар верификациялауға жатпайды. Ғылым үшін верификация принципі емес, фальсификация принципі қажет, яғни ғылыми деген сенімді идеяны қалай да болмасын жалғанға шығарып, жалғанға шықпаған ғылыми жобаны — ақиқат деп санауды ұсынады.

Постпозитивизмнің өкілі Т. Кун ғылым тарихы ғылыми қауымдастықтардың бәсекелестігі, алма-кезек күресінің нәтижесі дейді. Негізгі рөлді логика мен методология нормалары емес, парадигмалар (сөздердің үлгісі), қауымдастықтың қабылдаған және ғылыми дәстүрдің өмір сүруін қамтамасыз ететін сенімдер, құндылықтар, техникалық құралдарының жиынтығын білдіреді. Кун ғылым дамуындағы сабақтастықты мойындамайды, әрбір теорияны тәуелсіз, басқамен сыйыспайды дейді. «Парадигма» деген ұғым қазіргі замандағы постпозитивизмде ең маңызды түсінік болып саналады. Парадигма — барлығының ғылыми жетістіктерді мойындауы, бір берілген уақытта мәселелер мен шешімдерді қоюдың моделі. Ғылым дамуының негізгі сәттері ғылыми революция арқылы, секірмелі процесс ретінде іске асады. Т. Кун ғылымға, оның философиялық мәнін түсінуге өте зор үлес қосты. Ол ғылым дамуы және ғылымдардың қызметі туралы біздің түсінігімізді тереңдетті, ғылым дамуының кейбір диалектикалық сипатын ашты.

И. Лакатос теорияларды емес, бірнеше жеке теорияларды қамтитын ғылыми-зерттеу жоспарларын салыстыруды ұсынады. П. Фейерабенд ғылымның иррационалдық миф пен діннен ешбір айырмашылығының жоқ екенін айтады. Ол «методологиялық анархизм» теориясын жасады. Онда ол ғылымда ешбір тиянақты өлшем жоқ, оларды біз жасаймыз және уақытқа байланысты өзгертіп отырамыз дейді. Постпозитивистердің пікірінше, ғылыми білімнің мақсаты объективтік ақиқатқа жету емес, белгілі бір міндетті орындау. Мысалы, жәй және нақты теория құрастыру. Ақиқат ұғымы сенімге, мүддеге, т. б. алмастырылады. Постпозитивистер неопозитивистердің ғылыми әдістемелік талдау түсінігін сынайды, бірақ логикалық позитивизмнің ұмтылыстарымен жалпы байланысты үзбейді, одан талдау жолдарын алады, эмпиризмді жақсартып, философиялық мәселелерді тіл саласына аударады. Бүгінде постпозитивизм өз мәнін жоғалтты. Бұл жалпылай мойындалған ғылымның даму теориясының жасалуымен және ағымның тұйыққа тірелуіне байланысты болды. Постпозитивизмнің өз ішіндегі дискуссия көптеген қарама-қайшылық көзқарастың барлығын, философия ілімінің плюралистік сипатын көрсетті.

Зигмунд Фрейд (1856-1939 ж.) - австриялық дәрігер, психотерапевт, невропатолог, психолог, психоанализмнің негізін салушы. Фрейд: Санасыздық мәселесі бұрын зерттелмеген деп санайды. Санасыздық дегеніміз — психикалық ерекше ақиқат және адамға тән, сонымен бірге өмір сүріп оны билейді. Санасыздықтың өмірдегі кең тараған түрі - түс. Түс — адамның ақиқат өмірде іске аспаған, жасырын ұмытылысының арқасында туады. Психологияның қорғану тәсілі - жағымсыз эмоцияның, тәжірибенің денсаулық пен тепе-теңдіктің бұзылуына байланысты, санадан санасыздыққа ығысу реакциясы.

Санасыздыққа ығыстырылған жағымсыз эмоция, орындалмаған тілек, «кездейсоқ» спонтандық (сыртқы әсер мен ішкі себептерден пайда болған) қимыл, жаңсақ қылық, жаңылыстық және ағаттық, ерте ме кеш пе өздерін білдіреді. Оны дәрігерге кезекте тұрған мынадай мысалмен көрсетуге болады: санасыздық - үлкен ауыз үй. Онда әртүрлі ойлар, еріктер, адам эмоциялары ішкі үйге - санаға - кіруге өз сағатын күтіп отырады. Сана дегеніміз - шағын кабинет, оған ақыл-ойлы пікір және тілектер ғана шақырылып отырады. Ауыз үй мен кабинеттің арасында күзетші бар, ол санаға тек оған керек ойларды ғана жіберіп тұрады. Күзетші кейде кетіп қалады, кейде мүлгіп кетеді, осы сәтте қажеті жоқ күтушілер сана кабинетіне кіріп кетеді. Мүлгіп кеткен күзетшілер оянып, оларды қайтадан ауыз үйге қуып шыға бастайды. Фрейд өзінің бірінші психологиялық жүйесіне байланысты (1905-1920 жж) санасыз-дықтың негізінде «Либи́до» - жыныстық (сексуалдық) құштарлық, жыныстық инстинкт жатыр деді. Либи́до өз көрінісін жыныстық әрекеттен іздейді. Фрейдтің пікірі бойынша, сексуальдық импульс үшжақты іске асады: біріншіден - сексуальдық және сексуальдық емес әрекетті тікелей бостандыққа жіберу арқылы; екіншіден - санасыздыққа ығыстырылады, үшіншіден – реакция туғызу қабілеті арқылы пайда болатын ұят, моральға айналып, өз энергиясынан айырылып басылатын болады.

XX ғасырда Фрейд өзінің екінші психологиялық жүйесін жасады, мұнда санасыздық энергиясының пайда болуына жаңаша қарайды. Эрос (өмір инстинкті) - адам мінез-құлқының конструктивті негізінде жасампаздық жатыр. Адам осыған байланысты өзінің қажеттілігін қамтамасыз етіп тұқымын жалғастырады. Танатос (өлу инстинктісі) - ол адамды деструктивтік әрекеттерге, өзіне «жат» және қатерлі болатындардың бәрін қиратуға итереді. Адам өмірі - әрдайым Эрос пен Танатостың арақатынасы болады. Фрейдтің ойынша психика өзінше дара және материалдық процестермен қатар жүреді. Ол санадан тысқары мәңгілік психикалық күштер арқылы басқарылады (санасыздық). Адамның еркінен тыс психикалық конфликтер, ұдайы қақтығыстар жасап тұрады. Қақтығыс құмарлыққа ұмытылу (либи́до), санасыздық және саналы қалыптасқан «шындық принципі» арасында болады.

Неофрейдизм — Фрейд ілімі негізінде философиялық ағым ретінде пайда болды. Бұл ілімді жалғастырушылар оның шәкірттері: — **Альберт Адлер, Вильгельм Райх, Густав Юнг және Эрик Фромм болды.**

Э. Фромм (1900-1980 жж.) неміс-американ социолог-психологі, психоаналитикалық бағыттың өкілі. Оның «иелену немесе болу» деген еңбегіндегі орталық мәселе адам табиғатындағы қарама-қарсылық, оның тарихи тағдыры, шынайы дүниені көре білу

мүмкіндігінің болуы. Өз ұстанымында және бұл сұрақтарды түсінуде ол Маркс пен Фрейдтің тұжырымдамаларына сүйенеді. Оған Спинозаның идеялары да зор әсер етті. Фроммның пікірінше, біздің санамыздағы қиялды әшкерлеу - ақиқатты табу және оны біздің ішкі дүние мен мінез-құлқымызды өзгертудің қаруы ету. Бұл өзгертудің басты мәселесі – адамдар арасындағы қатынастың ашық болу мүмкіндігіне қуану және жасау, оның шығармашылық күшін азат ету.

Юнг Карл Густав (1875-1961 жж.) – Швейцария психологі, мәдениеттанушы, «аналитикалық психологияны» жасаушы, негізін қалаушы. Фрейдтің жақын жақтаушысы. Кейін Фрейдтің натурализм мен пансексуализміне қарсы болды. Ол: «психоанализ нақты, оны әрдайым жалғыз берілген схемамен жүргізуге болмайды»- дейді. **Юнг Фрейдтің** жеке адам санасыздығымен қатар, «Ұжымдық санасыздықтың» терең қабаттары болатынын айтады. Архетиптер («бастапқы» психикалық құрылымдар түрінде сақталған ежелгі тәжірибе) дүниені қабылдау мен ой елегінен өткізуге априорилық әзірлікті қамтамасыз етеді. Архетиптер, тәжірибеге дейінгі кейбір құрылымдар, шығармашылық, материалдық қатынастардың қалыптасу қағидасын реттеуші болады. Архетиптер аналитикалық техниканы қолданғанда түсінілмейді, күйзелуде және нақты адам бейнесінде, мәдениетте, діни дәстүрде және эзотерикалық символикада көрінеді Олар түс, мифтер, мінез-құлықтың ауытқуы арқылы білінеді. Жетекші архетиптер: Анима (әйелдік бастама), Анимус (еркектік бастама), Тень (біздің ішіміздегі арам адам, жеке санасыздық), Персона (әлеуметтік бет перденің жиынтығы), Самость (біздің шынайы интегралдық «Менге» жақындау дәрежеміз). Архетиптер бастапқы кезден-ақ, ақыл-ой қамти алмайтын байланыстардың жинағы, олар құпия, киелі (сакральды) болады. Онда зор энергия, өзіндігі жоқ күш бар. Адамдар мәңгі үлгілерге ұмтылады және бір шамада олардан қорқады, сондықтан символдарда бейнелейді. Олардың қай-қайсы болса да санасыздықтың күшін аздап ашады және жасырады.

Феноменология - батысеуропалық ХХ ғасыр философиясының жетекші ағымдарының бірі .Оның негізін қалаушы — Эдмунд Гуссерль (1859-1938жж). Феноменологияның пайда болуына Декарт, Лейбниц, Беркли, Кант пен Марбург мектебінің ілімдері ықпал жасады, оған Вильгельм Дильтей де өз үлесін қосты. Феноменологияның орталық мәселесі — сананы болмыстың ерекше өңірі ретінде қарау. Сананың ішкі белгілерінің ешбір заттық, әлеуметтік сананың негізіндегі санасыздық қатынастарға принципті түрде қосылмайтынын айтады. Әлем немесе оның заттарына емес, оларды түсінуде сана әрекетіне аударылуы тиіс. Сананың спецификалық сипаты оның интенционалдығы яғни ішкі объектіге мағынаға бағытталуы. Сананың қатынасы себептілікке байланысты болмағандықтан феноменлогия дескриптік әдісті қолданады да, мағына табу тәсілін суреттейді. Феноменологиялық әдіс психологияда, социологияда, этикада, эстетикада, құқықта, онтологияда, философияда, математикада және жаратылыстануда көрініс табады.

ХХ ғасырда Батыс философиясының белгілі бағыты — экзистенциализм болды. Оның негізін дат теологі, әрі философы С. Кьеркегор (1813-1855) жасады. Ол рационалдық философияны реализмді мүлде жоққа шығаратын абстракциялығы және адамға деген салқындығы үшін айыптады. Олар тек бір жалпылықты - рухты, материяны, құдайды, прогресті немесе дерексіз ақиқат мәселелерін қарастырады, ол философиядағы негізгі мәселе - адам екенін ұмытып кетті деді.

Философияда адамды мадақтауды — антропидия дейді. Бұл мәселе «өмір философиясының» үлкен ағымы экзистенциализмде қаралады. Экзистенциализм бағытына «өмір философиясының» өкілдері көп әсер етті. Олар — Б. Паскаль, Ф. М. Достоевский және Ницше секілді ұлы адамдардың шығармаларынан да көп ойлар алды. Философия ілімі дамуының қазіргі кезеңі және мектептері «ақыл-ой дәлелінің» «жүрек дәлелін» алмастыра алмайтынын Б. Паскаль көрсетті. Адам мен оның болмысын ақыл-ой тәсілімен түсіндіру өте қиын. Нақты адамды ғылым көмегімен, ұдайы өзгеріп отыратын тұтас мән ретінде және оның мақсатын, пейілін, күйзелісін, қамқорлығын, қорқуын, өмір сүруі мен билікке ұмтылу еркін түсіну мүмкін емес.

Экзистенциализм идеялары әр елде, әр уақытта айтылды. Экзистенциализм өзінің мазмұны бойынша біртекті емес. Сондықтан ол: *діни, атеистік* болып екіге бөлінеді. Экзистенциализмге жақын теорияларды Ресейде бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Л. Шестов, Н. Бердяевтар насихаттады. Германияда бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде және одан кейін Францияда ол тез тарады (К. Марсель, Ж-П Сартр, А. Камю, т. б.), ал 50-ші жылдардың соңында АҚШ-та дамыды.

Экзистенциализмнің басты мәселесі — адам, адамның болмысы, оның мәні мен тағдыры. *Экзистенциализмнің басты категориялары*: жалғыздық жауапкершілік, үрей, ажал, шекаралық жағдай, бостандық. Экзистенциалдық онтологияда объективтік физикалық болмыс емес, адам болмысы туралы сөз болады. Ондағы басты онтологиялық сипат - адамның жай-күйінің әртүрлі болуы. Жиі кездесетін жағдайлар - қорқыныш, ұят, намыс, күмән, үрей - күтімсіздік пен қамқорлықтың салдары. «Шынайы болмыстың» негізгі көрінісі - адамның өмір сүруі және ондағы оқиғалар. Оқиғалар ғана адам болмысының іске асуының тәсілі болады. Оқиғасыз болмыстың өзі жоқ, экзистенция жоқ, адамның өмір сүруі тоқтатылады. Адам өміріндегі оқиғаның көптігі, оның болмысының толықтығының кепілі.

Экзистенциядағы «шынайы болмыс» уақытқа сәйкес болады. Уақыт - ең алдымен адам болмысының нәтижесі, сонымен бірге болмыстың өзі оқиғаның туындысы. Уақыт - өмірдегі бір оқиғадан, басқадай нәтиженің қалыптасуы. Сондықтан олар физикалық уақыт (секунд, минут, сағат) туралы емес, оқиғалар уақыты туралы айтады. Адамның барлық уақыты өз кезегімен өтіп жатқан оқиғалардан (туу, шілдехана, үйлену, ажырасу, оқуға түсу, пенсияға шығу, жұмыс істеу, қызықты кездесулер, т. б.) тұрады. Экзистенциалдық уақыт - жеке бастың сипатында болады, ол адам өміріндегі оқиғаның саны, сапасы, уайым, қайғы-қасірет, таңдау мен жауапкершілік. Былайша айтқанда ол — тағдыр. Экзистенциализмнің онтологиялық тұжырымдамасының мәні: болмыс пен уақыттың арасында өзара диалектикалық байланыс бар. Оны Хайдеггер «болмыс пен уақыт» бір-бірін анықтайды дейді.

Экзистенциализм онтологиясы (болмысы) мен гносеологиясы (танымы) тиянақты байланыста болады. Экзистенциализм танымы - адамның қайғыруы және одан да күшті қайғыруы; осыған сай болмысты терең танимыз. Дүниедегі нақты болмысты, әсіресе болмыстың мәнін ашуда Ясперс енгізген «шекаралық жағдай» категориясының рөлі зор. Ясперс: «тек осы минуттарда ғана адам өзінің нағыз өмір сүруін» (өзінің табиғатын) ұғынады, басқа уақытта олар кәдімгі болмыстың күнделікті тікелей әсері арқылы жасырынып жатады — дейді. Дау-жанжал кезінде адамның үміт үзілуі, қайғыруы, қорқынышы шекаралық жағдайға келеді, онда шынайы өмір сүрудің мәні ашылады.

Мұндай танымды түсіну, діни және атеистік экзистенциализмге де тән. Осындай нақты шекаралық жағдайда адам өзінің таңдауын жасайды. Мысалы, Авраамның таңдауын алайық. Құдай Авраамға өз баласын өлтіруді міндеттейді. Осыдан оның жан-дүниесі күйзеліске түседі: сенімге бағыну немесе өзінің әкелік-моральдық борышын атқару мәселесі туады. Экзистенциализмдегі діни көзқарастың негізіндегі таңдау - ол дұрыс жол, Христос жолы, Құдай-адам жолы. Атеистік экзистенциализмдегі таңдау – құдайсыз-ақ өзіңді табу, іске асыру. «Жеке адам өзін-өзі іске асыруы тиіс»- дейді Сартр. Құдай арнауымен емес, өзін сырттан іздеу арқылы азат болу немесе басқа әрекетте өзін табу. Адамды ештеңе, ешкім (құдайдың өзі де) өзінен құтқармайды. Бұл мәнінде: «Экзистенциализм - оптимизм, әрекет туралы ілім»,- деп жазады ол.

Экзистенциализмде таңдау ұғымдары мен бостандық категориясының толық байланыста болуы — ең бір негізгі ерекшелік болып саналады. Таңдау бастапқыда танылмаған бостандықпен түйіндес болады. Адам өзін-өзі жасау арқылы, өзін іске асыру тәсілін таңдайды. Экзистенциализмде таңдау мүмкіндігі әр адамның о бастан-ақ берілген еркіндігі, әрине оны ол керек етсе. Ал, бостандық - адам өмірінің өзі. Атеистік экзистенциализмде — бұл ұғымдар негізінен бір ретте болады, ал, діни экзистенциализмде экзистенция жердегі өмірдің арғы жағына тарайды Яғни, эсхатологиялық мәні бар, бостандық — өмірден де жоғары қойылады.

Экзистенциализм өкілдері өз философиясының өзегіне адамның қоғамнан жаттануын қойды. Олар адам қоғамнан алшақ болуы және оның әсерінен қашуы керек дейді. Ол үшін қиялы болып келетін осы дүниені ұмытып «шынайы шындық», «Мен»-ге терең үңілуі керек. Жеке адам болмысы ғана бірден-бір шын дүние саналуы қажет. Экзистенциализм сезімді абсолютке айналдырып, оны ақылдан және адамның қоғамдық табиғатынан ажыратып қарайды. Экзистенциализм философиясы жетілуде, оның идеялары кең түрде әдебиетте, өнерде қолданылып, аса маңызды жалпы адамдық мәселелерді қарастырады

Структурализм - (лат. *structura* - құрылым) объектінің тұрақты байланыстарының жиынтығын қамтитын құрылым ұғымына негізделінеді. Онда кезкелген зерттеп отырған құбылыстарды өзгерткенде, құрылымның сақталатынын мойындау жатыр. Структурализм “адам-субъект” және оның бостандығы деген қазіргі кезде тарап кеткен гуманистік түсініктерге қарсы шықты. Бостандық тек қана фикция, ол тірі және өлі дүниедегі жалпы құрылымдарға тәуелді, әлеуметтік және мәдени өмірдің бос қияли жемісі деп санайды. Құрылымдық біртіндеп лингвистикалық әдіс болып қалыптасып, тіл мәселесімен айналысты. Бұл әдістің жан-жақты тарауы, оны философиялық пайымдау, оның әлеуметтік-саяси және мәдени оқиғаларға араласуы, сынау және өзіндік сынау арқылы структурализмді постструктурализмге жеткізді.

Постструктурализм -XX ғасырдың 70-80 жылдарында дамыған әлеуметтік-гуманитарлық білімдегі структурализмнің «екінші толқынын» сынау мен қиындығын жеңу барысында қалыптасқан плюралистік бағыт. Структурализмдегі бинарлық (екі бөлімнен, екі компоненттен тұру) және иерархиялық түсініктер постструктурализм мен постмодернизмде қандай болмасын бірлікке негізделінбеген көптік ұғыммен ауыстырылады. Ол Ж.Делез бен Ф. Гваттридің «Кафке» (1974) еңбегінде енгізілген «Ризома» терминінде анық көрінеді. Ризома (гр. *rhiza* – тамыр) тармақталынған тамырлық жүйенің көптеген «түйінін» білдіреді. Олардың пікірінше «ризомы» нақтылықты бейнелеуде құрылым ұғымынан гөрі қолайлы және жеке элементтердің қатал иерархиясын жояды. Дәстүрлі таным теориясындағы негізгі метафора «ағаш» (онда орталық бағана және одан жан-жаққа тарайтын бұтақтардың барын жорамалайды) болса, метафора ризома орталық тамыры жоқ, өте күрделі өз-ара байланыстағы бұтақшалар мен олардың шексіз көптеген басқа қосымша бұтақша мен балауса бұтақтарға тамыр болып қызмет атқара алатындығын білдіреді. Бұл секілді әлем көрінісінде «орталық» және «шеткі аймақ (периферия)» өзінің мәнін жояды.

Постструктурализмнің негізгі ерекшелігі –децентрация, деконструкция, мәдениет тілін дискурсивтік талдауды мәдениет кеңістігінде мәтін мен мәнмәтіннен тұратын таңба жүйесі ретінде түсіндіру. Ж.Деррида бойынша: «ешнәрсе мәтіннен тыс өмір сүрмейді». Ж.Деррида орталықтандыруды сынап, мәтін мен жазуды қызмет ретінде түсіндіріп, «Өзіндік референция» еңбегінде оның өрісін кеңейтті. «Қанша парадоксальді болғанымен, орталық құрылымның ішінде және сыртында орналасқан орталық — орталық емес».

Децентрация — бұл құрылымды (структураны) басқаратын орталықтың өзінің құрылымының болмауы, ол структураның ішінде және оның сыртында орналасқан. Ол экономикада - өндірістегі децентрация, мәдениетте - мәдениеттің тең құқығының, басқаға көңіл аударудың пайдасы үшін этноцентризмнен бас тартуы, т.б.

Ж.Деррида «деконструктивизм» деген интеллектуалдық қозғалысты тудырды, ол деконструкциядан шығатын түсіндірудің, мәтінді оқудың жаңа тәсіліне негізделеді. Деконструкция мәдениет пен философияны игерудегі еуропалық «метафизикаға» қарсы философиялық ұстаным, саяси стратегия, мәтінді оқу тәсілі, талдау әдісі ретінде қарала алады. Деконструкция жоққа шығару немесе бүлдіру емес, қайта тұрғызуды негіздеу мен іске асырудың жаңа бір талпынысы, ол үшін дискурсивті мақсатты ашып, түйіндерін шешу қажеттілігі туады.

М. Фуко постструктурализм мәселелерін қарастыруда, білімді әлеуметтік құрылымдау саласындағы зерттеулерінде өзінің «Сөздер мен заттар» еңбегінде көп үлес қосты. Еуропалық эпистемологияда (таным теориясы) ол үш эпистеманы (таным өрісі): қайта өрлеу, классикалық рационализм, қазіргі заман деп бөледі. Егер қайта өрлеуде тіл заттар

ішіндегі зат ретінде болса, классикалық рационализмде (модернизм) тіл ойды жеткізетін құрал, қазіргі замандағы эпистемада тіл дербес күшке айналады.

Постструктурализм өкілдері: Ж.Деррида, Ж.Делез, Ж.Бодрийар, Ж.Лиотар, Ю. Кристева, М.Фуко – биліктің іске асу тәсілдерін анықтап оған көптілікті, бірегейлікті және ыдыраңқылықты қарама-қарсы қоюды өз міндеттері деп таниды.

Философия енді ешбір онтологиялық, гносеологиялық мәселелерді шешпейді, адамның өмір сүруінің мәні туралы сұрақтары қойылмайды. Философия – интерпретация (талдап түсіндіру) формасы, ақыл-ой мәдениеттің әртүрлі салалары арасындағы интерпретациялық делдал.

«Постмодернизм»- «Қазіргі заман» ұғымына сай, модерннен кейін деген француз сөзі. Постмодернизм әдетте жаңа дәуірдегі рационализм мен ағартушылық философиясының мәселелеріне қарсы тұратын философия. Постмодернизм ұғымы француз философы Ж.Лиотардың «Постмодернизм тағдыры» еңбегінің арқасында жоғарғы мәртебеге ие болды. Постмодернизм термині 1917-1920 жылдары архитектурадағы стиль ретінде, ал 1960 жылы терең түсіндірілу негізінде ғылыми айналысқа енді.

Постмодернизм мәдениет, әдебиет, өнер, ғылым, техника, әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және саяси саладағы біркелкілікті орнатады. Ал қатал логикалық жүйе — соңғы қорытынды, әртүрлі тұрақтылықты іздеу, беделдің алдында бас ию, құндылықты негізсіз енгізу, адамдар арасындағы келісімді міндетті етуге тырысу, ескірген этика мен моральді жоғары көтеруден бас тартып, адамды «тоталитарлық жүйеден» босатуға ұмтылады.

Модерн мен постмодернизм арасындағы қайшылық көптеген пікірталастың тууына әкелді, оның ішінде әсіресе, Ю.Хабермас пен Ж-Ф. Лиотардың пікірталасы маңызды болды. Бұл пікірталасқа М.Фуко, Ж.Деррида мен Р.Рорти, т.б. қатысты. Қандай болғанда да олардың көбі ғылымның объективтілігі, мораль мен құқықтың әмбебаптылығы, өнердің автономиялығы, ғылыми прогресс, адамның азаттық ұраны — қанаудың әмбебаптық жүйесіне, адамның жатсынуына жеткізгенін мойындайды. Ж. Делез бен Ф.Гвартари қазіргі замандағы капитализм экономикасы мен өндіріс деңгейінде субъективтік тілек машинасын жасап, адамды, олардың құрылымдарын әлеуметтік винтиктеріне(тетіктеріне) айландырғанын анықтады.

Ж. Бодрийар өз еңбегінде қоғамдағы әлеуметтік кеңістіктегі жағдайды сипаттай отырып, оның ерекшелігінің дамуын «симулякр» және «симуляция» түсінігі арқылы көрсетеді. *Симулякр* дегеніміз көшірме немесе ұқсастық (үйлестік), түпнұсқаны ығыстырып, түпнұсқадан маңызды болады. Симулякр қазіргі заман мәдениетінде үстемдік етеді, ал оның репрезентациясы кино, теледидар, аспаздық, көңіл көтерудің көмегі арқылы іске асырылады. Олардың шиеленісуі, әртүрлі әлемнің бір сәтте уақыт пен кеңістікте қосылуына әкеледі. Ол өзіндік сәйкестендіруді (самоидентификация) іздеу немесе тар шектелу локализация мәдениетіне жетелейді.

Батыс еуропалық постмодернизм, постиндустриалдық қоғам ұғымына сай құндылық, енді ақша немесе билік емес - ақпарат, нақты шындық - виртуалдыққа айналды. Лабиринт принципі арқылы құрылып, БАҚ гипершындығын (Ж.Бодрийар) тудыратын гипермәтін ұғымы пайда болды.

Постмодернизм өкілдері: Р. Барт, Ж. Батай, Ж. Бодрийар, Ж. Делез, Ж. Деррида, Ж-Ф Лиотар., Р. Рорти. Ал М.Фуко қойған диагнозды батыс елдерінің дамуы дәлелдеп отыр. Масс-медиада жасалған реалдық пен нақты қылмыс, саясат, жыныстық қатынастар, т.б. ажырамас күйге жетті. Шындықты ойдан шығарылғанымен және өмірдің өзінен туғанды «тек экрандылығымен» бөліп қарау мүмкін болмай қалды. Бір құбылысты көрсету сол құбылыстың өзінің негізіне айналды, тек сол кезде ғана ол өз болмысына ие болады, көрсетілмесе - жоққа тең. Бұл философиядағы түйінді ойлар, батыс еуропадағы индустриалдық өркениеттің постиндустриалдыққа өтуінің салдары.

6.Қазақ философиясы.

Дәріс мазмұнының 6-бөлімі бойынша тезистер

Дүниежүзілік тарихта адамзаттың көшпелі тұрмысы, номадтық мәдениет - бірегей құбылыс. Кейбір ғалымдар мұндай құбылысты артта қалғандық, сананың жетілмегені деп келді. Ежелгі және орта ғасырдағы көшпенділікті қажетті тұрмыс салты ретінде қарастыру керек.

Көшпенділік (номадтық) өмірдің ерекшелігі. 1. Еркін өмір сүру, яғни, негізінен экономикалық және әлеуметтік дербес, шағын топпен өмір сүруі. Оның себебі: мал, тамақ, киім, үй, көлік, отын да болып, ең негізгі қажеттіліктердің бәрін қамтамсыз етеді. 2. Көшпелі қазақ елі еуразиялық кеңістікте ақпараттық рөл атқарды, көрші отырықшы елдердің жақсы жақтарын, жетістіктерін бір-біріне жеткізіп отырды. Мысалы, Жібек жолы, оның үш бағыты: Сібір, Батыс, Оңтүстік. 3. Отырықшы елдердің идеологиялық-саяси тұйықтыққа ұмытылуын бұзып, іштен іріген елдерді жаулап, жаңа жолға итермелеп отырды. 4. Көшпенділер тек ақпараттық рөл атқармай, жаңа идея, жаңа бағыт ұсынды. Оны ежелгі зороастризмді Иран, Ирак жеріне алып келген «түйелі адам» ұғымынан, тәңірге табынудың конфуцийліктің аспанға сенуіне ұқсастығынан байқаймыз. Дін - өнегеліктің көзі десек, көшпелілердің этиканы сақтап дамытудағы ерекше рөлін байқамыз. Алғашқы иудаизм де, ислам діні де көшпелілерден шыққандығы тарихи дәлелденген. Бұған Қорқыт, Асанқайғы ізденістері, Абайдың «Адам бол» талабы да куә. 5. Көшпелілер табиғатқа жақын болғандықтан, реалистік ойлауға икемді, отырықшы елдер секілді бір мифологияны ұзақ ұстану оларға тән емес. Анарыс, Фараби ғылымның бастауы саналатын логиканы, нақты ойлауды жетілдіруде атаулы рөл атқарғаны да тарихтан белгілі. Олардың табиғатқа жақындығы балаға тән мейірімандылықты, бәсекешілдікті, жерді қорғаудағы жаугершілік мінезді сақтауға әкелді.

Халық эпостары, ертегілер, аңыздар, лирикалық-тұрмыстық поэмалар, мақал-мәтелдер, адамның табиғи және әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайларын, ізгілік мақсаттарын танып білуге мүмкіндік берді. Рухани және материалдық ескерткіштерді зерттеу — халқымыздың танымдық, адамгершілік-тәрбие және дүниеге деген көзқарастық ерекшелігін білуге көмектеседі. Қазақтың мақал-мәтелдерін алайық. Олардың әрқайсысын философиялық афоризм (түйінді ой) деуге болады, олар арқилы дәуірдің ауыр сынынан өткен, жан-жақты шындалған. Айталық: «көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың», «Көп көрген біле ме, көп жасаған біле ме?», «Өнер алды - қызыл тіл», «Сөз - өмір, сөйлеу - өнер», «Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады», «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас», «Ат шаппайды, бап шабады», «Байлық қолдың кірі, жусаң кетеді», т. б.

Ақыл-ой, әдет-ғұрып адамның өскен ортасына байланысты. «Көлде жүзген қоңыр қаз, қыр қадірін не білсін» деген қанатты сөздер мақал-мәтелдердің саны мен сапасына, философиялық ойлардың қалыптасуына әсер етті. Қазақ «тоқсан сөздің - тобықтай түйіні бар» деп ұққан, практикалық философия саласында ерекше жетілген халықтың бірі. Қазақ халқының рухани қазынасы - ауыз әдебиеті. Фольклор, тұрмыс-салттық жырлар, жан-жануарларға, табиғатқа, батырларға арналған толғаулар, философиялық дүниетанымға қатысты мән-мағынаны ой- парасат арқылы ашу. «Алпамыс батыр», «Қобыланды» «Ер Тарғын» сияқты қазақтың эпостық шығармаларындағы негізгі ой мен мұраты — ел тәуелсіздігін аңсау, елге қорған болған батырларды жырлаумен бірге, ғашықтық жырлары («Қозы-Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман - Шолпан»), тарихи жырлар, шешендік сөздер, термелер, қара өлеңдер, аңыздар, т. б. қазақ халқында өте көп.

Қазақ халқының діни көзқарасы да әрқилы. Қазақ даласына ислам діні IX ғасырда келе бастады. Ол - араб халифатының Орта Азияны, Қазақ жерін жаулап алуына байланысты болды. Әскермен бірге араб миссионерлері - діни ілімді таратушылар, саудагерлер келе бастады. Олар Сунақ Сауран, Яссы, Отырар, Талас (Тараз), Баласағұн қалаларының тұрғындарына айналды, жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, қазақ болып кетті. Қожалар молдалық жасап ел аралап, балаларды сүндетке отырғызып, мектептер ашып, дінді уағыздады.

Ислам дінінің тұрақталуына бөгет жасаған – көшпелі тұрмыс. Мал соңында жүрген қазақ үшін бес мезгіл дәрет алып, намаз оқу, мешіт соғып бала оқыту қиынға түсті. Сондықтан олар ескі қорымдарға, ұсталық дүкендерге, далада өскен ағаштарға шүберек байлап, Әулие басына түнеп, садақа беріп, тәңірлік дінге сиынуын тоқтатпады. Ел арасында науқасқа бақсы-балгерлер шақырылып, олар түрлі емдік әрекеттер жасап, адамның ауруын қуыршаққа аударып, әртүрлі жараларға «бәдік» оқып сауықтырмақ болды. Құмалақ ашу, көкке қол жайып, тілек айту, аспан денелері - Айға, жұлдызға, Күнге табыну, отқа сиыну, күл шашу не оны баспау, үкінің қауырсынын тақияға, домбыраға, кілемге, ботаға тағу, жыртқыштың тырнағын бесікке ілу, үйге қарай жүгірмеу, иттің ұлығанынан қорқу, әйелдердің шашын жалбыратып жүруіне тыйым салу, т. б. ырымдар мен нанымдар исламға дейінгі ескі шаман дінінің қалдықтары. Ертедегі адамдар көзден, тілден қорыққан. Қазақ бұлардың бәрін ислам дінімен қабат ұстанған, оларды тіпті бөліп-ашып қарамаған.

Қазақ имандылықты сүйген, үлкендерді сыйлаған, әйелдер мен қыздар ер адамның жолын кеспеген, үлкендерге иіліп сәлем берген. Жастар үлкендердің қолына су құйып, сүлгі-орамал ұсынып батасын алған, ас қайырғанда игі тілек айтып, алғысын білдірген. Ел ішінде ата-анасын, жесірлерін, жетім балаларын тентіретіп жібермеген. Темекі, арақ-шарап ішу, карта ойнау қазақ арасында кейін кірген жағымсыз әдеттер, ол отаршылықтың салдары. Имандылық руханилық тәрбиемен, философиялық көзқарастармен бекітіліп отырған. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Шалқайғанға шалқай, төбең көкке жеткенше, еңкейгенге еңкей, басың жерге тигенше» деп өскен еркін қазақ. Қазақта «жылан жылы жылыс болады, жылқы жылы ырыс болады», «Ағаш тамырымен көгереді», «Ажал келмесе - шыбын да өлмес»- дейді. Ал тіршіліктің өткіншілігі, мәңгі емес екені былай айтылады: «Ағаштың басын құрт жейді, адамның басы - тәңірдің тасы», «Адам — адамға қонақ, жан — кеудеге қонақ». Адамның ішкі дүниесіне, рухына байланысты қанағат, ар-ождан, пейіл, намыс ұғымдары қаралады. Мысалы, қанағат ету — жетіспеушілікке төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, құнықтанудан бас тарту, сондықтан халық «адамды қанағат аздырмайды» дейді.

Қазақ халқының материалдық байлығы да жеткілікті. Ол халық болып «қазақ» атауын алғанға дейін де еуразиялық дала кеңістігінде тұрақты өмір сүріп, өз жеріндегі өткен мәдениеттің бәрінің жетістігіне, ата-бабалардың рухани және материалдық табыстарына ие болған, солардың бірден-бір тікелей ұрпағы. Сондықтан, қазақ тарихын Андронов мәдениеті заманы, үйсін мен қаңлы мемлекеті, түрк қағанатынан, т. б. бастаған жөн. Осы ретте оның өзіндік жазуы, қалалары, билік жүйесі болған деу әбден заңды. Соңғы деректерге қарағанда Қазақстан жерінің тұрғындары алғашқылардың бірі болып металл, соның ішінде темірді балқытуды үйренген, жылқыны ауыздақтаған. Отаршылық қысымнан енді ғана арылған еліміз, әлі де көп археологиялық, этнографиялық, т. б. зерттеулерге зәру. Рухани байлық елдің есінде қалайда сақталмаса, ал материалдық мұралардың сақталуы қиын. Бірақ, солардың көрнектілерінің өзі де қазақтың дүниеге деген түсінігін айқын көрсете алады.

Қытымыр аяздан, шілденің аптап ыстығынан қорғайтын, тез жинап, тұрғыза қоятын баспанаға киіз үй өте сай келеді. Дөңгеленген сыртқы пішіні қатты желге орнықты болса, туырлықтар жауыннан (қардан) кейін тез кебеді. Шаңырақ — шеңбер тәрізді шабығынан және күлдіреуіштен тұрады. Оның төбесінен жабылатын түндіктің жартылай ашық тұруы, бір жағынан қажеттілік — жарық түсетін терезе, түтін шығатын мұржа, таза ауа кіретін тесік, ал екіншіден — шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке жол көрсетеді. Киіз үйге жоғарыдан төмен қарасақ, шаңырақ - күнге, ал уық, керегелер — оның сәулесіне ұқсас. Халық санасындағы пәни өмірден нұр жауып тұрған аспанға ұмытылу идеясы, киіз үй құрылысынан өз көрінісін табады. Киіз үй қазақтың уақыт пен кеңістікті игеруінің құралы болды. Уақыт өлшемдері негізінен «атшаптарым», «ет асым», «сүт пісірім» деп беріледі, ал ол күн сәулесінің уақытпен жылжуына сүйенеді. Киіз үйдегі шаңырақтан түскен күн сәулесінің уық аралығынан

өтуі $360^\circ =$ қа байланысты болса, уық саны 45, 60, 72, 90, 120 градус болып, қалдықсыз бөлінеді. Өрбір уықтың 5 градусқа, ал $360:5=72$. Шамамен күн сәулесі екі уықтың арасын 20 м, үш уықтың арасын 40 м өтеді немесе $360:120=3$ бие сауым мерзімі болады. Қазақ халқының киіз үйі соңғы мыңжылдықтарда ешқандай өзгеріске ұшырамаған. Сонда киіз үй қай заманда келген? Қонақ күту, дастархан басында ретпен отыру, етті мүшелеп, әр сүйекті мағыналай бөлу, бас беру кәдесі де ерте заманнан келе жатыр.

Қазақ халқының ойлау жүйесінің ең жоғарғы сатысы — философиялық дүниетанымы, ең ауқымды ұғым — дүние. Бұл ұғым болмыс, әлем ұғымына қарағанда көбірек қолданылады, мағынасы да өте бай. *Дүние* сөзі араб тілінен аударғанда:

1. Бүкіл әлем, ғарыш, табиғат немесе болмыс.

2. Дүниені — тіршілік немесе жарық дүние деп білу, тану. Дүние - құбылмалы, өзгермелі, опасыз, қайырымсыз. Дүниеде келу де, кету де бар. «Дүние кезек, терме — тезек», «Опасыз дүние — түлкі құйрық». Бұл мағынада оған о дүние, мәңгілік қарсы қойлады.

3. «Дүнием түгел» деген ұғым — бәрі өз орында, бәрі өз ретімен істеліп жатыр дегенді білдіреді.

4. «Дүниенің тұтқасын ұстау» деген ұғым — ретін, есебін тапқан және де қолына билік тиген адамдар туралы айтылады. Жалаң күш, әлсіз білім - дүниенің тұтқасына жеткізбейді.

5. Күнделікті дүниетанымда «дүние» деп зат, мүлік, жиһаз, байлықты айтады.

Бұл әрине, тіршілікте немесе көркем әдебиетте кешірімді, ал философияда «дүние» ұғымын дәл қолдану керек.

Қазақ жерінде дүние туралы жүйелі философиялық ой-пікір айтқан данышпандар жетіп жатыр. Қорқыт ата, әл-Фараби (Оңтүстік Қазақстан жерінде Отырарда дүниеге келген. Ол ұрпақтарына 160-тай философиялық трактат жазып қалдырған), Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Қожа Иассауи, қазақ философиясының қайнар көзі болды.

Қорқыт ата деген данышпан философ VIII–IX ғ өмір сүрген. Ол бүгінгі Қызылорданың Қармақшы жерінде туып өскен. Қорқыт – түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, дарынды күйші, сазгер, жыраулық өнердің атасы.

Қорқыт ата жиырма жасқа жеткенде, түс көріп, түсіндегі ақ киімді кісі: «қырықтан артық өмір сүрмейсің» - деген соң түйеге мініп, өлмейтін жер іздеп дүниенің төртбұрышын аралайды. Жолында кездескен бір кездегі көк майса жер «қурап солдым» десе, аспанмен таласқан асқар таулар «бұрын сәулетті едік, енді мыжырайып үгіліп біттік» деп мұңаяды. Аңыз бойынша, Қорқыт қайда барса да, қазылған қабірге тап болады. Кімнің қабірі деген сұраққа: «Қорқыттың қабірі» деген жауап алады. Ол барлық жан-жануарлардың, орман-тоғайдың да түбінде қартайып өлетінін аңғарады. Оның өлмейтін ешнәрсе жоқ деп, өлімді музыкамен жеңбекке ұмтылуында үлкен философиялық мән бар. Ол қолына қобыз алып, өлмей, өшпей түрлі халықтың есінде сақталған неше түрлі күйлер шығарды. Қорқыт ата айтыпты деген мақал-мәтелдер көп: «Ескі мамық бөз болмас, кәрі дұшпан дос болмас», «Шөлді жердің отын киік білер, сулы жердің қадірін құлан біледі», «Төкаппарлықты тәңір сүймес», «Көңілі пасық ерде дәулет болмас», « Ұл атаның ері, екі көзінің бірі», «Жалған сөз бұл дүниеде болғанша болмағаны игі». Қорқыт айтқан болжамдардың бәрі өмірде орындалып отырған. Сондықтан Қорқыт атаның өнегелі нақыл сөздерін халық соңына дейін ұйып тыңдаған.

Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) қазіргі Жамбыл облысында өмір сүрген. Ол араб әріпімен түркі тілінде жазған, ақын әрі философ. Ақынның негізгі дастаны - «Құтадғұ білік» («Құтты білік») (1069 ж.) деп аталады. Бұл дастанды саясат, мемлекет басқару, әскери іс жөніндегі философиялық трактат десе де болады. Адам баласының қадір-қасиеті, білім мен ақыл деп дүниеқоңыздықтан, жамандықтан аулақ болуға шақырды.

«Құтты білігінде», төрт кейіпкер бар: Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат. Күнтұды бек-әділет, Айтолды уәзір-бақыт, Өгдүлміш уәзірдің баласы — ақыл-ой, Одғұрмыш уәзірдің бауыры- қанағат бейнесінде беріледі. Әңгіме осы төрт кейіпкердің сұрақ жауаптары арқылы дамиды.

Негізгі пікірлері әділеттілік, бақыт, ақыл-сана, қанағат туралы диалогтармен беріледі. Одан басқа да көптеген рубайлар жазған. Шығармаларының поэзиялық көркемдік жағы жоғары, философиялық толғаулары терең. Ол адамдарды — адамгершілікке, тазалыққа, адалдыққа шақырған. Жүсіп Баласағұни: «Біліп сөйле, білмегенге үйрет», «Білім - жарығын шашып тұрған нұр», «Кірді сумен жуады, су кірлесе оны немен жуады» дегендей ұлағатты өсиеттер қалдырған. Ойшыл, ғалым, білімпаз ақынның кітабы ақыл - өсиет, өнеге-уағыз түрінде жазылған. Баласағұн осы кітабы арқылы Хас Хажып (сарай министірі) атағын алған.

Махмұт Қашқари (XI ғ.). Оның негізгі еңбегі «Диуани лұғат ат-түрік» (түрік тілдерінің жинағы). Тұрмыс-салт жырлары, түркі халықтарының фольклор жанрларының ең көне түрлері жиі кездеседі. Мұнда көшпенділерге тән төрт түлік мал туралы, ерте замандағы адамдардың дүниетанымын, тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тотемдік түсініктерін танып - білеміз.

Махмұт Қашқари еңбегінің құндылығы — ондағы орта ғасыр түркілер өлең-жырларының бар болуы. Ерлік жырларының тақырып- мазмұны, суреттеу тәсілі жағынан қазақ эпос-жырларына ұқсас. Онда сопылық поэзияға тән көзқарастар, дүние жимай ақыл білім жинауға, өмірдің мәнін түсініп, оның бәрі өткінші кететінін ұғынуға шақырады. Махмұт Қашқари: «Жасауы мол келіннің күйеуі жуас болады», «Көзден алыстаса, көңілден де алыстар», «Құс тұзаққа жем үшін ілінер», «Берекесіздіктен құт қашар».

Ахмет Қожа Иассауи (1094-1167 жж.) - ақын, ойшыл. Сопылық бағытты ұстанған әулие дәрежесінде құрметтеп, халқымыз оны «Әзірет Сұлтан» деп атаған. Оның басты еңбегі - «Диуани Хикмет». Бұл кітабында қазақ халқының ежелгі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына этнографиясына қатысы бар көптеген құнды мәліметтер табылды. Бұл еңбек халқымыздың дүниетанымын кеңейтерлік біршама рөл атқарды. Оның есімі бүкіл араб елдеріне кеңінен танымал, әрі беделі орасан зор болды. Сондықтан Әмір Темір ол кісінің жерленген жеріне арада екі ғасыр өткенде дүниежүзілік маңызы бар Түркістан кесенесін орнатты. Иассауи еңбегінде бұқара халыққа үстемдік құрған хандардың, бектердің қазылардың қарамдық істерін әшкерлеп сынайды, фанидің жалғандығын айтады. Діни адамдардың Құдайдың атын жамылып, бас пайдасын ойлап, кемтарларды ұмытып, елді алдап, байлыққа құныққанын көріп, түңіледі. Ол өзін олардан аулақ ұстап, пайғамбар жасына келгенде қалған өмірін жер астында өткізді деген аңыз да бар. Алла тағалаға адал берілгенін дәлелдеп, дүние қызығынан безіп, софылыққа (аскетизм) ден қояды.

Келесі аты аңызға айналған тұлғалардың бірі XV ғасырдағы алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің ақылшысы болған ақын, философ, — **Асан Қайғы** (XV ғ.) атанып кеткен - Хасен Сәбитұлы. Оны Шоқан: «Көшпелі ноғай, қазақ ұлысының философы» деп атады.

Қазақ ордасының құрылу барысында жаңа мемлекетті жақтаушы және насихаттаушысы болды. Оның жыр-толғауларының түйіні, хандық билікті нығайту, елді қорғау, туыстас руларды бір жерге бағынатын мемлекет құруға арналды.

Батыс Қазақстан жерінде өмір сүрген Асан Қайғы, Жәнібек ханның халыққа қысым жасаушы билігінен қашып, елдің көшіп жүрген тұрмысына қанағаттанбай, ренжиді. Желмаяға мініп әлемді, кең дүниені аралайды. Халыққа қолайлы көп жерді көреді. «Жерұйық» оның орындалмаған арманы. «Жерұйық» — қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған, ел аласы, ру таласы жоқ, қойны құт, суы сүт жер. Бірақ ол оны ешжерден таба алмай қайғырады.

Мұхамед Хайдардың (1499-1559) «Тарих и Рашиди» еңбегінде адамгершілік, әлем, дүние өз замандастары туралы дәлелді деректердің негізінде

мазмұны мәнді, философиялық тұжырымдар жасап, қазақ хандығының қалыптасу кезеңін баяндай отырып, оның халықтық мемлекет болуына, ұлтымыздың қазақ ретінде қалыптасу барысында өмір сүріп, қоғамдық ойдың дамуына ұлттық философиялық білімнің қалыптасуына ат салысты.

Бұхар жырау (1684-1781жж.) — қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі. Абылай ханның кеңесшісі. Хан оның айтқан кеңесіне құлақ салып отырған. Ол қазақ мемлекетінің саяси тарихындағы белгілі оқиғаларды баяндайды. Оның өлеңдерінен сол кездегі халықтың салт-санасын, ой-өрісін, тілек-мақсатын, қайғы-қасіретін, қауынш-сүйінішін жырлағанын білеміз. Ол алауыздық — келіспеушілікпен бірбеткейліктің нәтижесі екендігін айтады. Жер бетінен жойылып кеткен жоңғар мемлекетінің тағдырын Бұхар жырау мысал етеді. Жырау дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ екендігін, өмір күнделікті өзгерістерге ұшырап отыратынын атап көрсетті. Мұндай өзгерістер тұрмыста ғана емес, адамды қоршаған ортада, табиғатта да жүріп жатады. Бұхар жырау шығармалары нақыл сөздер, мен философиялық ой-толғауларға толы, ол өз заманының көкейтесті мәселелерін көтерген отырған азамат ақын болды.

Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560) — барлық қазақ жырауының атасы деуге де болады. Ол ел билеушінің опасыздығын, қара басының қамы үшін бүкіл халықты сатып жіберуге баратынын бетіне айтып, сені хан көтерген халық еді, асып-таспа, халықтан қол үзбе, «көп қорқытады, терең батырады» - деген өзекті ақыл кеңестер айтты.

Шалкиіз-шығармаларында философиялық толғау көбірек орын алған. Қиынан қиыстыру, нақтылық сонымен қатар, ойларындағы тереңдік оның шығармаларына тән. «Көп түкірсе — көл» деп жауға айбар, елге қорған болатын бірлікке шақырады

XIX ғасырда қазақ жеріндегі феодалдар, дін иелері халықтың санасын революция идеологиясынан алшақ ұстады. Қазақ жерінде прогрессивтік қоғамдық-саяси, философиялық ой-пікірлер, осы идеологияға қарсы күресте туып, шынығып қалыптасты. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде болған үлкен өзгеріс, қазақ ханы Абылхайырдың қазақ елінің Ресейге қосуы, сол кезде Ресейде болған оқиғалармен тығыз байланысты. Олар:

1. 1861 жылы Басыбайлылық хұқығы жойылғанынан кейін, Патша өкіметінің Ресей шаруаларын қазақтың жеріне орналастыра бастауы.

2. Ресей отаршылық саясатының арқасында Батыс Еуропа секілді империализм сатысына көшуі.

3. Ресейдің орталық аймақтарындағы революциялық қозғалыстары шет аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болуына себеп болуы.

4. Қазақ жеріндегі қоғамдық объективті жағдайлар, алдыңғы қатарлы ойшыл-ақындар мен қоғам қайраткерлерінің шығуына алып келді.

Орыстың отаршылдық саясатына ашық наразылық білдірушілер «Зар заман» ақындары деп аталды. Олар: **Дулат Бабатайұлы (1802-1871), Шортанбай Канайұлы (1818-1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906)**. Бұлар өз өлеңдерінде Қазақ елінің Ресейге қосылуы нәтижесінде болған жаңалықтарды қабылдамай, өткен заманды «алтын заман» деп атады. Өз заманындағы кейбір жексұрын мінездерді, бай мен болмыстың, қожа мен молданың озбырлықтарын, кедей шаруаның ауыр халін реалистік тұрғыдан суреттеді.

Оларды ойландырған мына мәселелер:

1. Ел тағдыры.
2. Отаршылық бұғауынан құтылу.
3. Тәуелсіз мемлекет құру, яғни Патшаның қазақ жерін өз меншігіне айналдырудан арылу.
4. Тарихи жер-су аттарын өзгертуге, оларды орысша атауға қарсылық.

5. Отаршылықтың тағы бір түрі — халық намысына тию, яғни қазақтарды «киргиз» немесе буратана, тіпті дала адамы (степняк) деп, халықты біржолата өз атынан айырмақ болуына қарсы тұру.

6. Жергілікті халық екі түрлі қыспақта болды: отаршылық пен жергілікті үстем тап езгісін - тоқтатуға ат салысу.

Сол себепті, көп уақыт бойы олардың аттары аталмай, шығармалары тарихтан бетінен алынып тасталды, олар Ресейге қарсы болған кертартпа идеология деп қаралды. Тікелей осының әсерінен, қазақ жерінде, әр кезде, жер-жерде ұлзаттық көтерілістер болып жатты. Оларды: **Сырым Датов, Исатай Тайманов, Кенесары Қасымов, Жанқожа Нұрмұхамедов**, т.б. басқарды. Бұл көтерілістерді патша өкіметі арнайы әскер жіберіп басып тастап отырды. Патша өкіметі оларды қарақшылар деп атаса, жергілікті халық «батыр» деп дәріптеді. Кеңес өкіметі қазақ халқының отаршылыққа қарсы күресін орыс халқына қарсы күрес, реакцияшыл (кертартпа) қозғалыс деп, дұрыс баға бере алмады. Тек қазақтың тәуелсіз мемлекетінің пайда болуына байланысты кеткен қателіктер жөнделе бастады.

Ресейдің басқа ұлт аймақтарында сияқты қазақ жерінде де білімге, прогреске ұмытылған алдыңғы қатарлы ойшылдар болды. Бұлар: **Шоқан Уәлиханов (1835-1865), Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), Абай Құнанбаев (1845-1904)**, т.б. Оларды революционер-демократ, утопист деуге болмайды. Оның себебі: олар өмірді өзгерту үшін революция жасауға шақырған жоқ, социализм орнатуды армандамады. Осының нәтижесінде, олар ағартушы-демократ ретінде тарихтан орын алды.

Қазақ жеріндегі XIX ғ. қоғамдық-саяси және философиялық ой-пікірдің өкілі - қазақтың тұңғыш ресми ғалымы, көрнекті ұлы **Ш. Уәлиханов** (шын аты Мұхаммед - Ханафия), ағартушы-демократ. Ол: ориенталист (шығыстың тілі мен мәдениетін зерттеуші ғалым), этнограф (қоғамдық ғылымның тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы), фольклорист (халық ауыз әдебиетін зерттеуші, жинаушы), географ және тарихшы. Абылай ханның Шыңғыс деген ұлының баласы. Шыңғыс Құсмұрында (Көкшетеу облысы, Воладар ауданы) аға сұлтан болған, Шоқан осы жерде туған. Алғашқы білімін қазақ мектебінде алып, арабша хат таныды. 1847 жылы Омбыдағы Кадет корпусына түсіп, оны 1853 жылы бітірді. Ол өзімен бірге оқитын Потанинмен достығының арқасында прогресшіл тұлғалармен танысты, солардың ықпалымен ой-өрісі кеңіп дамыды. 1854 жылы Батыс Сібір мен Қазақстанның Солтүстік-батыс аймағын басқарған Генерал Г. Х. Гасфорттың адъютанты болды. Ол сол кезден бастап ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысты.

1855 жылдан бастап Семей, Іле, Ыстық көл, Жетісу жерлерін зерттеген әскери-ғылыми экспедицияның құрамында болды. Онда осы өлкелердің өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, халықтың тарихын, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиетін зерттеді. Әрбір халықтың ерекшелігін бейнелейтін суреттер салды. «Ыстық көл сапарының күнделігі» деген ғылыми еңбек шығарады. 1856 жылы Қытайдағы Құлжа қаласына жасаған 3 айлық сапардың нәтижесінде «Құлжа қаласы» деген еңбек жазды. 1857 жылы 27 ақпанында «Орыс географиялық қоғамының» толық мүшесі болып сайланды.

1858 жылғы 1 қазаннан 1859 жылғы 11 наурызға дейін «Әлімбай» деген жасырын атпен Шығысты зерттеу үшін ұйымдастырылған сауда керуенімен Қашғарияға (Қытай) аттанды. Онда елдің саяси құрылымын, табиғатын, халықтың кәсібін, әдет-ғұрпын зерттеген материалдар жинады. Бұл еңбектері үшін Омбыдан Петербургке шақырылды. 1861 жылы ол науқасы меңдеп, елге қайтты. 1864 жылы Ресейге қосу үшін Ташкентке бағыталған М. Г. Черняевтың әскери отрядына шақырылды. Бұл жорықта Әулие- Ата, Шымкент маңындағы жергілікті бейбіт халықтың қанын төгіп, үйлерін қиратып өртегеніне наразылық білдіріп, армияны тастап кетті. Алматы облысындағы Алтынемел жотасының етегіндегі Тезек төренің еліне барады. Осы жерде 1865 жылы дүние салды.

Қоғамдық өмірді түсіндіруде ол идеалистік көзқараста болды. Ғылым мен ағартудың арқасында қоғамды өзгертіп, прогреске жетуге болатынына сенді. Әлеуметтік бақытсыздықтың себебін жаппай сауатсыздықтан іздеді, «Әділетті басшы» идеясын жақтады. Мәдениет дәрежесінің экономикаға тәуелділігі жайлы ойлары болғанымен, ағартушылық позициясын ұстанды. Адамның көзқарасы, мінезі, әдет-ғұрпы, сыртқы ортаға, әлеуметтік және географиялық (табиғи) жағдайларға, климатқа, топыраққа байланысты деп, қоғам өміріндегі географиялық ортаның рөлін бағалады.

Оның дүниетанымдық көзқарасы көп жағдайда, материалистік көзқарасқа жақын келеді. Материя мен сананың арақатысын материалистік тұрғыдан шешті. Мәңгілік, шексіздік идеяларының негіздерін дамытты. Дін түрлерінің ішінде ислам мен христандыққа қарағанда буддизмді «гуманистік ілім» деп бағалады. «Даладағы мұсылмандық туралы» деген еңбегінде Исламды «Қазақтың ойы мен сезіміне кедергі жасайды, орта ғасырлық қараңғылықты уағыздайды, орыс мәдениетінен бездіреді» - деп жазды. Қазақ халқының прогреске жетуі үшін ислам дінін таратушы татар молдалардан құтылу, ислам дінінің ықпалынан халықты босату, қазақ жерінде орыс мектептерін ашып, қазақтарды оқытуды ұсынды. Жалпы алғанда, оның дүниетанымы, шығармашылық мұрасы мен практикалық іс-әрекеті Орта Азия мен Қазақстанның рухани қалыптасуы жолындағы үлкен белес болып табылады.

Ыбрай Алтынсарин. Торғай жерінде 1841 дүниеге келді. Әкесі қайтыс болып, жастайынан жетім қалады да, атасы Балқожа бидің қолында тәрбиеленеді. 1850-1857 жылдары Орынбор Шекара Комиссиясының қазақ балалары үшін ашылған мектебін бітірді. Ыбрай осы өлкеде айдауда жүрген орыс зиялыларымен таныс болды. Шығыс зерттеушісі В. Григорьевтен дәріс алды. Ал елге қайтқан соң қаржы жинап, мектеп ашты. Мектеп ашуды қазақ балаларының білім алып, өз халқына қызмет етуіне мүмкіндік жасау деп түсінді. Ағарту саласында оған басшылық еткен Қазан Университетінің профессоры, миссионер — Н.И.Ильинский болды. Ол орыс алфавитімен жазылған, оқу құралын жазуды ұсынды. 1879 ж төрт тараудан тұратын «Қырғыз хрестоматиясын», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазды. Сегіз тараулық оқу кітабында: зат есім, сын есім, үстеу мен жалғау, етістік ұғымдарын тұңғыш енгізіп, талдап көрсетті. Оқулық осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Оның тікелей араласуымен мектеп-интернаттар, училищелер және кітапханалар ашылды. Ыбрай, надандыққа, сауатсыздыққа қарсы болып, халықты еңбекке, білімге шақырады. Оның шығармалары: «Надандық», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Лұқпан Хәкім», «Қыпшақ Сейтқұл» және «Асан мен Үсен». Ыбрай еңбектерінде халықты егін салумен айналасуға, өнеркәсіпті дамытуға және білім алуға шақырады.

Қоғамдық-саяси және философиялық көзқарасында утопиялық түсініктер басым болды. Материалдық өндірістің қоғам өміріндегі шешуі күш ретіндегі орнын түсінбеді. Мәселені шешу кілті оқуда, ағарту ісінде деп санады. Білім мәселесінде мектептегі діни-схоластикалық оқуға қарсы болды. Білімнің өзін ол заттар мен табиғи құбылыстар туралы ілім деп есептеді. Білім көзі ғажайып рухқа сенуде емес, табиғи әлемде, сондықтан білім ғажайып жол. Ол Құдай арқылы емес, адамның қабілеті мен еңбегінің арқасында жиналады дегенді ұстанды. Табиғат қатынастарын түсіндіруде стихиялық материалистік көзқараста болды. Тәжірибелік тұрғыдан танып-білу қажеттілігін атап көрсетеді.

Алтынсарин дүниеден қайтқанша, миссионерлікпен ашық күресіне күмән келтірушілер болды. Миссионер – мемлекет тарапынан қолдау тауып, бөтен діндерді уағыздаушы, таратушы. Миссионерлік қызмет атқару - экономикасы төмен, білімнен кенжелеп қалған, дамымаған елдерде христиан дінін насихаттау арқылы патшаның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесу. Ол мұндай отаршылық саясатқа қарсы болды. Мысалы, Красноуфимскідегі ауылшаруашылық мектебінде қазақ балаларына шошқа бақтыру, шошқа етін беру, орыс оқулықтарымен бірге насихат

жүргізу фактілерін естіп, қатты наразылық білдірді, инспектор ретінде тікелей барып шара қолданды. Тарих пен қоғамдық құбылыстар, қоғамды өзгерту жолдары туралы мәселеде Алтынсарин ғылым мен ағартушылыққа, олардың ерекше күшіне сенім білдіреді.

Абай Құнанбаев. — қазақтың ұлы ақыны, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы гуманист, ойшыл, философ, қоғам қайраткері әрі сазгер. Абай басқа философтар секілді әдейілеп философиялық трактаттар жазбағанымен. Бірақ, оның өлеңдері мен қара сөздері философиялық салиқалы ойларға, терең мағыналы толғауларға толы. Ол философиялық ойдың заңғар биігіне арнайы оқудан емес, өмір мен болмысты тоқу арқылы жеткен табиғаттың өзі тудырған ғұлама.

Абай қазіргі Шыңғыстау бауырында Жиделі қыстауында дүниеге келді. Ол орысша сауатын ашады. Ол шығыстың ұлы ғұламалары — Фирдоуси Абул Қасым, Низами Ганджев және Ильяс Юсуф-оглының шығармаларымен танысып, оны көңіліне тоқыды. Шығармалары өлең түрінде жазылған, 45 қара сөзі (ғаклиясы) де бар. Абай қазақ фольклорын жетік меңгерді. Абайдың қоғамдық-саяси және философиялық ой-пікірлерінің негізіне: қазақ халқының әлеуметтік деңгейі, тұрмысындағы кемшіліктері, эстетикалық мәселелер, өнерді, білімді игеру, еңбекке баулу, өзбектер мен татарлар секілді белсенді саудаға араласу, дүниетанымында - Құдай мен Табиғат, Адам мен Құдірет, Жан мен Тән, Өмір мен Өлім мәселелері қойылды.

Осы мәселелерге прогресшіл тұрғыдан жауап іздеді. Бір жағынан, дүниенің объективтік заңдылығының бар екенін мойындады, ғылымды меңгеруге, дүниені түсінуге шақырды. Ол «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей» - деген өлеңінде «мал» деген ұғымды, былай пайдаланады: «жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, малың болса сыйламай тұра алмас ел» - деп ақыл айтады. Мұндағы «мал» дегені — нақпа-нақ сиыр, жылқы немесе қой емес, жалпылама байлық, «меншік» болып отыр. Қазақ үшін «мал» - байлықтың, барлықтың жалпылама көрсеткіші. «Мал» ұғымын экономикалық мәнде қолданудың негізі бар. «Мал» араб тілінде — меншік, капитал деген ұғымды білдіреді. Олай болса мал табу — ақыл-ойдың нәтижесі. Мал тапқан адам - ақылды тапқаны. Бұл адамдық, адалдық жол. Көкірегі ояу, саналы жұрт осы жолмен жүруі керек.

Танып-білу құмарлығы туралы отыз екінші сөзінде, дүние тану сатыларын былай белгілейді:

1. Білу үшін ынтық болу, білуді дәулет көру;
2. Білгеніңді жадында ұстап, тағы да жаңа білім алуға ұмтылу;
3. Білгеніңді жақсы ұғып, оның анық суретін іште, санада жайғастырып қою;
4. Білу мен құмарлықты игеру, ақиқатқа ұмтылу. Ақиқатқа көзің жетсе, соны пір тұту, өлсең де айырылмау.

Ол білімнің екі жолын көрсетті: мулахиза - барлық күш қуатыңды білу үшін қызмет етуге жұмылдыру; мухафаза - білгенді сақтау, оны дәріптей білу.

Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде материалистік және идеалистік көзқарастар, ой-пікірлер араласып жатады. Абай - деист. Құдайдың құдіретін тек жарату әрекетімен шектейді. Таным мәселесіне материалистік тұрғыдан қарайды, адамның танымы априорлық (тәжірибесіз ой жорамалдаушы) емес, шындықтың заттары мен құбылыстарының өзін білу, таным көзі объективтік дүние дейді. «Еңбек таным қабілетін дамытады. Елден естігенді санада (жадыда) сақтауға көмектеседі. Еңбек процесінде адам өз білімін ретке келтіреді, керекті білімді керексіз білімнен бөліп, ақылын арттыра түседі» - дейді. Бірақ Абай үшін ақиқаттың критерийі (дәйегі) — сайып келгенде практика емес, ақыл-ойдың өзі болып шығады. «Бұдан көсемсіз ел көгермейді, басшысыз ел азады, жер тозады, берекелі жердің көрікті болашағы басшыға, ел ағасына байланысты, сондай-ақ азаматының қадірін біл» - деген тамаша асыл ойлар туындайды.

Абай өз философиясында, адам болам десең бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ - бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой - бес асылың көнсеңіз деп өсиет айтады. Өсиеттерінің бірі - бірлік: бірлік алды тірлік, бірлік жоқ болса, оның үстіне күндестік қосылса, адамдардың әлеуметтік күйі құлдырап, төмендей беретінін айта келіп: «Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ. Сапырылды байлығың, баққан жылқың» деп жазды. Қоғамдағы бір жағымсыз, зиянды құбылыс - маскүнемділіктің дерт болып жайылып бара жатқандығын көрегендікпен әшкерелейді. «Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі не пайда, не залалды біле алмай жүр». Абай білімсіздіктің, надандықтың, әлеуметтік ауыр жағдайға алып келетіндігін көрсетеді.

Ғылымды әлеуметтік жағдайды жаңартудың құралы ғана емес, прогреске жетудің жолы дейді. Өзінің 17-ші сөзінде ғылымның әлеуметтік рөліне кең әрі терең тоқтап, ақыл, қайрат, жүректі айтыстыра келеді де, ғылымға жүгіндіреді. Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады және қуанғанда не айтып не қойғанын өзі білмей есі шығады, ұялмас нәседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Қазақтың әлеуметтік жағдайының ауырлығын көп зерттеген Абай, одан бүкіл адамзат баласына қатысты қорытындылар шығарады. Адам баласын қор қылатын үш нәрсе: 1. Надандық. 2. Еріншектік. 3. Залымдық деп қорытындылайды. Абай жан-жақты, үйлесімді дамыған адамды қалыптастыруды армандайды. Сондай кісілерден тұратын қоғам ғана әділеттік теңдік орнатады деп үміттенді.

1917 жылы ақпан (февраль) революциясының жеңгенін, ақ патшаның тақтан түскенін естіп, зиялылардың бір тобы «Қазақ» газетінің басшылығымен қазақтың құрылтайын шақырып, онда жалпы ұлт мәселелерін талқылауға даярлық бастады. Бұл мәселелер алдымен облыс орталықтарында талқыланып, шілде айының 21-26 жұлдызында Орынбор қаласында, бірінші жалпы қазақ съезі шақырылды. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 20-дай өкіл қатысты. Съезд барысында мына мәселелер қаралды: мемлекеттің билеу түрі, жер мәселесі, дін, сот мәселесі, халық милициясы, оқу мәселесі, дін мәселесі, әйел теңдігі мәселесі.

Қазақ автономиясы Ресейге кіреді деп алынған қаулыға, уақытша өкімет бастығы Керенский, ешқандай өкімет берілмейді деп жауап берді. Сібір өкіметінің басында тұрған Колчак, 1918 жылы Алаш жойылсын деді. 1917 жылы желтоқсанда 2-ші жалпы қазақ съезі өтті, оның шешімдеріне байланысты мемлекет атрибуттары қалыптаса бастады. Бірақ Совет өкіметі алашорданың прогрессивтік қозғалыс екенін мойындамай, контрреволюциялық өкімет деп жариялады. Отаршылдық бұғаудан құтылу, қазақтың өз алдына тәуелсіз ел болып қалыптасуы үшін, халық санасын ояту мәселелері қойылды, ол «Айқап» журналы арқылы жүргізілді.

Міржақып Дулатов (1885-1935). Алаш елінің келешегін ойлай келіп, 1909 жылы Уфа қаласында Каримов-Хұсайновтар баспасынан жарық көрген, «Оян, қазақ» дастанын жазды. Бұл шығармасы үшін Патша Өкіметі 1913 жылы оны түрмеге отырғызды, ол түрмеден февраль (ақпан) революциясынан кейін ғана босатылды.

Көзіңді аш, оян қазақ.
Көтер басты, өткізбей.
Қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап,
Хал һарам боп, қазағым,
Енді жату жарамасты.

Бұл дастанда халқын бейқамдықтан арылып, бостандыққа ұмтылу жолында көзді ашып, егеменді ел болуға шақырып ой толғады. Оның «Қазақ жеріне» деген өлеңінде:

Қазағым жер қайда атамекен,
Қазақ - қазақ болғалы мекен еткен.

Қазірде бәріңізді қуып шыққан.
Орнына қала салып хохол жеткен.
Шығуға жер өлшеуге землемерлер,
Бұл үшін кеткен бізден жақсы жерлер.
Тәтті шөп, тұщы судың бәрі сонда,
Табатын бұған хайла қайда ерлер.

Осы өлеңде Россияның отаршылдық саясатының негізінде қазақтың кең даласы тарылып, оның халқы жерінен айырылып қалу мүмкіндігін ашына жырлайды. Мұнда елге сүйіспеншілік-патриотизм мәселелерін көтереді. Оның айтқандары сол кездегі қазақ азаматтарының көкейтесті, бостандық тілеген ой-армандары еді. Ол 1916 жылы Ұлт азаттық қозғалысқа алып келді, Алаш өкіметін орнатуға мүмкіндіктер жасады.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937). Ақын, лингвист, түркі әлемін зерттеуші, ғалым, талантты аудармашы. Ол қазақтың Тәуелсіз мемлекет құрып, өндірісті дамытып, қалалар салып, мәдениет ошақтарын ашуын, мектептер мен жоғары оқу орындарының жұмысын жолға қоюын, ұлт интеллигенциясын қалыптастыруын армандады. Байтұрсынов: «Біз кейін қалған халық, алға басып жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін білімді, бай, һәм күшті болуымыз керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деді. Демократиялық мемлекет құру үшін. 1. білім; 2. кәсіптік дайындық; 3. байлық; 4. күштілік; 5. ұлт бірлігін ұсынды. Оның тәуелсіздік туралы осы идеялары әлі өзінің құндылығын жоймағанына, ақыл-парасатымызбен, танымдық сезімімізбен бүгін де қайран қаламыз.

Қазақ халқының тағдыры көп толғандырған азаматтарың бірі — **Сұлтанмахмұт Торайғыров** (1893-1920). Ол үшін Жапондықтар нұсқа саналды, олардың 1863 жылғы мәдзи революциясынан кейінгі уақыттағы жалпы қоғам табыстарын алға қойды. «Бұдан 58 жыл. бұрынғы жапондардың жайы, осы күнгі қазақ жайынан несі артық болды? Қайта жапондарда атадан балаға мирас болып көшіп отыратын дайми (губернатор), шогондер (наместник) болды, ал қазақта болса ондай кесел жоқ. Егер осындай халден жапондықтар 35-40 жылда ержетсе, еуропа қатарына қосылса, біздің солай жылдам жетуіміз үшін тегіс жұмылып үйренуге кірісуіміз керек» деп санады. Мектеп, медресе, газет журналдар мен кітаптар көбейіп ғылым дамыса, одан соң дене азығы мен ар азығы болса дейді. Дене азығы дегеніміз — ғылыми-техникалық прогрестің табыстарын пайдалану. Ар азығы дегеніміз - әділдік. Өзінің талап-тілегі жөнінен Торайғыров бір жағынан Жүсіп Баласағұн, Әбу Насыр әл-Фараби секілді қайырымды қала тұрғындары, әділ әкім халқындағы утопиялық ойды дамытушы. Екіншіден, Жан Жак Руссо, Л. Н. Толстой секілді өркениеттің дамуын көзбен көрген ағартушылар идеясын жалғастырушы, жақтаушы. Жаңа адамзатқа қажетті үйлесімдікті іздеуі — игілікті талап етуі. Ол қоғамдағы әрбір өзгерістен үміткер болған, халқының қолын теңдікке, бостандыққа социализм жеткізеді деп сенген. Социализм ақынның кезекті үміті еді. Бұған дейін ол Алаш партиясының мүшесі, хатшы болған. Тәтті тілек, әрбір жаңалық халқыма жақсылық болып оралса деп бар жан-тәнімен тіледі. «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдарында ғасырдан келе жатқан әлеуметтік теңсіздікті әшкерледі.

Басқа да халқының зиялы өкілдері өз шығармаларында халықтың сана-сезімін ояту, әйел теңдігін жақтау, керенаулықтан құтылуды сөз етті. Мұны С.Көбеевтің «Қалың мал» романы, М. Дулаттың «Бақытсыз Жамал» романы, М. Әуезовтың «Қорғансыздың күні» әңгімесі терең күрсініспен қозғады.

Мағжан Жұмабаев (1843-1938). Мағжан халық ауыз әдебиетінің сюжеттерін пайдалана отырып, халқымыздың бостандығы үшін күрестегі ерліктерін кейінгі ұрпақтарға мирас еткен, сол арқылы халықтың рухани сезімін оятқысы келген. Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасында Қорқыттың адамзат баласы үшін «мәңгілік өмір іздеуі», Мағжанның ел егенмендігі идеясымен сай келеді. Мәңгілік өмірді аңсау — адам жаратылысынан келе жатқан арман. «Көлдің суалғысы, гүлдің

солғысы келмейді». Бұл табиғи шындық. Бостандық аңсаған халық мақсаттарына жетпей қоймайды. Бұл қажеттілік. Ол: «Қорқыт жан күйзелісін, арман шерін қобыз сарынымен білдірсе, мен өлеңмен аңғартамын, соны түсініп жаныңмен ұқ» — деп оқырмандарға кеңес береді. Сондықтан Қорқыт зары ақын мұңымен үндес.

XX ғасырдағы қазақ ойшылдары түрлі философиялық ізденіс жасады. Қазақ халқының қарапайым ой-пікірін алғашқы болып жүйелі философиялық деңгейге көтерген Абайдың немере інісі **Шәкәрім Құдайбердиев** (1858-1931). Ол орыс, араб, парсы, түрік тілдерін тектік білген. Еуропалық қоғамдық ойлармен және орыстың революцияшыл-демократ ойшылдарымен таныс болған. Ол Абайдың қара сөзіндегі ой толғау дәстүрін дамыта отырып, 1898 жылдан 1928 жылға дейін, яғни 30 жыл бойы табанды ізденістің нәтижесінде қазақтың алғашқы жүйелі философиясының жолын салды, «Үш анық» деген еңбегін шығарды.

«Үш анық» деген не?

1. Заттық дүниені ғылыми жолмен тану.
2. Діни ұғымдар, ғажап жағдайларға сену (магнетизм, спиритизм, телепатия).
3. Ұждан, былайша айтқанда ынсап, әділет, мейірім деп оны бөліп, адамның моральдық мәселелерін арнайы қозғайды. Ұжданды орысша — совесть деп атап келіп, Шәкәрім: «Совесть - жанның тірегі», - дейді.

Бірінші аныққа — дүние өздігінен жаралады деген ғалымдардың ой-тұжырымына сүйене отырып, *бес дәлел* келтіреді. **Бірінші дәлел:** «Қайта айналыс жолы» - ол Кант секілді, Жер, Күн, Ай, планеталар бастапқы кезде газ, түтін, жалын сияқты болып, содан кейін салқындап, денелерге айналады және сол қалпында қалмайды, қайтадан, бір-біріне соғысып бөлініп, бөлшектеніп сұйық затқа, одан газ, түтін қалпына келеді. Мәңгі қайталану барысында, әлем, өсімдік, хайуан, адам пайда болатынынын айтады.

Екінші дәлел: «Жаратылыс жолы» - Жаратушы жаратты деген бекер. Бардың барлығы бір заңдылыққа бағынып, бейімделе дамытынын айтады.

Үшінші дәлел - «тұқымдардың жолы», әртүрлі заттардың түрі бірден пайда болған жоқ, олар ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі. Ол философиядағы атом теориясы туралы ой қозғап, оны Демокрит пен Левкип, кейін дамытқан Эпикур мен Лукреций деп, онымен тоқталмайды. Шәкәрім әлгілерге дейін Ион-грек елінің философы Пифагор айтқан, одан да бұрын Финикияның Садда қаласынан шыққан Моско деген болған деп, ғылымда бұған дейін кең тарамаған пікірді ортаға салады

Төртінші дәлел - «дене сезімі жолы». «Бір нәрсені сезіммен білеміз» деп, осы белгілі ғылыми-философиялық таным теориясы, сенсуализмді жақтайды.

Бесінші дәлел - әр түрлілік жолы, ол қоршаған ортаның әр түрлігінде, соған бейімделу қажеттілігінде жатыр.

Екінші анық магнетизм, спиритуализм, телепатия туралы ой қозғайды:

1. *Магнетизм* - оның пікірінше бір адам жан қуатының әсері арқасында басқаларды еріксіз ұйықтатып, әлде басқа істерді істетеді. Бұл белгілі бір ғылыми жаңалық емес, өзімізге таныс ГИПНОЗ, оны халық «көз байлау» дейді.

2. *Спиритуализм* — (лат. Spinitus -рух) рухты материяға қарсы қоятын, оны материядан дербес өмір сүретін ерекше субстанция деп санайтын философиялық көзқарас.. Спиритуализм о дүниеге аруақтарға, солармен тілдесуге болатынына сенетін мистикалық ағым.

3. *Телепатия* — оның пікірінше алыста жүрген «тірі адамның жанымен өз жанын хабарластырып», оған өзіне ұнағанын істете алу. Адамдар ешбір аралық қатынасынсыз жаңа көңіл күй, сезімдердің пайда болуы.

Үшінші анық — ұждан. «Абайдағы - ынсап, әділет, мейірім», үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша - ұждан, орысша - совесть. «Бұл не?» деп өзі қойған сұраққа: ұждан адам жанының басты қасиеті екенін, онсыз жан тірексіз қалатынын, адам адамгершіліктен айырылатынын айтады. «Үш анықтың» алғашқы екеуі анық, рухқа келгенде әлгі екеуіндегідей анықтық жоқ, бірақ ұжданға нана алмаған адамның

жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды. Керісінше, ұзданы сол адамның азығы болса, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды. «Ұжданды ақыл» идеясы Шәкәрімнің философия тарихына қосқан үлкен үлесі.

Ұжданның негізі - әділдік ұғымы. Аспан мен Жер ортасындағы адамның аралық жағдайы, одан, «әділ-қазы» рөлін орындауды талап етеді. Өзара қоғамдық қатынасты былай қойғанда адамға, жоғарғы космостық дәрежедегі жауапкершілік болатын, көп болатын жүйесіздікті реттеуші қызметі жүктеледі.

Ұжданның келесі ұғымы - мейірім. Бұл – ізгілік, қайырым-шапағат, махаббат мағынасындағы, өте ертеден келе жатқан «Адам Адамға дос» деген гуманистік ұғымдардың бірі. Әділет пен Махаббат - барлық діндерде кездесетін, әрі қарастырылатын ортақ мәселе. Өмір мен өлім барлық адамға бірдей болғандықтан, ең керегі имандылық, мейірімділік.

Ұждан - ынсап. Көшпелі өмір сүрген, қанағат қылып үйренген қазақ халқы ынсап деп, ұстамдылық пен қанағатсыздық мәселелеріне көп мән берген. Шәкәрім ынсап ұғымын Сократтағы ұстамдылық мағынасында қолданады, Шәкәрім түсінігінде тұрмыстағы ынсап ішкі рухани дүниедегі қанағаттан туады.

Шәкәрім Пушкиннің «Дубровский», «Метель», ал Шығыс әдебиетінен «Ләйлі-Мәжнүн» шығармаларын аударды. Ұжымдастыру саясатына қарсы болғандықтан, тауға кетіп, сонда тұрды. Бірде ауылға қайтып келе жатқанда Карасартов деген милиция бастығы оны атып кетті.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

Жеңіл деңгей

1. Философияның үш ірі ошағы туралы айтыңыз.

Орташа деңгей

1. Антика заманының философиясы туралы қарастырыңыз.

Күрделі деңгей

1. Ортағасырлар философиялық ойларын түсіндіріңіз.
2. Ренесанс кезеңі философиялық ойының ерекшеліктерін талдаңыз.
3. Жаңа заман философиялық ойларының негіздерін талдаңыз.
4. Неміс классикалық философиясын талдаңыз.
5. ХІХ ғ. философиясының ерекшеліктерін анықтаңыз.
6. ХХ ғасырдағы философиялық мектептер мен негізгі ойларын саралаңыз.
7. Қазақ философиясының ерекшеліктерін атап өтіңіз
8. Заманауи қазақ философиясына сипаттама беріңіз

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Ғабитов Т. Философия. Оқулық. Алматы, «Заң әдебиеті», 2018.
2. Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2- том, Орта ғасыр философиясы: оқулық. Алматы, 2018.- 400 б
3. Темірғалиева Қ.А., Бәкірова А.Т. Философия: оқу құралы. Алматы, 2016.
4. Рысқалиев Т.Х. Философия тарихы:оқулық. Алматы, 2015.
5. Алтаев Ж., Қасабек А. Философия тарихы. Оқулық. Алматы, 2017.
6. Алтаев Ж., Қасабек А. Қазақ философиясы. Оқулық. Алматы, 2017.
7. Хрусталеv Ю. М. Философия:учебник. 2015.

Қосымша:

1. Шадинова Г.А., Көлеген Г.Б. Философия негіздері. Оқу-әдістемелік құрал.– Түркістан: Тұран. 2018.
2. Қоңырбаева К. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. Алматы, 2013
3. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: Әлеуметтік- мәдени негіздер. Монография. Алматы. 2013

4. Дайрабаева Г.Б., Шадинова Г.А. Ақпарат философиясы. Жоғары оқу орындарының магистранттарына арналған лекциялық жинақ. Түркістан, 2018
5. Философияның таңдаулы 25 кітабы Аударм.: Құранбек Ә., Рыскиева А.А. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018

WEB сайттар:

- 1.Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1- том, Орта ғасыр философиясы. Астана, 2018. <http://rmebrk.kz/>
2. Жекебаева М.Ә. Философия. Оқу құралы. Алматы, 2018. <http://rmebrk.kz/>
3. Бондаренко Ю.Я., Зекрист Р.И. Философия. Учебно-методическое пособие. Шымкент, 2019. <http://rmebrk.kz/>
4. Шинтаева Ф.Е., Жуматаева Ж. Основы философии. Москва, 2013. <http://rmebrk.kz/>
5. Горелов А.А. Основы философии. Москва, 2013. <http://rmebrk.kz/>